Методика повышения академической грамотности студентов в рамках международного исследования PISA

Аннотация. В статье рассказывается об одной из основных направлений международного исследования PISA-грамотности чтения. Подробно объясняются аспекты читательской грамотности, аспекты ее оценки (формат материала, тип заданий, цель использования текста), особенности читательской грамотности, виды чтения и его правила. Обсуждаются компоненты читательской грамотности - ситуация, текст, аспект. Получаем информацию по направлению категории ситуации (чтение для личного пользования, чтение для общего пользования, чтение для познания и чтение для обучения), формы и виды текста, области аспектов (Поиск информации. Широкое понимание. Развитие интерпретации. Отображение, оценка содержания текста. Показать текстовую форму). Автор акцентирует внимание на понятиях «интерпретация» и «герменевтика», которые используются для интерпретации текста.

В процессе обучения и преподавания очень важно правильно задавать вопросы, понимать их содержание и отвечать соответствующим образом. В статье мы можем найти информацию с точки зрения классификации этих вопросов.

В стимулировании интереса читателей к чтению мы убеждаемся, что выделение ресурсов и текста, преобразование задания также имеют свое значение.

В то же время в статье приводятся особенности методики обучения учащихся чтению, эффективные методы повышения читательской грамотности. Приводятся примеры из исследований ученых, руководствуются практиками. Авторы предлагают приемы чтения и описывает правильную технику. Обсуждаются основные идеи теорий отечественных, российских и зарубежных исследователей.

Ключевые слова: исследование PISA, читательская грамотность, интерпретация, герменевтика, чтение, текст, ситуация, аспект, стратегия.

A.Z. Iskakova, S.A. Sultanbekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Methodology for improving the reading literacy of students in the framework of the international PISA study

Abstract. This article is about one of the main areas of the PISA international study reading literacy. The principles of reading literacy, its aspects of assessment (format of the material, type of tasks, purpose of using the text), peculiarities of the reading literacy task, kinds and rules of reading are comprehensively explained. The components of reading literacy - situation, text, aspect are discussed in the work. We get information about categories of situations (reading for personal use, reading for public use, reading for knowledge and reading for teaching), text forms and types, aspect areas (Finding information. Broad comprehension. Developing interpretation. Showing and evaluating the content of the text. Display the text form). The author focuses on the concepts of "interpretation" and "hermeneutics", which are used to interpret the text.

Asking questions correctly, understanding their content and answering according to the requirements is very essential in the learning and teaching process. We can find information regarding of those questions' classification in the article.

We make sure that the choice of resources and text, and the transformation of the task has their own meaning in stimulating the readers' interest in reading.

At the same time, the article provides features of the methodology of teaching reading to students, effective methods of improving reading literacy. Examples from the researches of scientists are given and practices are guided. The author offers methods of reading and describes the technique of conducting them perfectly. The main idea of the theories of native, Russian and foreign researchers is discussed.

Keywords: PISA study, reading literacy, interpretation, hermeneutics, reading, text, situation, aspect, strategy.

References

1. «Kazakhstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2019 zhylygi 27 zheltoksanındagy №988 kaulisi [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019 No.988 about State Program for the Development of Education and Sciences of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. [Electronic resource] – Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35774792 (accessed: 12.10.2021). [in Kazakh]

2. «Mektepke deyingi tarbie men okitudin, bastauysh, negizgi orta, zhalpi orta, tehnikalyk zhane kasiptik, orta bilimnen keyingi bilim berudin мемлекеттік zhalpiga mindetti standarttaryn belitu turaly» Kazakhstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhilgi 3 tamyzdagi №348 buirygy [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 31, 2022 No. 348. About approval of Standard rules of organization activity of preschool, initial, main average, general secondary, technical and professional, postsecondary education]. [Electronic resource] – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V220002903> (accessed: 03.08.2022). [in Kazakh]

3. PISA khalykaralyk zertteuin zhurgizu ayasynda okushylardyn funksionaldyk sauattylygyn damytu adisteri bojynsha Kazakhstan Respublikasy pedagog kyzmetkerlerinin biliktiligin arttyru bagdarlamasy. Oku sauattylygy. Trenerge arналған nuskaulyk [The program of improving the qualifications of teaching staff of the Republic of Kazakhstan on the methods of developing students' functional literacy within the framework of the PISA international study. Reading literacy. Trainer's Guide] (Astana, NIS-PEARSON, 2014, 64 b.). [in Kazakh]
4. PISA-2018/kompyuterlik format halykaralyk zertteui kuraldary [PISA-2018/computer format international study tools] (Astana, «Akparattyk-taldau ortalygy», 2016, 126 b.) [Astana, "Information and Analysis Center", 2016, 126 p.]. [in Kazakh]
5. About PISA. PISA results. [Electronic resource] – Available at: <https://www.oecd.org/pisa/publications/> (accessed: 15.07.2018).
6. Orazbaeva F.SH. Tildik katynas: teoriyasy zhane adistemesi [Linguistic communication: theory and methodology] (Almaty, 2005, 208 p.). [in Kazakh]
7. Ahmetova M.K. Matin lingvistikasy. Oku-adistemelik kural [Text Linguistics. Educational and methodological tool] (Oral: Agartushy, 2008, 148 b.). [in Kazakh]
8. Okushylardyn oku sauattylygyn kalyptastyrugа arналған adistemelik nuskaulyk [Methodological guide for formation of reading literacy of students] (Nur-Sultan: «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU, «Bilim beru bagdarlamalary ortalygy» filialy, 2020, 56 b.) [Nur-Sultan, "Nazarbayev Intellectual Schools", branch of "Educational Programs Center", 2020, 56 p.]. [in Kazakh]
9. Kulmagambetova A. Tildik tort dagdy bojynsha belsendi okytu tapsyrmalary. Oku-adistemelik Kural [Active learning tasks for four language skills. Educational and methodological tool] (Astana, «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU «Bilim beru bagdarlamalary ortalygy» filialy, 2014, 54 b.) [Astana, "Educational Programs Center" branch of "Nazarbayev Intellectual Schools", 2014, 54 p.]. [in Kazakh]
10. Shabazhanova S. Okylym dagdylaryn kalyptastyru zhane damytudyn adisnamasy men tajzhiribesi [Methodology and practice of formation and development of reading skills], (Pavlodar, 2015, 68 b.). [in Kazakh]
11. Pransova G.V., Romanicheva, E.S. Sovremennye strategii chteniya: teoriya i praktika [Modern reading strategies: theory and practice] (Moskva, 2016, 100 s.) [Moscow, 2016, 100 s.]. [in Russian]
12. Rosenblatt L.M. Towards a Transactional Theory of Reading. SAGE Publications, 1, 177 (1969). DOI: <https://doi.org/10.1080/10862969609546838>.
13. Anderson R.C. A Schema-Theoretic View of Basic Processes in Reading Comprehension (New York, Longman, 1984, 80 p.).
14. Carrell L. Facilitating ESL reading by teaching text structure. TESOLQuarterly, 09, 752 (1985). DOI: 10.2307/3586673.
15. Folomkina S.K. Obuchenie chteniyu na inostrannom yazyke [Learning to read in a foreign language] (Moskva, «Vysshaya shkola», 2005, 255 s.) [Moscow, "Higher School", 2005, 255 p.]. [in Russian]
16. Ruggiero V.R. The Art of Thinking A Guide to critical and Creative Thought (London, "Pearson", 2014, 240 p.).
17. Prancova G.V., Romanicheva E.S. Sovremennye strategii chteniya. Teoriya i praktika. Smyslovoe chtenie i rabota s tekstom [Modern reading strategies. Theory and practice. Meaningful reading and work with text] (Moskva, Forum, 2015, 361 s.) [Moscow, Forum, 2015, 361 p.]. [in Russian]

18. Robb L. Teaching Reading in Middle School (The USA, 2000, 200 p.).
19. Moreillon J. Collaborative Strategies for Teaching Reading Comprehension (Chicago, American Librarian Association, 2007, 173 p.).
20. Ediger M. Teaching Reading Successfully (The USA, 2000, 340 p.).
21. PISA 2025 Foreign Language Assessment Framework. [Electronic resource] – Available at: <http://www.oecd.org/pisa/oecd-proposes-new-approach-to-assess-young-peoples-understanding-of-global-issues-and-attitudes-toward-cultural-diversity-and-tolerance.htm> (accessed: 12.10.2022).
22. Better policies for better lives. [Electronic resource] – Available at: <http://www.oecd.org/pisa/aboutpisa/Global-competency-for-an-inclusive-world.pdf> (accessed: 13.08.2015).
23. Global-competency-for-an-inclusive-world.pdf – OECD. [Electronic resource] – Available at: <https://www.oecd.org/pisa/aboutpisa/pisa-based-test-for-schools> (accessed: 22.07.2018).

Авторлар туралы мәлімет:

Искакова А.Ж. – Педагогика ғылымдарының магистрі, «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш.,11, Астана, Қазақстан.

Сультанбекова С.А. – Философия докторы, шетел филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш.,11, Астана, Қазақстан.

Iskakova A.Z. – Master of pedagogical Sciences, Doctoral student of the specialty "Foreign language: two foreign languages", L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Kazhymukan, 11, Astana, Kazakhstan.

Sultanbekova S.A. – Doctor of Philosophy, senior lecturer of the Department of Foreign Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Kazhymukan, 11, Astana, Kazakhstan.



ХҒТАР 14.07.07

Шолу мақаласы

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-26-36>

«Патриоттық мәдениет» ұғымының мәні

А.Т. Каирова*^{id}, К.Ж. Туребаева^{id}

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: kairova.akerke@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада «патриоттық мәдениет» ұғымының мәнін анықтауда әр түрлі түсініктер мен ғалымдардың философиялық, психологиялық, педагогикалық талдауларын зерттеу арқылы тұжырымдар жасалды. Зерттеу жұмысында ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, «патриоттық мәдениет» ұғымының көп қырлы сипаты талданды. Шындығында бұл ұғым адамзаттың санасында сүйіспеншіліктің ең жоғарғы деңгейі ретінде азаматтық борыш, ұлттық бірегейлікті сақтау, өз халқына, еліне деген жауапкершілікті сезіну, тарихын, мәдениетін, тілін қадірлеу арқылы қалыптасады. Адамның санасы рухани құндылықтар жүйесі арқылы дамиды, сол себепті өскелең ұрпақ бойында патриоттық мәдениетті қалыптастыру керек. Осыған орай бүгінгі таңда мемлекеттік деңгейде руханиятқа бет бұрған кезде, патриоттық мәдениет тақырыбы өзекті және маңызды әрі әлеуметтік-мәдени мәнге ие болады. Өскелең ұрпақтың бойында қалыптасқан патриотизмі біртіндеп идеологиялық, азаматтық мазмұнға ие болып, моральдық қана емес, сонымен бірге моральдық-саяси сапаға айналады. Тәуелсіз еліміздің ғаламдық өркениет ортасынан өзінің лайықты орнын алуына бірден-бір себеп болатын, ол - патриоттық мәдениет. Патриоттық мәдениет ұғымы ғылыми тұрғыдан сарапталып, оның толық мәнін айқындау мақсатында, бұл мәселенің теориялық және практикалық тұрғыдан зерттелуі керектігіне назар аударылды. Адамзат өзінің рухани дамуында патриотизм идеялары мен сезімдерін бойына сіңіріп, саналы түрде рухани қажеттілікке айналдырғанда ғана патриот бола алады. Сондықтан әр адамның бойында рухани әлемнен орын алатын патриоттық мәдениет қалыптасу үшін «патриоттық мәдениет» ұғымының мәнін айқындау қажет. «Патриоттық мәдениет» ұғымының негізі «мәдениет» болып табылады, ал мәдениет қоғамның тарихи дамуында жеткен сатысын көрсететін, адамзаттың шығармашылық қызметінің үдерісінде жасалған және жасайтын рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығынан тұрады. Адамның мәдени дамуы – қоғам дамуының мәнді бір саласы болып табылады.

Түйін сөздер: мәдениет, патриот, патриоттық мәдениет, патриоттық сана, патриоттық тәрбие, рухани құндылық, мәдени даму.

Кіріспе

Замануи жаһандық сын-қатерлер, күрделі саяси мен әлеуметтік-экономикалық жағдай қоғам үшін маңызды мәселе. Осыған орай, өз еліне құрметпен қарау рухында жас ұрпақтың бойында патриотизмді тәрбиелеуге байланысты өзекті мәселелер туындайды. Өскелең ұрпаққа патриотизмді негізгі құндылықтар жүйесінде қалыптастыру, яғни өз еліне деген сүйіспеншілікпен қатар ұлттар арасындағы өзара түсіністік пен құрмет, азаматтық ынтымақтастықты дамыту және ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезіну, халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын қадірлеуден басталады. Жас ұрпақ біздің ертеңіміз, бүгінгі ұл – ертеңгі әке, бүгінгі қыз – ертеңгі ана, олар әкеге, шешеге, ұстазға қарап өседі. Қай ғасырда болмасын адамзат өз тарихында ұлт өмірін өркендетуші, саналы да салауатты, ұлтжанды, рухы биік, ақыл-парасаты мол, ғылыми өрісі кең, мәдени ұрпақты тәрбиелеуді мақсат еткен. Тәрбиені ұрпақтан ұрпаққа таралып, жетілдіріліп тұратын өмір мектебі деп атауға болады. Осы өмір мектебінен халқымыздың ғасырдан ғасырға қастерлеп келген құнды дәстүрлер, тарихымыз бен мәдениетіміз өте кең. Демек, «Бүгінгі ұрпақ осы құндылықтарды қаншалықты біледі, қастерлейді, білмесе білуге ұмтыла ма, ата-салтын, Отанын мақтаныш тұта ма?», – деген сұрақтар төңірегінде ойланып отырған абзал. Біздің болашағымыз біздің өткен өміріміздің жалғасын тауып өркендейді, адам ретінде қалыптастырады, бұл ақиқат. Біздің бүгінгі күніміз кешеден, ертеңіміз бүгіннен бастау алады. Адамның өзін және қоғамды тану тереңдігі, кеңдігі мен мүмкіндігін анықтайтын рухани құндылықтар жүйесі болады. Соның бірі – өз елінің патриоты болу. Осыған орай, біз өз зерттеуімізде «патриоттық мәдениет» ұғымының мәнін қарастырып, философиялық, психологиялық-педагогикалық талдау жасадық.

Зерттеу әдістері

Біз өз зерттеуімізде негізгі ұғымдардың мәнін анықтауды және түрлі түсініктемелерді педагогикалық, психологиялық, философиялық әдебиеттерге шолу жасап, саралауды жөн көрдік. Психологтар ұғымның түрлі түсініктемелерін береді, мәселен Н.А.Менчинская: «Ұғым сөзімен біздер заттар мен құбылыстардың қасиеттерін бейнелейтін қорытынды білімді белгілейміз», – деп түсіндірсе, Б.Г.Ананьев ұғымдарға: «заттың сапасын ерекшелейтін логикалық тәсіл» – деп анықтама береді. В.В.Давыдов, Д.Б. Эльконин көзқарастары бойынша, ұғым – логикалық ойлау формаларының бірі, сөздік-логикалық ойлауға тән жалпылаудың ең жоғары деңгейі.

Ал педагогикада «ұғым» деп, заттар мен құбылыстардың елеулі объективті жақтарын бейнелейтін, арнайы терминдермен бекітілген немесе белгілермен бекітілген ғылыми білім бірлігін атайды [1].

Талқылау

Зерттеуіміздегі негізгі ұғым – «патриоттық мәдениет», ал оның негізі «мәдениет» ұғымы болып табылады. Бұл ұғым гуманитарлық ғылымдарды ең көп мағыналы және

жиі қолданылатын бірліктің бірі. «Мәдениет» ұғымы алғаш рет әдебиетте Римнің атақты философы Цицеронның «Тускул кеңесі» атты еңбегінде кездеседі, оның этимологиялық негізі «өңдеу», «тазалау» деген мағынаны білдіреді. Алғашқы агро-техникалық ұғым ретінде (жерді өңдеу) қолданылды, ал Цицерон болса алғаш рет ауыспалы мағынада, яғни «адам ақыл – есіне ықпал жасау» ұғымы ретінде қолданды [2].

Ежелгі санада мәдениет ұғымы «пайдейя» (жас бала) түсінігімен қалыптасты, «пайдейя» ұғымы екі мағынада сипатталды: біріншісі – тәрбиелеу, үйрену; екіншісі білімді, ағартушылықты, мәдениетті анықтайды. Орта ғасырларда мәдениет, яғни адамның Құдайға деген сүйіспеншілігінде өзінің әлеуетін ашу қабілетімен сипатталса, қайта өрлеу дәуірінде - үйлесімді, жоғары дамуға ұмтылатын адамның белсенді бастамасымен ерекшеленді. ХІХ ғасырдың ортасында ағартушылықтың жалпы идеяларынан мәдениетте екі қарама-қарсы көзқарас ерекшеленді: біріншісі – (Дж. Ж. Руссо, Ф. Ницше, М. Хайдеггер, Дж. П. Сартр, З. Фрейд, Э. Фромм, Франкфурт мектебі және т.б.) – мәдениетті теріс әсер ететін фактор ретінде қарастырады, екіншісі (Ф. М. Достоевский, Л. Н. Толстой, А. Швейцер, Р. Роллан) – адам ғасырды жақсарту, адамның өзіне айналу құралы ретінде қарастырған [3].

Мәдениет ұғымы «Педагогика» орысша-қазақша түсіндірме сөздігінде (латын тілінен «*cultura*» – тәрбиелеу, жасау, дамыту, мойындау) – қоғамның, шығармашылық күштердің және адамның қабілеттерінің дамуын анықтаудың тарихи қалыптасқан көрсеткіші – деген түсінік берілсе, философиялық энциклопедиялық сөздікте (араб тілінде «маданият» – «қала» деген мағынаны білдіреді) – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері, – деген анықтама берілген [4]. С.Әбілдинаның «Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім беруді қалыптастыру» атты еңбегінде мәдениет ұғымы ағылшын тіліндегі әдебиеттерде 50 жылдардың бас кезінде мәдениетке 160-тан астам анықтама берілсе, еуропалық әдебиеттерде мәдениеттің 250-ден астам анықтамасы бар екені айтылған. Осы орайда, өз елінің патриоты, халқының мәдени, азаматтық және рухани жетілуінің қамын ойлаған Ахмет Байтұрсынов мәдениетті екі салаға бөліп: «тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері», көркемділік үшін жұмсалатын нәрселерді жасауға арналған өнер «көрнекілік өнері» болады деп қарастырғанын атап кетуді жөн көрдік.

Сонымен, мәдениет ұғымының ғылыми еңбектердегі анықтамасы алуан түрлі. Алайда мәдениетке берілген барлық анықтамаларды қамтып шығу біздің құзырымызға жатпайды, біз тек өз зерттеуіміздің әдіснамалық негізін қалайтын анағұрлым нақтыланған тұжырымдарға тоқталдық.

Ал, «патриот» ұғымы тарихи деректерге сүйенсек алғаш рет 1789-1793 жылдары ұлы француз төңкерісі кезеңінде, яғни сол кезде монархистер лагерінен шыққан сатқындар мен Отанын сатқан опасыздарға қарсы халық мүддесі үшін күрескен республиканы қорғаушылар өздерін «патриот» деп атаған. «Патриот» ұғымының мағынасына қатысты ғылыми әдебиеттерде көптеген анықтамалар берілген. Бұл ұғым 1859 жылы орыстың танымал лексикографы, жазушы Владимир Иванович Дальдың «Толковый словарь живого великорусского языка» атты еңбегінде, 200 мың сөзден тұратын анықтамасында «Патриот – Отанын сүйуші, оның игілігін қызу қолдаушы, Отансүйгіш,

Отандас», - деп түсінік берілген. Саяси түсіндірме сөздікте: « Патриот – өз Отанын адал сүйетін, қызмет ететін, өз мүддесін ел мүддесі жолында құрбан қылатын, басқа ұлттар мен ұлыстарға кеңпейілдікпен қарайтын адам» десе, әлеуметтану және саясаттану бойынша орысша-қазақша түсіндірме сөздігінде « Патриот – өзінің Отанына берілген, оның мүдделеріне қызмет ететін адам», - деп анықтама берген [5]. Демек, В.И.Дальдің еңбегіндегі отансүйгіштікті қарастыратын болсақ ол адам баласының сүйіспеншілігінен туындайды. Сүйіспеншілік - моральдық сананың ең биік көрінісі, ол сол арқылы адами болмысқа жетуге болады, ал керісінше жағдайда толыққанды өмір сүре алмайды. Адамды шығармашылыққа жетелейтін, өмірді терең түсінуге жол ашатын, басқалардың сырын ұғына алу тек сүйіспеншілік арқылы бейнеленеді. Адам қоғамы пенде болғандықтан оның сүйіспеншілігі өз халқына, еліне, Отанына арналу керек.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте сүйіспеншілікті, әсіресе Отанға деген сүйіспеншілікті «Отанды сүю дегеніміз – туған жер мен сол елді мекендеген халыққа деген сүйіспеншілік болып табылады. Осы екі сезім бір-біріне қосылып оны күшейте түседі. Отаншылдық (патриотизм) – өте күрделі сезім, соның арқасында адам өзін үлкен біртұтас елдің ажырамас бір бөлшегі ретінде сезінеді. Олай болса, ол оның жетістіктері мен қателіктері – бәріне ортақ. Отанды сүю дегеніміз – елге жақсылық тілеп қана қоймай, өз үлесінді белсенді түрде мейлінше соның гүлденуіне қосу. Отанды сүю дегеніміз – тек қана өз ұлтыңды ғана емес, сонымен қатар осы елде тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерін сүю, оларды жат етпеу болып табылады. Өйткені, олар да біздің мемлекетіміздің гүлденуіне ат салысып, бізбен бірге өз тағдырын бөлісуде», - деп анықтама берілген [6].

Адамдарды біріктіретін күш, ол рухани құндылықтар, адамдар осы құндылықтар арқылы бақытқа қол жеткізеді. Сондықтан, әрбір адам өз бойындағы адамгершілік пен рухани құндылықтарды дамыту керек, ол үшін адам өзін тани білу керек, сонда ғана ол ақиқатты таниды. Ақиқатты тану арқылы адамның адамшылығы айқындалады. Кез келген қоғамның даму тенденциясы ондағы адамдардың дамуы арқылы байқалады, сол себепті жас ұрпақтың бойында патриоттық мәдениетті қалыптастыру азаматтық борышымыз болып есептеледі.

Біз қазіргі кезеңде жастарға үлкен сенім артамыз, себебі еліміздің болашағының кілтін сеніммен осы ұрпаққа табыстаймыз. Әрине, кезінде жүректері елім деп соққан ата-бабаларымыздың аманатын ұрпаққа табыстау біздің парызымыз. Ал қазіргі кездегі сенім артқан замануи ұрпағымыз еліміздің болашағы үшін не істей алады? Ата-бабамыздың бойында болған патриоттық сезім жастардың бойында бар ма? Елі мен халқы артқан сенімді ақтай ала ма? - деген көкейдегі сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Кез келген қоғамның қозғаушы күші мен болашағы – жастар. Қазақстанның ұлы тарихымен бірге жаңа жетістігін жариялауда жастардың жауапкершілігінде, аға буынның, айтулы тұлғалардың адал жолын лайықты жалғастыру мақсатында елімізде мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Еліміздің ертеңгі күні жастардың даму деңгейіне және олардың қоғамға ықпалдасуына байланысты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №247 қаулысымен «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілген. Тұжырымдама мазмұны алты бөлімді қамтиды, бесінші бөлімнің «Заманауи

құндылықтар және патриоттық тәрбие» бағытында: «Тұлғаны қалыптастыру құралы ретінде тәрбие мен педагогика процестеріне ерекше назар аудару керек. Педагогика адам тәрбиесіне күшті әсер етеді, сондықтан педагогика патриотизмді тәрбиелеуді практикада белсенді қолдануы тиіс. Патриоттық тәрбие азамат пен патриоттың қасиеттеріне ие және бейбіт және соғыс уақытында азаматтық міндеттерді сәтті орындай алатын тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған» - деп түсінік берілген [7]. Яғни, біз сенім артқан жастар мектеп қабырғасында сапалы білім мен тәрбиені санасына сіңіру арқылы болашақта еліміздің дамуына үлесін қосатын елдің төл перзенті, өз азаматы ретінде сезінетін, қажет жағдайда қорғай алатын, рухы мықты тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігі күн санап артып отырғандығын түсінуі керек.

Қоғамның қазіргі даму жағдайы демократиялану мен жаһандану деңгейінде, адамдардың тарихи және ұлттық санасының қайта жаңғыру үдерісі де ерекше. Осыған орай жас ұрпақтың бойында патриоттық мәдениетті қалыптастыру педагогикалық-әлеуметтік маңызға ие. Адам бойындағы негізгі құндылықтардың бірі – патриотизм. Адам өз санасына патриотизм идеялары мен сезімдерін сіңіріп, саналы түрде рухани қажеттілікке айналдырғанда ғана патриот болады. Сондықтан әр адамның бойында рухани әлемінен орын алатын патриоттық мәдениет қалыптасу керек.

Нәтижелер

Біз өз зерттеуімізде «патриоттық мәдениет» ұғымының негізін және оның шығу тарихын анықтауды түрлі түсініктер мен ғалымдардың философиялық, психологиялық, педагогикалық талдауларын зерттеу арқылы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып қарастырамыз. Сонымен, «патриоттық мәдениет» ұғымын зерделеу барысында негізі ұғым «мәдениет» болады. Себебі бұл ұғымның шығуы адамзат тарихында Ежелгі Римнің саяси қайраткері, жазушы Цицерон Марк Туллий (б.з.б. 3.1.106, Арпинум — 7.12.43, Кайета маңы) еңбектерінде бастау алғанын, бұл ұғымның мағынасы да, қолдану аясы да алуан түрлі және тарихи тұрғыдан алғанда, адам және оның іс-әрекетін мәдениеттің негізгі объектісі ретінде қарастырсақ, педагогикалық тұрғыдан қоғамның, шығармашылық күштердің және адамның қабілеттерінің дамуын анықтаудың тарихи қалыптасқан көрсеткіші ретінде бағаланады деп санаймыз. Ал патриот ұғымы адамзат санасында XVIII ғасырдан бастау алып, бүгінгі күнге дейін кеңінен қолданыс тауып келеді. Өз елінің патриоты болу ең алдымен адамның сана-сезіміне, одан соң іс-әрекетін ұйымдастыруға ықпал етуден басталатыны белгілі, сондықтан осы мәселені тарихи – педагогикалық тұрғыда зерттеудің маңызы зор, патриоттық мәдениетті қалыптастырудың мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектерін теориялық талдауларға сүйене отырып сараладық. Патриоттық мәдениетті қалыптастыруды зерттеу соңғы онжылдықта қарқын алғанын байқауға болады. Мәселен, патриоттық мәдениетті қалыптастырудың өзекті мәселесін қарастырған отандық ғалым В.В Сергееваның «Болашақ педагогтардың патриоттық мәдениетін қалыптастыру моделі және оны жоғары оқу орындарында жүзеге асыру технологиясы» атты еңбегінде білім беру кеңістігі аясында жастарды патриоттық тәрбиелеу мәселесін тиімді шешу механизмі туралы автордың көзқарасы

болашақ мұғалімдердің патриоттық мәдениетін қалыптастыру моделімен оны жүзеге асыру технологиясын, патриоттық мәдениетті қалыптастырудың принциптерін айқындап, үлгі шеңберінде оның қалыптасу кезеңдерін ұсынып, сипаттаған [8]. Ал, В.А. Ружа өз еңбегінде «Патриоттық мәдениет мәдениеттің бір бөлігі ретінде тарихи тәжірибенің жинақталуына қарай дамиды және патриоттық сана мен адамдардың мінез-құлқының жаңа және дәстүрлі элементтерінің үйлесіміне негізделеді. Дәл осы қасиет қоғамға жетістіктерді жинақтауға және қоршаған ортаның өзгеруіне бейімделу қабілетін жақсартуға мүмкіндік береді» - деп, патриоттық мәдениет және оның өлшемдерін қарастырған [9]. М.А.Мазурдың еңбегінде «патриоттық мәдениет» ұғымы философиялық, педагогикалық, психологиялық тұрғыдан қарастырылып, өз зерттеуінде «Патриоттық мәдениетті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің маңызды бөлігі, оң құндылықтар мен қасиеттерге негізделген және отанның өмірлік мүдделері мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін белсенді патриоттық қызметте көрінетін интегративті жеке қасиет ретінде қарастырамыз», - деп тұжырымдаған [10].

Жалпы білім беру орындарында мектеп оқушыларының патриоттық мәдениетін қалыптастыру мәселелерін қарастырған Н.И.Верещагинаның зерттеуінде «Мектеп оқушыларының патриоттық мәдениетін қалыптастыру аксиологиялық, белсенділік, мәдени тәсілдерді жүзеге асыруға негізделуі керек, олардың әрқайсысы өз мақсатына сәйкес мектеп оқушыларының осындай мәдениетін қалыптастырудың нысандары мен әдістерін пайдалана отырып жүзеге асырылады», - деп мектеп оқушыларының патриоттық мәдениетін қалыптастыру тәсілдерін ұсынған [11].

Патриоттық мәдениетті патриоттық сананың, дәстүрлердің және мінез-құлықтың тұрақты компоненттерінің жиынтығы ретінде анықтауға болады, олар патриоттық мінез-құлықтың сипаттамаларын қамтиды және маңызды өлшемі болып табылады. Патриоттық мәдениетті қалыптасу адамдардың патриоттық көзқарастары арқылы жүзеге асырылады. Отандық ғалым В.В Сергееваның пікірінше, патриоттық мәдениет - бұл патриотизмді қалыптастырудың барлық тарихи тәжірибесін, оның қоғамның адамгершілік салауаттылығымен байланысын, патриоттық сезімдердің қарқындылығының азаматтық бостандық дәрежесіне тәуелділігін ескеру қажет идеология мен психология, саясат және қызмет десе, Н. А. Ефименко өз зерттеуінде «Әлеуметтік - мәдени даму» және «патриоттық мәдениет» ұғымдары бірін-бірі толықтырады: әлеуметтік әрекет субъектісін көрсетеді, патриоттық – жеке тұлғаның саналы әрекетіне немесе қауымдастықтар, мәдени олардың қызметінің сапасы мен көлемі бойынша. Субъект-объект тұрғысынан тұтастық, бұл жерде тізбек ретінде: тұлға - әлеуметтік топ – ұлттық - аймақтық - қоғам – жалпы адамзат» - деп сипаттайды [12].

Осы аталған зерттеулердің маңыздылығын мойындай отырып, жүйелі тұлғалық білім ретінде оқушылардың патриоттық мәдениетінің құрылымын, оның құрылымдық компоненттерінің мазмұнын негіздеумен, оны қалыптастырудың тәсілдерін айқындаумен, мектеп оқушыларының патриоттық мәдениетін қалыптастыру моделін әзірлеумен, жалпы білім беру мекемесінде оқушыларда мәдениетті қалыптастыру процесінің мазмұнын құрастырумен байланысты мәселелер ғалымдардың назарынан тыс қалмайтынын атап өтеміз.

Қорытынды

Зерттеуімізді қорытындылай келе, «патриоттық мәдениет» ұғымын қазіргі уақытта көп қырлы ұғым ретінде сипаттауға болады. Ол әлеуметтендіруші және даралаушы, дәстүрлі және инновациялық, ұлттық және жалпыадамзаттық, прогрессивті және консервативті, сыртқы және ішкі, нақты және идеалды, бұл сайып келгенде қоғамның шоғырлануына ықпал етеді. Бұл шындығында азаматтық сезім, дүниетанымның қалыптасуы, рухани жетілуі, адамдардың әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйі, азаматтық көзқарасы, санасы мен парасаттылығы.

Зерделенген ұғымның мәнін тереңнен пайымдасақ, егеменді ел болумен бірге сол елдің ұлттық бірегейлігін ынтымақтастықта сақтауда жас тұлғаның ішкі жан дүниесі, ой санасы мен сезімін дамытып, қалыптастыруға бағытталады. Өз Отанын, халқын шексіз сүю, бар күш-жігері мен білімін Отан мүддесі үшін арнаған сезім – ол өз елінің патриоты болуы. Патриоттық бұл ана сүтімен бірге келмейді, ол ақиқат, баланың бойында тәрбие беру арқылы біртіндеп қалыптасатын құдыретті сезім. Бұл сезімнің нысаны – Отан болса, оның мазмұны туған жер, табиғат және оның байлықтары: тіл, мәдениет, дәстүрі. Осыған орай «патриоттық мәдениет» ұғымының мәнін жас ұрпақ бойында қалыптастыруда мына әрекеттерді ұстану арқылы жүзеге асыруға болады деп ұйғардық: елдің тарихы мен мәдениеті туралы біліммен сусындау; ұлттық әдет-ғұрыптарды зерделеу, сыйлау; ата-бабалар мұраға қалдырған байтақ жерге қорған болу, ел мүддесі үшін еңбек ету; ұлттық құндылықтарды сақтау; туған жер байлығы мен табиғатын қастерлеу.

Авторлардың қосқан үлесі

Зерттеуші ғалым, автор К.Ж.Туребаеваның «Жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты еңбегінде: «Қазіргі жаһандану заманында өзге мемлекеттердің көлеңкесінде қалмай, ықпалына ермей, дәстүріміз бен тілімізді түлету, ұлттық мәдениетімізді сақтау, қазақ болмысынан туындайтын этникалық ерекшелігімізді баянды ету. Ол - тіл, дәстүр, ұлттық сана мен рух, отаншылдық. Жас ұрпақ санасында осы рухани құндылықтар қалыптасса, еліміздің шын мәнінде егеменді жолмен дамып, оның байлығы ұлтқа қызмет етері сөзсіз», - деген ойын тұжырымдай келе, «патриоттық мәдениет» ұғымының мәнін жас ұрпақ бойында қалыптастыруда мына әрекеттерді ұстану арқылы жүзеге асыруға болады деп түйіндедік: елдің тарихы мен мәдениеті туралы біліммен сусындау; ұлттық әдет-ғұрыптарды зерделеу, сыйлау; ата-бабалар мұраға қалдырған байтақ жерге қорған болу, ел мүддесін сақтау; ұлттық құндылықтарды құрметтеу; туған жердің байлығы мен табиғатын қорғау.

Әдебиеттер тізімі

1. Сайлауова Н.С. Бастауыш сынып оқушыларының этномәдени құндылықтары негізінде патриоттық тәрбие берудің теориясы мен практикасы : Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Атырау, 2010. – 44 б.

2. Ғабитов Т., Әлімжанова Ә., Бағашаров Қ. Мәдени-философиялық энциклопедия: энциклопедия. – Алматы: Лантар Трейд, 2019. – 190 б.
3. Масалимова А. Культурная антропология: учебник. – Алматы: ҚазҰУ, 2019. – 190 б.
4. Арын Е. Орысша - қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика. – Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ, 2006. – 482 б.
5. Саиров Е. Саяси түсіндірме сөздік. – Астана: Жүйелі зерттеулер институты, 2007. – 616 б.
6. Жақып Б.Ө. Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Кітап палатасы, 2013. – 480 б.
7. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000247> (жүгінген күні: 07.04.2023)
8. Сергеева В.В. Модель формирования патриотической культуры будущих педагогов и технология ее реализации в педагогическом вузе // Мир науки, культуры, образования. – 2012. – № 6(37). – Б. 261-266
9. Ружа В.А. Патриотическая культура и ее измерения // Современные исследования социальных проблем. – 2012. – № 6(14) – Б. 72-81
10. Ефименко Н.А. Патриотическая культура как категория философско-культурологического знания // Культурная жизнь Юга России. – 2011. – № 2(40). – Б. 98-100.
11. Мазур В.А. Психолого-педагогический анализ сущности понятия «патриотическая культура» // Обучение и воспитание: методики и практика. – 2013. – № 6. – Б. 103-108
12. Позднякова О.К., Верещагина Н.И. Модель формирования патриотической культуры школьников // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2017. – № 10(210). – Б. 132-136

А.Т. Каирова, К.Ж. Туребаева

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актөбе, Қазақстан

Сущность понятия «патриотическая культура»

Аннотация. В данной статье сформулирована мысль путем изучения работ ученых и философского, психологического, педагогического анализа различных понятий в определении сущности понятия «патриотическая культура». В исследовательской работе, опираясь на труды ученых, понятие «патриотическая культура» можно рассматривать как многогранное понятие в современном мире. Это понятие формируется в сознании человечества как высший уровень любви через гражданский долг, сохранение национального единства, чувство ответственности за свой народ, страну, понимание истории, культуры и родного языка. Сознание человека развивается через систему духовных ценностей, поэтому необходимо формировать патриотическую культуру у подрастающего поколения. И поэтому сейчас при переходе к духовности патриотическая культура приобретает актуальное и значимое, социально-культурное значение на государственном уровне. Патриотизм, заложенный у подрастающего поколения, будет постепенно наполняться идеологическим, гражданским содержанием и станет не только нравственным, но и морально-политическим качеством. Единственная причина, по которой независимая страна занимает достойное место в среде глобальной цивилизации - это

патриотическая культура. Было обращено внимание на понятие патриотической культуры, а также научно проанализировано и исследовано с теоретической и практической точек зрения с целью определения его полной сущности. Человечество в своем духовном развитии может стать патриотом тогда, когда оно впитывает идеи, чувство патриотизма и сознательно превращает их в духовную потребность, поэтому для формирования у каждого человека патриотической культуры, занимающей место в его духовном мире, необходимо определить сущность понятия «патриотическая культура». И в основе этого понятия стоит культура. Культура – это совокупность духовных и материальных ценностей, созданных и совершаемых в процессе творческой деятельности человечества, отражающая достигнутую ступень в историческом развитии общества. Культурное развитие человека - одна из важнейших направлений развития общества.

Ключевые слова: культура, патриот, патриотическая культура, патриотическое сознание, патриотическое воспитание, духовная ценность, культурное развитие.

A.T. Kairova, K.Zh. Turebayeva

K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan

The concept essence of "patriotic culture"

Abstract. In this article, the idea is formulated by studying the works of scholars and philosophical, psychological, and pedagogical analysis of various concepts in determining the essence of the concept of "patriotic culture". In the research work, based on the works of scholars the concept of "patriotic culture" can be considered as a multifaceted concept in the modern world. This concept is formed in the consciousness of mankind as the highest level of love through civic duty, preservation of national unity, a sense of responsibility for one's people, country, understanding of history, culture and native language. Human consciousness develops through a system of spiritual values, so it is necessary to form a patriotic culture among the younger generation. That is why now, in the transition to spirituality, patriotic culture is becoming relevant and socio-cultural significant at the state level. The patriotism inherent in the younger generation will gradually be filled with ideological, civic content and will become not only a moral, but also a moral and political quality. The only reason why an independent country occupies a worthy place in the global civilization - this is a patriotic culture. Attention was drawn to the concept of patriotic culture, as well as scientifically analyzed and studied from a theoretical and practical point of view in order to determine its full essence. Human in its spiritual development can become a patriot when he/she absorbs ideas, feelings of patriotism and consciously turns them into a spiritual need. Therefore, in order to form a patriotic culture that occupies a place in his/her spiritual world, it is necessary to define the essence of the concept of "patriotic culture". And this concept is based on culture. Culture is a set of spiritual and material values created and performed in the process of creative activity of mankind, reflecting the achieved stage in the historical development of society.

Keywords: culture, patriot, patriotic culture, patriotic consciousness, patriotic upbringing, spiritual value, cultural development.

References

1. Sajlauova N.S. Bastauysh synyp okushylarynyn etnomadeni kundylyktary negizinde patriottyk tarbie berudin teoriyasy men praktikasy: Pedagogika gylymdarynyn doktory gylymi darezhesin alu ushin dajyndalghan diss. Avtoreferaty [Theory and practice of patriotic education of Primary School students on the basis of ethno-cultural values: diss prepared for the degree of Doctor of Pedagogical Sciences. abstract] (Atyrau, 2010, 44 b.). [in Kazakh]
2. Gabitov T., Alimzhanova A., Barasharov K. Madeni-filosofiyalyk enciklopediya: enciklopediya [Cultural and philosophical encyclopedia: encyclopedia] (Almaty, Lantar Trejd, 2019, 190 b.) [Almaty, Lantar Trade, 2019, 190 p.]. [in Kazakh]
3. Masalimova A. Kul'turnaya antropologiya: uchebnik [Cultural anthropology: textbook] (Almaty, KazUU, 2019, 190 b.). [in Russian]
4. Aryn E. Oryssha-kazaksha tusindirme sozdik: Pedagogika [Russian-Kazakh Explanatory Dictionary: Pedagogy] (Pavlodar, "EKO" GOG, 2006, 482 b.). [in Kazakh]
5. Sairov E. Sayasi tusindirme sozdik [Political Explanatory Dictionary] (Astana, ZHujeli zertteuler instituty, 2007, 616 b.) [Astana, Institute of Systematic Studies, 2007, 616 p.]. [in Kazakh]
6. ZHakyp B.O. Filosofiyalyk enciklopediyalyk sozdik [Political Explanatory Dictionary] (Almaty, Kitap palatasy, 2013, 480 b.) [Almaty, Book Chamber, 2013, 480 p.]. [in Kazakh]
7. Kazakstan Respublikasy memlekettik zhastar sayasatynyn 2023 - 2029 zhyldarga arnalğan tuzhyrymdamasy [Concept of the state youth policy of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. [Electronic resource] – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000247> (accessed: 07.04.2023). [in Kazakh]
8. Sergeeva V.V. Model' formirovaniya patrioticheskoy kul'tury budushchih pedagogov i tekhnologiya ee realizacii v pedagogicheskom vuze, Mir nauki, kul'tury, obrazovaniya [The model of formation of patriotic culture of future teachers and the technology of its implementation in a pedagogical university, The world of science, culture, and education], 6(37), 261-266 (2012). [in Russian]
9. Ruzha V.A. Patrioticheskaya kul'tura i ee izmereniya, Sovremennye issledovaniya social'nyh problem [Patriotic culture and its dimensions, Modern research on social problems], 6(14), 72-81 (2012). [in Russian]
10. Efimenko N.A. Patrioticheskaya kul'tura kak kategoriya filosofsko – kul'turologicheskogo znaniya, Kul'turnaya zhizn' YUga Rossii [Patriotic culture as a category of philosophical and cultural knowledge, Cultural life of the South of Russia], 2(40), 98-100 (2011). [in Russian]
11. Mazur V.A. Psihologo-pedagogicheskij analiz sushchnosti ponyatiya «patrioticheskaya kul'tura», Obuchenie i vospitanie: metodiki i praktika [Psychological and pedagogical analysis of the essence of the concept of "patriotic culture", Training and education: methods and practice], 6, 103-108 (2013). [in Russian]
12. Pozdnyakova O.K., Vereshchagina N.I. Model' formirovaniya patrioticheskoy kul'tury shkol'nikov, Vestnik Orenburgskogo gosudarstvennogo universiteta [The model of formation of patriotic culture of schoolchildren, Bulletin of the Orenburg State University], 10(210), 132-136 (2017). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Каирова А.Т. – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламасының докторанты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ә. Молдағұлова даңғ., 34, Ақтөбе, Қазақстан.

Туребаева К.Ж. – педагогика ғылымдарының докторы, психологиялық-педагогикалық және арнайы білім беру кафедрасының профессоры, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ә. Молдағұлова даңғ., 34, Ақтөбе, Қазақстан.

Kairova A.T. – Doctoral student of the educational program "pedagogy and methods of primary education", K. Zhubanov Aktobe regional university, ave. A. Moldagulova, 34, Aktobe, Kazakhstan.

Turebayeva K.Zh. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of Psychological, Pedagogical and Special Education, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Ave. A. Moldagulova, 34, Aktobe, Kazakhstan.



МРНТИ 14.37.29

Научная статья

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-37-57>

Ключевые компетенции педагога в эпоху цифровизации образования

В.В. Семенихин*^{ORCID}, С.Ф. Семенихина^{ORCID}

Актыубинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан

*Автор для корреспонденции: semenikhinvitia@mail.ru

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию процесса цифровизации образования в Казахстане, включающая этапы её развития, главные тенденции и оценку её эффективности в контексте высшего профессионального образования. Основной целью нашего исследования является теоретическое обоснование и изучение текущего состояния цифровизации высшего профессионального образования в Казахстане, а также оценка его результатов на современном этапе обучения и определение направлений для будущего развития.

В рамках данной статьи мы провели анализ процесса развития общества от этапов компьютеризации, информатизации и автоматизации к более современному этапу цифровизации, исследовали информационно-образовательные технологии и ресурсы в сфере информационных технологий, которые используют преподаватели на двух факультетах - естественных наук и технических дисциплин - в учебном процессе Актыубинского регионального университета имени К. Жубанова. Мы также рассмотрели их предпочтения в отношении использования цифровых технологий для улучшения образовательного процесса.

В ходе нашего анализа литературных источников, связанных с цифровизацией образования, выявили и раскрыли ключевые тенденции, риски, преимущества, недостатки и потенциальные ловушки внедрения цифровых технологий в профессиональное обучение.

Кроме того, рассмотрели, как преподаватели и студенты организовали свою работу после пандемии, используя навыки онлайн-обучения и инновации, связанные с цифровой трансформацией в образовательном процессе.

Цифровизация образования существенно меняет требования к педагогам - преподавателям. Преподаватели должны владеть современными технологиями, уметь эффективно использовать их в образовательном процессе и владеть ключевыми навыками, необходимыми для выполнения своих профессиональных обязанностей.

Представлены результаты исследования отношения преподавателей и студентов Актыубинского регионального университета имени К.Жубанова (АРУ) факультетов естественных наук (ФЕ) и технического факультета (ТФ) к цифровой трансформации (ЦТ) и использованию информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) и выявлены основные показатели, уточнены тенденции применения современных цифровых технологий. Полученные результаты позволяют определить основные проблемы образования на современном этапе.

Указаны основные проблемы цифровизации высшего профессионального образования в Казахстане. Показано отношение преподавателей ФЕ и ТФ к цифровой трансформации образования, становлению цифровых компетенций, к ограничениям и рискам при переходе к цифровизации образования. Обозначены основные перспективы продолжения исследования применения цифровизации в образовании.

Ключевые слова: ключевые компетенции педагога, информатизация, цифровизация образования, цифровые образовательные технологии, цифровая трансформация, учебный процесс, мобильные учебные приложения.

Введение

Развитие цифровых технологий является одним из приоритетов современной эпохи, важнейшим шагом к повышению качества обучения и преподавания. Цифровизация является основным трендом современного этапа мирового экономического развития и захватывает лидирующие места в образовании.

Цифровизация, конечно же, нужна современному образованию для того, чтобы сделать образовательный процесс более управляемым, адаптированным к сегодняшним реалиям, сформировать конкурентоспособных профессионалов в формирующемся «цифровом мире» [1].

Актуальность и важность цифровизации процесса высшего профессионального обучения вытекает из необходимости приспособления системы профессионального образования к требованиям современного этапа цифровой экономики и общества, появление которых является всемирными тенденциями современности. Педагогические и образовательно значимые результаты, ожидаемые от цифровизации профессионального образования, связаны с определением и применением всего потенциала цифровых технологий.

Переход на цифровой образовательный процесс существенно изменит профессиональную деятельность педагогов и обслуживающего персонала профессионального образования и обучения. При этом в процессе цифрового образования многие обязанности педагога теряют смысл, таких, как быть источником знаний, представителем информации, контролером, оценщиком и исполнителем дисциплинарных мер, утрачивают свою первоначальную значимость [2].

В связи с недавней пандемией коронавируса преподаватели всех уровней образования быстро научились использовать компьютерные технологии дистанционного обучения. Мы уже анализировали использование дистанционного обучения (ДО) студентами естественнонаучных и технических специальностей Актюбинского регионального университета им. К.Жубанова в начальный период пандемии [3].

Результативность применения цифровых технологий (ЦТ) в образовательном процессе обоснована практикой организации ДО в условиях изоляции в период пандемии. ЦТ стали инструментом, который поддерживал непрерывность образовательного процесса. В то же время ускоренный переход на дистанционное обучение выявил и проблемы, существовавшие в этой сфере. Проведенные исследования показали, что в начальный период пандемии только 18 % по среднему значению преподавателей рассматриваемых двух факультетов (естествознания и технического) Актюбинского регионального университета имени К.Жубанова (АРУ им. К.Жубанова), были готовы к проведению занятий дистанционно, наличие интернета и устройств, подключенных к нему, морально-мотивационная составляющая, наличие необходимого программного обеспечения, подготовленные презентации лекций и т.п.

Проанализировав основные преимущества и недостатки применения ДО и возникающие трудности, нами был сделан вывод, что, несмотря на имеющиеся изъяны, ДО оказывается интересным, особенно для молодых и активных [3].

В связи с этим остро стоят задачи подготовки будущих и современных педагогов, обладающих навыками и умениями по организации образовательного процесса в цифровой среде, использующих ЦТ в своей профессиональной деятельности, компетентных для обучения «цифрового поколения» с учетом их особенностей.

Целью нашего исследования является теоретическое обоснование и выявление состояния цифровизации высшего профессионального образования в Казахстане и оценка её эффективности на современном этапе обучения, выявление ограничений, рисков и путей дальнейшего развития.

В наше время педагогу важно понять и принять тот факт, что сегодняшние ученики принадлежат к новому цифровому поколению. Это поколение Z и огромный разрыв между доцифровым поколением и цифровым поколением – это факт, который необходимо учитывать в образовании. С одной стороны, педагогам, представителям доцифрового поколения, сложно интегрировать ЦТ в процессы образования. С другой стороны, цифровое поколение не готово интегрироваться в доцифровой образовательный процесс [2, с.19].

Различия между доцифровым и цифровым поколениями представляют значительный вызов для образования. Педагоги, которые принадлежат доцифровому поколению, сталкиваются с трудностями при интеграции цифровых технологий в учебный процесс, тогда как цифровое поколение не готово к работе в доцифровой образовательной среде. Особенности цифрового поколения, такие, как восприятие, внимание, мышление, мотивация, поведенческие паттерны, образ жизни и мировоззрение, влияют на формирование целей, принципов, подходов к формированию содержания, форм и методов цифровой дидактики. Важно не только понимать негативные аспекты влияния цифровых технологий на развитие, социализацию и воспитание цифрового поколения, но и учитывать превосходящие характеристики цифрового поколения, которые можно использовать в учебном процессе [2].

Изменение парадигмы образования в связи с изменившимися информационно-технологическими возможностями современного общества и создавшейся объективной цифровой революцией в мире не оставляет современное образование в стороне от информационно-технологического взрыва. При этом новое поколение студентов Z заменяется подрастающим поколением Альфа, которые уже вошли в школьную жизнь, а стареющее поколение преподавателей X и Y постепенно заменяется новыми преподавателями поколения Z.

Сейчас существует «коммуникационный разрыв» с реальным сектором экономики и рынком инноваций, когда выпускники становятся чужаками-рекрутерами, неконкурентноспособными, выходящими на рынок труда в процессе трудоустройства. Минеева О.К., Полянская Э.В. утверждают, что это связано с тем, что сегодняшняя парадигма восприятия педагога как ретранслятора, основная роль которого состоит в том, чтобы передавать учащимся явные знания, становится ущербной в XXI веке - веке цифровой реальности [4].

В то же время изменения, которые непременно произойдут в будущем - это понимание того, что необходимо позаботиться о преодолении существующего смещения акцентов

29. Belova S.V. *Professional'no-lichnostnoe samorazvitie budushchego pedagoga, Tvorcheskaya pedagogika [Professional and personal self-development of the future teacher, Creative pedagogy]*, 2(51), 2-6 (2012). [in Russian]
30. Rom N. *Hochu govorit' krasivo! Tekhniki rechi. Tekhniki obshcheniya [I want to speak beautifully! Speech techniques. Communication techniques]* (Moskva, ARDIS, 2013, 60 s.) [Moscow, ARDIS, 2013, 60 p.]. [in Russian]
31. Kluger A.N., Itzhakov G. *The Power of Listening at Work, Annual Review of Organizational Psychology and Organizational Behavior*, 9,121-146 (2022). DOI: <https://doi.org/10.1146/annurev-orgpsych-012420-091013/>.

Сведения об авторах:

Люфт А.В. – PhD докторант, Гамбургский технологический университет, ул. Гете, 17, Гамбург, Гамбург, Германия.

Акпаева А.Б. – кандидат педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, ул. Достык, 13, Алматы, Казахстан.

Шнайдер Д.Ж. – кандидат педагогических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, Астана, Казахстан.

Lyuft A.V. – PhD doctoral student, Hamburg University of Technology Hamburg, st. Goethe, 17, Hamburg, Germany.

Акраева А.Б. – Candidate of Pedagogical Sciences, professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, st. Dostyk, 13, Almaty, Kazakhstan.

Shnaider J.Zh. – candidate of pedagogical sciences, professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, st. Satpayev, 2, Astana, Kazakhstan.



ХҒТАР 14.37.01

Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-206-220>

Заманауи педагогтердің мәдени құзыреттілігін дамыту ерекшеліктері

Г.К. Шолпанқұлова^{id}, Э.Э. Сұлтанова*^{id}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: sultan_el@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада педагогтердің «кәсіби мәдениеті мен құзыреттілігі» және «мәдени құзыреттілігін» дамытудың педагогикалық алғышарттары қарастырылады. «Педагогтердің мәдени құзыреттілігін» дамыту шарттарының маңыздысы - мәдени тұғыр негізінде үздіксіз білім беру болып табылады. Үздіксіз білім берудің оқу-тәрбие міндеттерін іске асыру мәдени тұғырға бағдарлануы тиіс. Себебі академиялық ортада мәдени-тілдік әртүрліліктің артуы «педагогтердің мәдени құзыреттілігі» мен «кәсіби құзыреттілік» деңгейін дамытуды талап етеді.

Қоғамда орын алған білім беру жүйесінің мазмұндық өзгерісі әлем трендтеріне тікелей байланысты. Сыни тұрғыдан ойлау, талдау және синтездеу, мәселелерді оңтайлы шешу қабілеті, күйзеліске төзімділік пен кәсіби икемділік еңбек нарығында сұранысқа ие негізгі дағдылар ретінде айқындалған. Құзыреттілік жүйе үлгісінің өзгеруі, интериоризация, инкультурация және әлеуметтендіру арқылы «мәдениет адамын» тәрбиелеу парадигмасына алмасуымен жүзеге асырылады. Құзыреттілік тұғырдың гуманистік сипаты мәселелерді оңтайлы шешу механизмін құруға мүмкіндік туғызса, мәдени тұғырдың ізгілендіру әлеуеті іс-әрекеттік бағытта кездесетін қиындықтарға тәуелді.

«Педагогикалық мәдениет» пен «кәсіби құзыреттілік» категориялары тақырып синтезінде кездесетін құрамдас бөліктер ретінде терең талданады. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды. Педагогтер мен оқушылар арасында өткізілген сауалнамалар, кәсіби іс-шараларға бақылау, сын-есептер мен құжаттарға жасалған мониторингілеу кешені нақты қорытындылар жасауға септігін тигізеді. «Мәдени құзыреттілік» - мәдени білім, дағды және қойылған міндеттерді жүзеге асыру әдістерінің жиынтығы, мәселені тиімді шешумен әлеуметтік және кәсіби іс-әрекеттің өнімділігін анықтау қабілеті деп түсіндіріледі. Зерттеу нәтижелері бойынша авторлар заманауи педагогтердің мәдени құзыреттілігін дамыту жолдарының бірі - педагогтердің біліктілігін арттыру деп тұжырымдайды.

Түйін сөздер: мәдени құзыреттілік, педагогикалық мәдениет, кәсіби құзыреттілік, педагогтердің мәдени құзыреттілігі, үздіксіз білім беру, педагогтердің біліктілігін арттыру.

Кіріспе

Мемлекетіміздің «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында көзделген бес міндеттің бастысы - білім сапасын халықаралық деңгей талаптарына жақындастыру болып табылады. Білім алудың ыңғайлы ортасын қалыптастыру, педагог дәрежесін көтеру, жұмыс орындарын, оқу-өндірістік объектілерді үздік стандарттарға сай жоғары технологиялармен жабдықтауда мемлекеттік қолдау көрсету - бағдарламаның ерекше тұстарының бірі. Сапалы білім тенденциясының жалпыұлттық басымдылыққа ие болуы құндылықтар құрылымының ұлттық бағдарлануына, «өмір бойы оқу» моделін сапалы атқаруға, педагог кадрлардың кәсіптік мәдени шыңдалуына тікелей байланысты [1, б.3].

Дүниежүзілік экономикалық форумда Бурцорг (Buurtzorg) денсаулық сақтау ұйымының негізін салушы Йос Де Блок «экономикасы дамыған және қалыптасушы нарыққа ие кейбір елдердегі жұмыспен қамту секторларын зерттеу барысында, жиырма бағыттың ішінде 2030 жылға дейін өзекті болжамдық кәсіптер топтамасы «оқытушы мамандарға» (Teaching professionals) тиесілі [2, б.11].

Білім беру нәтижелерінің XXI ғасырда жоғары сұранысқа ие болуы адамзаттың терең үйлесімді дамуымен сипатталады. Педагогика алдында кедейлік пен сауатсыздыққа қарсы күресу, қоғамда жиі кездесетін этностық, діни, мәдениетаралық және басқа да шиеленістерді болдырмау, шешімін табу керек өркениеттің жаңа мәселелері айқындалып отыр.

Академиялық ортада мәдени және тілдік әртүрліліктің артуы педагогтердің мәдени және кәсіби құзыреттілік деңгейін дамытуды талап етеді, себебі әрбір оқушы жоғары талаптарға сәйкес білім алуы үшін оның көптеген бейініне жауап беретін оқыту әдістемесі мәдени инклюзивтендірілуі қажет. Жүйеге бейімделуші студенттер тренді бүгінде көнерген практика. Бұл тұрғыда мәдени маңызды педагогиканың өзектілігін дәлелдейтін ғылыми зерттеулер де жеткілікті. Бірқатар ғалымдардың тұжырымдауынша, қазіргі қоғамда «мәдени-элеуметтік инкапсуляцияға» жол жоқ деп есептейді. Мәдени тілдесу кеңістігі күнделікті іскерлік операциялардан тұрады. Кәсіби топ мүшелерінің ой-пікір алмасуында байқалатын мәдени келіспеушіліктер мен мәдени ықпалдасудың бұзылуы қалыпты жағдайға айналған [3, б.57].

2022-2023 оқу жылдарына арналған әдістемелік нұсқау хатта белгіленген ұлттық басымдыққа ие өзгерістердің жүзеге асырылуы педагогтердің үздіксіз білім алуы (үш жылда бір рет) жалпы азаматтық ұстаным мен мәдени ортаның ұлттық құндылыққа бағытталуы негізінде жасалады. Бұл тұста мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, оқушылардың сандық және функционалдық сауаттылығын арттыру, жаһандық құзыреттерді игеру сияқты кешенді іс-шара жоспары көзделген. Бұл мақсаттың орындалуы білім беру процесінің қозғаушы күші, педагогтердің «мәдени құзыреттілік» синтезінде жүзеге асатын «кәсіби құзыреттілігі» мен «педагогикалық мәдениетіне» тікелей байланысты [4, б.12].

Әдебиеттерге шолу

Құзыреттілік жүйе үлгісінің өзгеруі, интериоризация, инкультурация және элеуметтендіру арқылы «мәдениет адамын» тәрбиелеу парадигмасымен алмасуына

негіз болып табылады. Құзыреттілік тұғырдың гуманистік сипаты мәселелерді оңтайлы шешу механизмін нақты құруға мүмкіндік туғызады. Керісінше мәдени тұғырдың ізгілендіру әлеуеті шынайы мақсатқа ие болғанымен, іс-әрекеттік бағытта қиындықтарға тәуелді. Сондықтан білім беру жүйесінің басты міндеттеріне - мәдениеттің өткен, осы, келер шақтарын ұштастыру, сыни ойлау дағдылары мен белсенділік әлеуетін дамыту, мәдениет пен білім арасындағы дағдарысты тұғырларды синтездеу арқылы жою, «мәдениет тасымалдаушысын жасаушы» бірегей жүйені құру идеясы жатады.

Ғылыми ізденісіміздің мақсаты жалпы орта білім беретін мектеп базасында осы жүйені қалыптастырып, әрі қарай педагог мамандардың жаңа сападағы мәдени құзыреттілік деңгейінің жетілуін өзекті мәселе ретінде анықтау болып табылады.

Полилингвалық мәдени оқу кеңістігінде педагог өз ісіне сенімділігі жоғары болуы үшін екі немесе одан көп, әртүрлі бағытта оқытушылық қызметте жүрген әріптестерімен ынтымақтастықта жұмыс істегені тиімді. Мұндай бірлестік өзіндік даму траекториясын дұрыс құруға, оқушылармен жағымды оқу іс-әрекетіне түсуге, оқу жетістіктерін жақсартуға оң әсерін тигізеді [5, б.38].

Ладсон-Биллингс өзінің бастапқы «мәдени маңызды педагогика» (1995) теориясын қайта қарастырып, ремикс нұсқасын «мәдениетке қатысты жаңа педагогика» моделі (2014) ретінде ұсынады. Теорияның мазмұнында белгіленген «студенттерді оқыту, мәдени құзыреттілік және сыни сана» сияқты компоненттердің үнемі модификациялануы үздіксіз үдеріс деп түсіндіріліп, кейінірек қайта толықтырылады. Мұнда дәстүрлі конвенцияларды жоққа шығару, әртүрлі мәдениет үлгісіне құрметпен қарау, тәжірибе алмасу арқылы академиялық табысқа жету, шығу тегі мен өз мәдениетін мақтан тұту сияқты трансформациялық сипаттамаларға ие белгілер айқындалады [6, б.74].

Педагогтердің кәсіби іс-әрекетінде мәдени құзыреттілігін дамыту ерекшеліктері «өмір бойы үйрену» моделіне тәуелді. Педагогтердің кәсіби-тұлғалық дамуының негізгі факторы - әлемдік мәдени мұраны қабылдау мен игеру арқылы өзінің кәсіби жалпы және жеке мәдениетін идентификациялауда мәдениеттану тұғырына немесе көпәспектiлi мәдени тұғырға жүгiну маңыздылығында. Себебi оны жүзеге асыру барысында оқу бағдарламасы, оқыту әдiстемесi, қатысушылардың iс-әрекет қарым-қатынасы, педагогикалық практика, оқушылар тобын басқару және бағалау сияқты сәттер ескерiледi. Сонымен қатар академиялық құзыреттiлiктi көтеруге мүмкiндiктер қарастырылады. Мұғалiмнiң қолдауы дифференциалды тепе-теңдiкте қалыптасып, оқыту практикасында әрбiр оқушының мәдени ерекшелiктерiн ескерумен жалғастырылса, оқушының өз iсiне сенiмi жоғары болады [7, б.13].

Педагогикалық ықпал ету пәні мен нысаны, білім беру мазмұны, мақсаты мен механизмдері ғылыми әдебиеттерде дербес зерттелгенімен, оның сапалық сипаттамасы «педагогикалық мәдениет» категориясында құрылады. «Педагогикалық мәдениет» ұғымын жалпы мәдениеттің бір бөлігі, мәдени кезеңдердің өзгеруі, әлемдік педагогикалық тәжірибе мазмұны ретінде кейбір авторлар (М.В. Богуславский, А.П. Валицкая, А.В. Вильвовская және т.б.) қарастырса, әлеуметтік-педагогикалық тұғырды ұстанушы ғалымдардың (В.М. Данильченко, М.И. Ситникова және т.б.) пікірінше, педагогикалық мәдениетті педагогтер ғана емес, сонымен қатар ата-аналар, тәрбиешілер мен басқа да қоғам белсенділері тасымалдайды деп санайды.

Ж.Б. Қоянбаев мұғалім сипаттамасына жете тоқтала отырып, «ұстаз бүгінге ғана емес, ертеңге, болашаққа қызмет істейді. Ол заман дамуынан артта қалмастан, өзін-өзі жан-жақты дамытуы керек», - дейді [8, б.21].

Д. Трагер мен Э. Холл «мәдениетті зерттеу мүмкін болса, оны оқып үйренуге де болады» деген тезисті ұстанады, бұл тұжырым ғылым дүниесінде зерттелген көптеген жұмыстардың пайда болуына септігін тигізді [9, б.20].

В.С. Библер мәдениетті сан алуан мәдениет индивидтерінің тұрмыс-тіршілік барысында қарым-қатынасқа, мәдениеттер диалогына түсуі, «екі реттеуші идеяның тоғысуы - индивид санасынан бастау алып, мәдениет шегіне жетелейді, мәнді ортаға әкеледі», - деп есептейді [10, б.84].

Полимәдени кеңістік жағдайындағы білім қарапайым ой-пікір күйінде қозғалыссыз қалуы тиімсіз. Керісінше алуантүрлілікті басқару арқылы мәдениетті жоғары деңгейге көтеруге болады. Бірігіп жұмыс жасау барысында ыңғайлы инклюзиялық орта түзуде мәдениаралық коммуникация мен мәдени ақпараттың стратегиялық маңызы үлкен. Себебі әртүрлі этнотопқа жататын, жас ерекшелігі мен саяси көзқарасы, өмірлік ұстанымы өзгеше тұлғалардың ортақ мақсатқа жетуінде ұйымдастырушы-корпоративтік мәдениет жеткілікті дәрежеде дамуы қажет [11, б.2-7].

Жоғары мектепте маман даярлау бағдарламалық бағыттарының жаңа түрі - пән және тілдік ықпалдастырылған оқыту болып табылады. Жаңа тұғыр негізінде екі сапалық білім беру бағдарламасын игеру көзделген. Мұнда бейінді білім, білікпен қатар студенттің кәсіби шет тілін жетік меңгеруіне мүмкіндіктер жасалған [12, б.25].

Я.В. Боровикова нағыз білімнің тасымалдаушысы болу үшін тек педагогикалық білім жеткіліксіз, әлемдік тенденциялардың мәдениет аспектісін білімнің дамуына тікелей әсер етуші фактор ретінде жоспарлау қажет деп атап көрсетеді [13, б.88].

Заманауи педагогтердің мәдени құзыреттілігін дамытудың негізгі бағыттарының бірі ретінде автоэтнографиялық зерттеулермен мұғалімдерді терең таныстыру. Аталған әдіснамалық тұғыр жергілікті білім қорын толық түсінумен қатар, мәдени сезімталдылық және мәдени-тарихи хабардарлық сапаларын игеруге жағдай туғызады. Этнограф ғалымдардың пайымдауынша мұндай өзгермелі де, көпқырлы зерттеулер адам өмірінде кездесетін тарихи, саяси, тұлғаға шартталған құндылықтарды сипаттауда болжауға қиын интерпретациялар мен репрезентацияларды ұсынады. Автоэтнографиялық ұстанымдағы зерттеуші мәдени контекстік терең талдауға түсу арқылы ең бірінші өзінің, одан соң басқаның жеке мәдени сәйкестігін анықтайды [14, б.35].

Мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы белгілі бір заңдылықтармен анықталатын күрделі, қарама-қайшылықты үдеріс. Мәдениеттің дамуы қоғам дамуының объективті заңдылықтары мен шарттары арқылы анықталады. Мәдениет көбінесе қоғамдық өндірістің жағдайы мен әлеуметтік құрылымын көрсетеді.

Адамның қазіргі әлемге кіруі, оның үнемі өзгеріп отыратын өмір сүру жағдайларына тиімді бейімделуі жаһандану концепциясына байланысты. Білім берудің мақсат-міндеттері орын алған өзгерістерге кіріктіріледі. Сонымен қатар әлеуметтік бағдарланған нәтижеге қол жеткізу мәселесін көтеру қажеттілігін тудырады. Мәдениет адам мен қоғам дамуының өлшемі ретінде сипатталып, өмір сүру мақсаты мен құндылықтар жүйесін құрайды.

В.Л. Бенин «мәдениетті» педагогикалық категория ретінде түсіндіруді тәрбиенің үш түрлі аспектісінде қарастырады: әлеуметтік-нормативтік (әлеуметтік, мәдени және кәсіби ортасына қарай сәйкестенуі); құндылық іс-әрекет (ортамен өзара байланысқа түсу, ықпалдармен алмасу, ортаның құндылықтарымен қатар, өзіндік көзқарасын бекіту); тәрбие «тетіктерінің» бірегейлігін тұлғалық қарым-қатынас арқылы іске асыру, адами қасиеттер тәрбиенің мәдениеттендіру үдерісі ретінде танылуы. Шынайы әлем пән мазмұнымен немесе объективті заңдылықтармен ғана шектелмейді, білім беру кеңістігінде еркін қозғалуда, мәселелерді шешуде мәдени құзыреттілік тұғырының маңызы үлкен [15, б.50].

Мақала шеңберінде зерттеу мәселесін терең зерделей келе, «педагогикалық мәдениет» элементін педагогикалық құзыреттіліктер жүйесінде, «мәдени құзыреттілік» құрылымын педагог тұлғасының әлеуметтік-мәдени және кәсіби құзыреттіліктер жүйесінде қарастыру қажет деп есептейміз. Ғылыми әдебиеттерді зерделеу барысында аталмыш категорияларға жеке тоқталуымыздың негізгі себебі «педагогикалық мәдениет» пен «кәсіби құзыреттілік» компоненттерінің синтезделуінен туындаған «педагогикалық мәдени құзыреттілік» ұғымының ықпалдастырылған сапалық ерекшеліктерін белгілеу.

Ғылыми әдебиеттерге негізделген контент-талдау сәйкестіктер мен айырмашылықтарды жіктеуге септігін тигізді. Сауалнамалар жүргізіліп, педагогтердің контекстік өзін-өзі бағалауы мен оқушылардың педагогикалық мәдениет туралы ой-пікірлері сараланды. Кәсіби қызмет нәтижелері салыстырылып, педагогикалық мәдени құзыреттілікті дамытудың алғышарттары мен ерекшеліктері нақтыланды.

«Мәдени құзыреттілік өзін-өзі жетілдіруге, өз бетімен білім алу барысында кездесетін таным мәселелерінде оң шешім шығаруға қажетті білім дәрежесі, өз ұстанымын анықтауда қолданылатын әмбебап білім кешені», - деп түсіндіріледі [16, б.70].

«Мәдени құзыреттілік» әрбір мамандық иесіне тән қасиет ретінде кәсіби дайындық сапасын анықтауда жетекші қызмет атқарады. Ол тұлғаның зияткерлік, рухани, шығармашылық, педагогикалық қабілеттерінің, тұлғалық қасиет-сапаларының жиынтығы, қалыптасқан педагогикалық іс-әрекет стилі, жалпы және өзіндік педагогикалық-психологиялық білімі, қалыптасқан тәжірибесі. Мәдени құзыреттілік дегеніміз мәдени білім, білік пен дағды синтезінен туындаған, үнемі жаңарып отыратын кәсіби сапа жиынтығы болып табылады. Модификациялық өзгерістердің жетекші күші - белсенді коммуникативтік қарым-қатынастарға түсу деп есептейміз. Тілдесу (ырықты немесе ырықсыз, жазбаша және ауызша, жалпы және жеке, тікелей және жанама) іс-әрекетінің нәтижесінде жағымды қорытындыларға келу коммуниканттардың мәдени құзыреттілік дәрежесіне тікелей тәуелді.

Сонымен ғылыми еңбектерге жасалған контент-талдау «мәдени құзыреттіліктің» мазмұнында «педагогикалық мәдениет» пен «кәсіби құзыреттілік» ұғымдары тығыз байланыста екенін көрсетеді (1-кестені қараңыз).

«Педагогикалық мәдениет» және «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарына контент-талдау

Авторлар	Педагогикалық мәдениет
М.В. Богуславский, А.П. Валицкая, Г.Ф. Карпова, З.И. Равкин және т.б.	Жалпы адамзат мәдениетінің бөлшегі, әлемдік педагогиканың тәжірибесін мазмұнға сіңірген, ғылым мен білім тарихындағы білім беру парадигмасының өзгеруі ретінде қарастырады.
В.М. Данильченко, И.Ф. Исаев, Г.И. Риц және т.б.	Ұрпақаралық және педагогикалық әсерден туындайтын әлеуметтік құбылыс сипатында, қоршаған ортаның педагогизациясының жемісі ретінде көрсетеді.
Г.В. Звездунова, Е.Ю. Захарченко	Ортаның мәндік сипаты, өмір сүру салты, педагогикалық жүйе, жаңа қалыпқа өту қозғалысы.
А.В. Барабанщиков Т.В. Иванова	«Педагогикалық мәдениеттің» негізгі категориясы ретінде «тәжірибені» белгілейді және ол «педагогикалық мәдениет» ұғымының мәнін педагогикалық тұрғыда бейімдеуге шақырады.
Авторлар	Кәсіби құзыреттілік
Дж.Равен, Р.Уайт, П.Бурдые және т.б.	Белгілі пәндік іс-әрекет аясында тұлғаның оңтайлы практикалық шешім қабылдауы.
Л.А. Петровская, Л.М. Митина	Педагогикалық іс-әрекет барысында қолданылатын білім, білік, дағдылар жиынтығы және тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі. Құзыреттіліктің интегративті күрделі болмысы оның құрамдас бөлшектері арқылы көрсетіледі.
Н.Ю. Емельянов	Белсенділіктің әлеуметтік және жеке түрлерін жетік меңгеру деңгейі өзіндік қабілеттеріне сәйкес қоғамда толыққанды өмір сүру формасы ретінде түсіндіреді.
Е.И. Огарев	Құзыреттілікті бағалау категориясы тұрғысында қарастыра келе, адам қабілеттерін дамыту арқылы арнайы мамандандырылған қызметті тиімді атқару мүмкіндігі деп тұжырымдайды.

Қорыта келгенде, мәдени құзыреттілік категориясы интегративті синтезделген құбылыс. Оның құрылымдық тізбегінде «педагогикалық мәдениет» пен «кәсіби құзыреттілік» сияқты негізгі компоненттер бар. Кәсіби ортада мәндік сапаны модификациялау кезінде ұлттық құндылықтарды, оқу-тәрбие біртұтастығын, көптілділік пен мәдени әртүрлілік сияқты қағидаларды ескеру қажет.

Зерттеу әдістері

2021-2022 оқу жылында Астана қаласы №36 орта мектеп базасында зерттеудің бастапқы кезеңі өткізілді. Зерттеу нысаны ретінде 60 респондент іріктеліп алынды. Топтың сапалық құрамының дифференциалдық көрсеткіші өте жоғары. Іріктелген құрамда жоғары, орта кәсіптік педагогикалық білімі бар жас педагогтер (5,5%), педагог-модераторлар (10%), педагог-сарапшылар (22%), педагог-зерттеушілер (27,5%),

білім беру саласының үздіктері (5%) мен магистрлік дәрежелі (24%) мамандар да бар. Регрессиялық көрсеткіш 0,25% шамасына тең. Сонымен қатар, респонденттердің мәдени сапалық құрамы сандық статистика әдісімен анықталды. Шамамен жиырмаға жуық ұлт өкілдерінен тұратын сапалық топтың қазақ ұлтымен пайыздық қатынасы 55:45 құрайтыны белгілі болды.

«Педагогтің кәсіби іс-әрекетіне өзіндік талдау» сауалнамасының мазмұнында төмендегі сұрақтар бар [17]:

1. Педагогтің негізгі бағыты қандай болу керек: өз пәнін жетік білуде; оқушы тұлғасын дамытуда; білім беру үдерісінде жағымды атмосфера құруда.

2. Педагогтің кәсіби іс-әрекетін бағалаудағы негізгі параметрлерді белгілеңіз: теориялық білімі; практикалық білігі; байланысқа бейімділігі; құжаттарды сауатты рәсімдеуі; мамандықтың сұранысқа ие болуы.

3. Кәсіби құзыреттілікті не анықтайды: білім, білік, дағды; көпшілдік, байланысқа бейімділік; білімдарлық; қиындықтарды жеңуге қабілеттілік; практикалық тәжірибе.

«Кәсіби мәселелерді шешу деңгейін анықтау» мақсатында фокус-топ мүшелері қатысқан сабақтардың кешенді талдауын жүргізді. Мұғалімдердің тоқсандық, жартыжылдық сын-есептері мен оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеу әдісі қолданылды. Мектепшілік бақылау жоспарында көзделген іс-шараларға кәсіби бақылау жасалды. Кешенді сараптау нәтижесінде педагогтердің кәсіби мәселелерді шешу деңгейлері келесі шкаламен анықталды (2-кесте) [18].

Кесте 2

Кәсіби мәселелерді шешу деңгейін анықтау мониторингісі

Деңгей	Тұрақты мәселелер	Мақсатты белгілеу және жоспарлау
Бірінші деңгей (1-3 балл)	Педагог мәселенің бар екенін мойындайды. Себептерін түсіндіруге әрекет жасайды.	Мәселелерді шешуге мақсат-міндеттерді құрастыруда басқалардың ойына жүгінеді.
Екінші деңгей (4-6 балл)	Жағдайды сипаттай отырып, өз іс-әрекеттерін белгілейді. Әлеуетті жағдайдың орын алуын негіздейді.	Басқа оқытушылармен бірлесіп адекватты міндеттер мен іс-әрекет мақсаттарын тұжырымдайды.
Үшінші деңгей (7-9 балл)	Идеалды және шынайы жағдайлардағы қарама-қайшылықтарды көрсетеді.	Мақсаттарды жүзеге асыруда кедергілерді белгілейді. Өзіндік пікірін дәлелдеуге тырысады.
Төртінші деңгей (10-12 балл)	Мәселені тұжырымдауға себептерді анықтау арқылы жетеді. Мәселенің қандай салдары болуын алдын-ала болжайды.	Мәселелерді шешудің әдіснамалық мүмкіндіктерін ұсынады. Мақсатқа жетуде стратегиялық жоспарды баламалы талдау негізінде құрады.


Жоғарғы сынып оқушыларының педагогикалық мәдениет пен кәсібилік жайында жалпы ой-пікірлерін, философиялық деңгейдегі көзқарастарын білуге бағытталған түсіндірмелі-иллюстративті анкеталау да орын алды.

Түсініктер деңгейін анықтауға арналған өзін-өзі бағалау сауалнамасы А және Б блоктық сұрақтардан тұрады. Педагогтердің мәдени құзыреттілік деңгейін анықтауда тілдерді білу, шетелге саяхаттау немесе оқу және басқа мәдени ортаның өкілімен жақсы қарым-қатынаста болу тәжірибесі сияқты үш түрлі көрсеткішпен бағаланатын авторлық әдістемелік анкеталаудың басты мақсаты орындалып, мәдениаралық коммуникация құзыреттілігінің «мәдени құзыреттілікті» дамытуға жағымды ықпалы анықталды. Анкета мазмұнында тіл меңгерудің деңгейлік көрсеткішін, шетел аумағында болу себептерін анықтайтын сұрақтардан басқа мәдениаралық тілдесуге түсудің ерекшеліктеріне байланысты жағдаятты шағын кейстер берілген. Лайкерттің бес баллдық жауап парақтары (толығымен келісемін-толықтай келіспеймін) негізінде жауаптар жинақталды.

Нәтижелер

Мониторингтік жұмыстың нәтижесінде келесі көрсеткіштер алынды: іріктелген топтың 13%-ы бірінші деңгейлік, 25%-ы екінші деңгейлік, жоғарғы деңгейдің пайыздық қатынасы 44:18; топтарды деңгейлік дәрежелерін 2:2 қатынаспен қарастырсақ, ұжымның әлеуеті 62%-ды құрайды. Орта есеппен қатысушылардың 90%-ы кәсібіне қанағаттанады, мақтан тұтады, өзін кәсіби құзыретті деп санайды, 40%-ы «педагогикалық мәдениет» пен «мәдени құзыреттілік» терминдерінің айырмашылықтарын ажырата алмайды.

Төмендегі 1 - суретте респонденттердің сандық нәтижелері көрсетілді.




Сурет 1. Кәсіби мәселелерді шешу деңгейін анықтау

Оқушылардың оқу жетістіктері мен іріктелген топ мүшелерінің өзін-өзі бағалау мен өткізілген сабақтарды әкімшілік-әдістемелік бақылау және құжаттарды мониторингілеу арасында бірқатар сәйкеспеушіліктер туындады. Пандемиядан кейін орын алған білім сапасының күрт төмендеуі, тәрбие мәселесіндегі дағдарыс, зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындай түсті. Сол себепті кері байланыс орнату мақсатында жоғарғы

сынып оқушыларымен жас ерекшелік принципін қатаң қадағалай отырып, анықтаушы жасырын анкеталау жүргізілді. Анкеталау ашық жауап алуға мақсатталған он үш түсіндірмелі сұрақтан, бір кері байланыс айдарынан тұрады. Мәселен 4-інші сұрақтың мазмұны мынадай: «Адам құндылықтары заман талабына сай өзгеріп отыруы мүмкін. Дегенмен кейбір құндылықтар мәңгі болып саналады. Сіздің құндылықтар тізбегіңіз қандай болмақ?». Бұл сұраққа білім алушылардың 90%-ы келешекте құзыретті, жоғары сұранысқа ие маман иесі болуды мақсат тұтатынын, отбасы құндылықтарын маңызды деп санайтынын атаған. «Педагог маманның мәдениет деңгейі пәндік біліміне қарағанда маңыздырақ па? Мұғалім мәдениетін дамытуда ұсыныстарыңыз бар ма?», - деген сұрақтарға көпшілігі (75%) оң жауап беріп, мұғалімдерге мәдениетті дамытудың мәнін әртүрлі себептермен түсіндіреді. «Заманауи қазақстандық мәдениеттің мәні неде?», - деген сұраққа да мазмұнды жауаптар алынды.

«Үздіксіз білім алу» парадигмасында педагогтердің мәдени құзыреттілігін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері педагогикалық үдерістің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады. Кәсібилік пен педагогикалық мәдениет компоненттерінің жақындасуы бір жағынан тұлға дамуына, екінші жағынан мемлекет тапсырысына толықтай жауап береді.

Мәдени құзыреттіліктің бастапқы деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген анкеталау нәтижесі екі түрлі топ (тіл мамандары мен басқалары) мұғалімдерімен жүргізілді. Келесі диаграммада салыстырмалы көрсеткіштер берілген (2-сурет):



Сурет 2. Мәдени құзыреттіліктің бастапқы деңгейі

Педагогикалық іс-әрекетте мәдени құзыреттілікті жүйелі дамыту ерекшеліктерінің теориялық әдіснамасын негізге ала отырып, бес сатыдан тұратын, 2022-2023 оқу жылына белгіленген кешенді қалыптастырушы эксперимент бағдарламасы түзілді.

Диагностикалау кезеңінде анықталған қарама-қайшылықтарды оңтайлы шешуге жоспарланған кең ауқымды тәжірибенің басты мақсаты заманауи педагогтердің мәдени құзыреттілігін дамыту мәселесі болып табылады. «Педагог іс-әрекетінде мәдени құзыреттілікті дамыту» атты мектепшілік 80 сағат көлеміндегі оқу курс бағдарламасы мазмұнында қарастырылатын «мәдениет философиясы», «ғылым

әдіснамасы», «мәдениет пен адам дамуының психологиясы», «педагогикалық мәдениет», «педагогикалық конфликтология және педагогикалық менеджмент» атты бес модульдің практикалық маңыздылығының жоғары саналуы әр модульдің нәтижесі ретінде жасалатын іс-шараларға байланысты.

Сонымен «педагогтің мәдени құзыреттілігін» дамыту алғышарттары оның құрамдас бөліктеріне тікелей тәуелді. «Мәдени құзыреттілік» кең спектрлі әсер етуші, кіріктірілген, әмбебап құзыреттіліктер сапасы ретінде белгілі. Олар:

1) қоғамның басқа қатысушыларымен сөйлеу қатынасына, мәдени диалогқа түсуі, тәжірибе алмасуы, ақпаратпен бөлісуі, жазбаша және ауызша тілдесу құралдарын қолдануымен анықталатын коммуникативтік іс-әрекет құзыреттілігі;

2) әлеуметтік еңбекке, кәсібін адал атқаруға дайын болуы, әріптестерімен бірлесе жұмыс істеуі, жағымды өзара әрекеттесуі, социумда басқа адамдардың ұстанымын түсінуі, қоғамдағы орнын ұғынуы, жеке және жалпы қызығушылықтардың тепе-теңдігін ұстауымен сипатталатын әлеуметтік құзыреттілік;

3) ақпараттық-әдіснамалық құзыреттілік өзіндік таным белсенділігінің заманауи қоғамдағы ақпараттың маңызды рөлін түсінуші білім, білік және тәжірибе жиынтығы.

Қорытынды

Қорыта келе, педагогтердің «мәдени құзыреттілік» ұғымын әрі қарай нақтылау ғылыми-қолданбалы және педагогикалық маңызы терең. Білім алушы ұрпаққа қоғамда кездесетін теріс мәдениетке қарсы, өзін-өзі мәдени детерминациялау, әлеуметтік беріктендіру және сақтануға шақыратын гуманистік білім нәтижесі болып табылады. Педагогикалық мәдени құзыреттілікті дамытуға арналған іс-шаралар кешенді принципте ұйымдастырылуы - оқушылардың академиялық табысқа жетуіне оң ықпалын тигізеді.

Педагогтерге үздіксіз кәсіби білім беру оның жеке дара кәсіби тәжірибесін, шығармашылық қабілетін, кәсіби педагогикалық мәдениетін, тұтас алғанда мәдени құзыреттілігін дамытудың алғышарты болып табылады.

Сондықтан педагогтердің кәсіби іс-әрекетінде мәдени құзыреттілігін дамыту тиісті дәрежеде қолға алынуы тиіс. Мектептің оқу-тәрбие жұмысы педагогика ғылымының әдіснамасына сәйкестендіріліп, теория мен практика арасындағы алшақтықты жоюға бағытталып жоспарлануы қажет.

Сонымен бірге болашақта педагогтердің мәдени құзыреттілігінің дамуына әсер ететін басқа да әлеуетті факторларды анықтау керек. Мектеп оқушыларының зияткерлік мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған және мәдениетке қатысты педагогикалық әдіснаманың практикаға терең енуі үшін ғылыми ізденісімізді педагогтердің мәдени құзыреттілігін дамытуға арналған мектепшілік курс бағдарламасы жобасы аясында жалғастырудамыз.

Жалпы мәдени құзыреттілік мәдени кеңістікті меңгеру тәжірибесімен, білім, тәрбие және даму деңгейімен шартталған тұлғаның интеграциялық қабілеті, міндеттерді шешу кезінде бағалау өлшемі ретінде мәдени стандарттарды пайдалануға танымдық, дүниетанымдық, өмірлік сипаттағы бағыттылық деп анықталады.

Авторлардың үлесі

Сұлтанова Э.Э. – мақала тақырыбының аясында кездесетін проблемалық аймақты диагностикалауға белсене қатысты. Әдебиеттерге контент-талдау жасау арқылы «мәдени құзыреттілікті» дамыту концепцияларының орта білім беру жүйесіндегі практикалық маңызы бар идеяларды ықпалдастырды. Нәтижесінде зерттеу әдістемесінің жоспарын құрастырды, оны іс-тәжірибе жүзінде тексеріп, бірқатар қорытындыларды ұсынды. «Педагог іс-әрекетінде мәдени құзыреттілікті дамыту» атты мектепшілік оқу курс бағдарламасының кешенді жинағын жасады.

Шолпанқұлова Г.К. – педагогтердің кәсіби іс-әрекетінде айқындалатын «мәдени құзыреттілік» сапалық құрылымын теориялық-әдіснамалық тұрғыда жүйеледі, компоненттерді жіктеп талдады. Синтездеу арқылы белгіленген интегративті сипаттарды анықтауда бірқатар ғылыми еңбектерге сүйеніп, эксперимент негізін жоспарлады. Алынған нәтижелерді интерпретациялауда қорытынды пікірлерді қалыптастырды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің №726 қаулысы. [Электронды ресурс] – URL: <http://surl.li/plaph> (жүгінген күні: 08.11.2022).
2. WEF. Jobs of Tomorrow: The Triple Returns of Social Jobs in the Economic Recovery // WHITE PAPER MAY. – Geneva, Switzerland, 2022. – P. 8-9.
3. Ondracek J., Saeed M. Qualitative exploration of cultural diversity in multinational teams: Leadership perspectives // Splint International Journal of Professionals. – 2023. – Vol. 10(3). – P. 213-229.
4. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». [Электронды ресурс] – URL: <http://surl.li/ohkwn> (жүгінген күні: 05.08.2022).
5. Giles A., Yazan B. Constructing teacher identity in teacher collaboration: what does it mean to be a teacher of culturally and linguistically diverse English learners? // Journal on Efficiency and Responsibility in Education and Science. – 2023. – Vol. 16(1). – P. 36-45.
6. Ladson-Billings G. Culturally relevant pedagogy 2.0: aka the remix // Harvard Educational Review. – 2014. – Vol. 84(1). – P. 74-84.
7. Koubek E., Wasta S. Preservice Teachers' Experiences on Becoming Culturally Responsive Educators: An Action Research Case Study // Journal on Efficiency and Responsibility in Education and Science. – 2023. – Vol. 16(1). – P. 12-25.
8. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 240 б.
9. Hall E., Trager D. Culture as communication. – NY, 1954. – P. 19-24.
10. Библер В.С. Итоги и замыслы (конспект философской логики культуры) // Вопросы философии. – 1993. – №5. – С. 75-93.
11. Silva B.D.O., Camillo E.S., Guaraldo T.S.B. Cultural competence in diversity management: a case study in a public library // Palabra Clave. – 2023. – Vol. 13(1). – P. 1-23.
12. Sysoyev P.V. Teacher Training for Content and Language Integrated Learning at the University // Higher Education in Russia. – 2021. – Vol. 5. – P. 21-31.

13. Боровикова Я.В. Современное образование взрослых в контексте деятельности ЮНЕСКО как интеллектуального центра межправительственного сотрудничества по вопросам образования, науки и культуры // Актуальные проблемы гуманитарных наук (педагогика, психология, история, социология, политология): межвузовский сборник научных статей. – 2010. – № 8. – С. 86-90.
14. Amadio K. Critical Reflection on Cultural Competence: The Teacher as an Autoethnographic Researcher // Journal of the International Society for Teacher Education. – 2023. – P. 32-44.
15. Бенин В.Л. Педагогическая культурология. – Москва: Флинта, 2016. – 370 с.
16. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. – Москва: Академия, 2000. – 176 с.
17. Lopes-Murphy S. The Influence of Cross-Cultural Experiences & Location on Teacher's perceptions of Cultural Competence // Journal of the Scholarship of teaching and learning. – 2016. – Vol. 16(3). – P. 57-71.
18. Бенин В.Л., Жукова Е.Д., Василина Д.С. Культурологическая компетентность субъекта профессионально-педагогической деятельности. – Москва: Флинта, 2016. – 299 с.

Г.К. Шолпанкулова, Э.А. Султанова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Особенности развития культурологической компетентности современных педагогов

Аннотация. В статье рассматриваются предпосылки развития профессиональной культуры, культурологической компетентности педагогов. Важнейшим условием развития «культурологической компетентности» педагогов является непрерывное образование на основе культурологического подхода. Реализация учебно-воспитательных задач непрерывного образования должна быть ориентирована на культурную основу, так как рост культурно-языкового разнообразия в академической среде требует развития уровня культурологической компетентности.

Содержательное изменение системы казахстанского образования напрямую связано с мировыми трендами. Критическое мышление, анализ и синтез, способность оптимально решать проблемы, стрессоустойчивость, профессиональная гибкость определены как основные навыки, востребованные на рынке труда. Компетентность реализуется через интериоризацию, инкультурацию и социализацию с обменом на парадигму воспитания «человека культуры». В то время как гуманистический характер компетентностного принципа позволяет создать механизм оптимального решения возникших вопросов, гуманизирующий потенциал культурологического подхода зависит от преодоления трудностей деятельностного направления.

Категории «педагогическая культура и профессиональная компетентность» как составляющие компоненты основной темы глубоко проанализированы в ходе исследования. Сделан детальный обзор научной литературы. В статье даны результаты проведенных опросов и анкетирования среди педагогов и учащихся, выполнен контроль профессиональных мероприятий. Комплексный мониторинг рефлексивных анализов и соответствующих документов способствовали составлению конкретных выводов.

Под «культурологической компетентностью» понимается совокупность культурных знаний, умений и методов реализации поставленных задач, способность определять продуктивность социально-профессиональной деятельности. В итоге научного поиска авторы сделали вывод, что одним из путей развития культурологической компетентности является повышение квалификации педагогов.

Ключевые слова: культурологическая компетентность педагогов, педагогическая культура, профессиональная компетентность, непрерывное образование, повышение квалификации педагогов.

G.K. Sholpankulova, E.A. Sultanova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Features of development of modern teachers' cultural competence

Abstract. The article examines the prerequisites for the development of professional culture, competence and cultural competence of teachers. The most important condition for the development of the teachers' cultural competence is continuous education based on a cultural approach. The implementation of the educational tasks of life-long education should be oriented towards a cultural basis. Today the growth of cultural and linguistic diversity in the academic environment requires the development of the level of teachers' cultural competence.

The significant changes in Kazakhstan's education system are directly related to global trends. Critical thinking, analysis and synthesis, the ability to optimally solve problems, stress tolerance, and professional flexibility are identified as the main skills in demand in the labor market. Competence is realized through interiorization, inculturation and socialization with an exchange for the paradigm of education of the "man of culture". While the humanistic nature of the competence principle makes it possible to create a mechanism for the optimal solution of the issues that have arisen, the humanizing potential of the cultural approach depends on the difficulties of the activity direction.

The categories of "pedagogical culture and professional competence" as components of the main topic are deeply analyzed in the course of the study. A detailed review of the scientific literature is made. The article presents the results of surveys and questionnaires among teachers and students, and controls professional activities. Comprehensive monitoring of reflexive analyses and relevant documents contributed to the drawing of specific conclusions of the work.

"Cultural competence" refers to the totality of cultural knowledge, skills and methods of implementing tasks, the ability to determine the productivity of socio-professional activities. As a result of the scientific research, the authors concluded that one of the ways to develop cultural competence is to improve the skills of teachers.

Keywords: cultural competence, pedagogical culture, professional competence of teachers, teacher's cultural competence, life-long education, improving of pedagogical qualification.

References

1. Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin №726 kaulysy [Resolution No. 726 of the Government of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] – Available at: <http://surl.li/plaph> (accessed: 08.11.2022). [in Kazakh]
2. WEF. Jobs of Tomorrow: The Triple Returns of Social Jobs in the Economic Recovery. WHITE PAPER MAY (Geneva, Switzerland, 2022, 8-9 p.).
3. Ondracek J., Saeed M. Qualitative exploration of cultural diversity in multinational teams: Leadership perspectives, *Splint International Journal of Professionals*, 10(3), 213-229 (2023).
4. “2022-2023 oku jylynda Kazakhstan Respublikasynin orta bilim беру uymdarynda oku-tarbie protses in uymdastirudyn erekshelikteri turaly” [About the peculiarities of the organization of the educational process in secondary educational organizations of the Republic of Kazakhstan]. Adistemelik hat [Instructive Methodical Paper]. [Electronic resource] – Available at: <http://surl.li/ohkwn> (accessed: 05.08.2022). [in Kazakh]
5. Giles A., Yazan B. Constructing teacher identity in teacher collaboration: what does it mean to be a teacher of culturally and linguistically diverse English learners? *Journal on Efficiency and Responsibility in Education and Science*, 16(1), 36-45 (2023).
6. Ladson-Billings G. Culturally relevant pedagogy 2.0: aka the remix, *Harvard Educational Review*, 84(1), 74-84 (2014).
7. Koubek E., Wasta S. Preservice Teachers’ Experiences on Becoming Culturally Responsive Educators: An Action Research Case Study, *Journal on Efficiency and Responsibility in Education and Science*, 16(1), 12-25 (2023).
8. Koyanbayev Zh.B. *Pedagogika* [Pedagogy] (Almaty, Rauan, 1992, 240 s.). [in Russian]
9. Hall E., Trager D. Culture as communication (NY, 1954, 19-24 p.).
10. Bibler V. S. Itogi i zamysly (conspecty filosofhsko-logichesskoi kultury) [Results and intentions (compendium of the philosophical logic of culture)], *Voprosy Filosofyi* [Questions of Philosophy], 5, 75-93. (1993). [in Russian]
11. Silva B.D.O., Camillo E.S., Guaraldo T.S.B. Cultural competence in diversity management: a case study in a public library, *Palabra Clave*, 13(1), 1-23 (2023).
12. Sysoyev P.V. Teacher Training for Content and Language Integrated Learning at the University, *Higher Education in Russia*, 5, 21-31 (2021).
13. Borovikova I.V. Sovremennoe obrazovanie vzroslyh v kontekste deyatolnosti UNESCO kak intelektualnogo tsentra mejpravitelstvennogo sotrudnichestva po voprosam obrazovania, nauki i kultury [Modern adult education in the context of UNESCO's activities as an intellectual center for intergovernmental cooperation on education, science and culture], *Actualnye problemy gumanitarnykh nauk: pedagogika, psichologiya, istorya, socialogiya, politologiya* [Actual problems of humanitarian sciences: pedagogy, psychology, history, politics], *Mezhvuzovskij sbornik nauchnyh statej* [Interuniversity collection of scientific papers], 8, 86-90 (2010). [in Russian]
14. Amadio K. Critical Reflection on Cultural Competence: The Teacher as an Autoethnographic Researcher, *Journal of the International Society for Teacher Education*, 32-44 (2023).
15. Benin V.L. *Pedagogicheskaya kul'turologiya* [Pedagogical culturology] (Moskva, Flinta, 2016, 370 s.) [Moscow, Flinta, 2016, 370 p.]. [in Russian]

16. Kodzhaspirova G.M., Kodzhaspirov A.Yu. Pedagogicheskij slovar` [Pedagogical dictionary] (Moskva, Akademiya, 2000, 176 s.) [Moscow, Academy, 2000, 176 p.]. [in Russian]

17. Lopes-Murphy S. The Influence of Cross-Cultural Experiences & Location on Teacher's perceptions of Cultural Competence, Journal of the Scholarship of teaching and learning, 16(3), 57-71 (2016).

18. Benin V.L., Zhukova E.D., Vasilina D.S. Kulturologicheskaya kompetentnost' subyekta professionalno-pedagogicheskoi deyatolnosti: [Culturological competence of the subject of professional and pedagogical activity] (Moskva, Flinta, 2016, 299 s.) [Moscow, Flinta, 2016, 299 p.]. [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Шолпанқұлова Г.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика кафедрасының профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан.

Сұлтанова Э.А. – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 3 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан.

Sholpankholova G.K. – Candidate of Pedagogical Sciences, associative professor of the Department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Yanushkevich, 6, Astana, Kazakhstan.

Sultanova EA. – 3rd year doctoral student of EP “Pedagogy and psychology”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Yanushkevich, 6, Astana, Kazakhstan.



МРНТИ: 14.35.07

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-221-229>

Научная статья

Научно-методические основы многолетней подготовки высококвалифицированных женщин и девушек-борцов вольным стилем

А.А. Примбетов 

Нукусский филиал Узбекского государственного университета физической культуры и спорта,
Нукус, Каракалпакстан

(E-mail: azamat.1383@mail.ru)

Аннотация. В данной статье рассматриваются научно-методические основы многолетнего тренировочного процесса женщин и девушек высокой квалификации в сфере вольной борьбы. Сосредоточив внимание на уникальных физиологических и психологических аспектах спортсменок, исследование изучает эффективные методологии тренировок, стратегии периодизации и системы психологической поддержки, необходимые для воспитания результатов на элитном уровне. Основываясь на пересечении спортивной науки и гендерно-ориентированной подготовки, статья дает представление об оптимизации долгосрочных путей развития спортсменок для женщин-борцов вольного стиля. Выясняя научные основы, данная работа призвана способствовать совершенствованию тренерской практики и подготовки спортсменок в женской вольной борьбе.

Ключевые слова: долгосрочное развитие спортсменок в женской вольной борьбе, научные основы, методические подходы, выступления на элитном уровне, стратегии периодизации, гендерно-ориентированная подготовка, психологическая поддержка, подготовка спортсменок, тренерская практика.

Введение

Участие женщин в вольной борьбе в последние годы резко возросло, демонстрируя исключительный атлетизм и мастерство. Поскольку известность женщин и девочек в этом динамичном виде спорта продолжает расти, становится необходимым углубиться в научные и методологические основы, определяющие их долгосрочную подготовку. Целью этой статьи является исследование сложного баланса между физиологическими соображениями, гендерно-ориентированными методиками тренировок и системами психологической поддержки, необходимыми для воспитания высококвалифицированных женщин и девушек в вольной борьбе.

Стремление понять и оптимизировать тренировочные процессы спортсменок требует синтеза спортивной науки, гендерно-специфичных принципов тренировок и тонкого подхода к долгосрочному развитию спортсменок. Признавая особые физиологические особенности женщин и девочек, первостепенное значение приобретают индивидуальные методики обучения (Smith, 2017). Поскольку женская вольная борьба привлекает все больше внимания, существует необходимость выяснения научных основ, которые лежат в основе эффективных тренерских практик и стратегий подготовки спортсменок, специфичных для этой демографической группы.

Долгосрочное развитие элитных женщин-борцов вольного стиля требует всестороннего понимания стратегий периодизации, охватывающих как физические, так и психические аспекты. Исследования показывают, что успешное долгосрочное развитие спортсмена предполагает тщательно структурированный план тренировок, в котором особое внимание уделяется различным аспектам физической и технической подготовки в течение отдельных периодов тренировок (Brown et al., 2019). Более того, нельзя упускать из виду психологические аспекты тренировок и соревнований, подчеркивая важность психологической устойчивости и систем поддержки, адаптированных к уникальным проблемам, с которыми сталкиваются спортсменки в этом требовательном виде спорта (Джонс, 2020).

Данная статья, исследуя научные и методические основы, призвана предоставить тренерам, спортивным ученым и практикам ценную информацию по оптимизации долгосрочной подготовки высококвалифицированных женщин и девушек по вольной борьбе. Основываясь на стыке спортивной науки и гендерно-специфической подготовки, эта работа способствует развитию дискуссии об эффективных стратегиях развития спортсменок в женской вольной борьбе.

Материалы и методы

1. Физиологические аспекты женской вольной борьбы:

Физиологические особенности спортсменок играют решающую роль в формировании эффективных методик тренировок. Исследование Смита (2017) подчеркивает необходимость детального понимания уникальных физиологических особенностей женщин, занимающихся спортом. В контексте вольной борьбы это предполагает

адаптацию программ тренировок с учетом таких факторов, как гормональные колебания, плотность костей и состав мышц. Всестороннее понимание этих физиологических нюансов необходимо для разработки режимов тренировок, которые оптимизируют производительность и одновременно снижают риск травм.

2. Долгосрочные стратегии развития спортсменов:

Долгосрочное развитие спортсменов – это многогранный процесс, требующий стратегического и периодического подхода. Браун и др. (2019) подчеркивают важность хорошо структурированного плана тренировок, охватывающего всю карьеру борцов вольного стиля. Это предполагает систематическое продвижение через различные этапы обучения, каждый из которых фокусируется на определенных аспектах физической, технической и тактической подготовки. Адаптируя интенсивность и объем тренировок в соответствии со стадией развития спортсмена, тренеры могут оптимизировать долгосрочный потенциал высококвалифицированных женщин и девушек в вольной борьбе.

3. Методики гендерного обучения:

Признание гендерно-ориентированных методик тренировок имеет решающее значение для успеха женщин-борцов вольного стиля. Используя знания спортивной науки, тренеры могут адаптировать программы тренировок в соответствии с физиологическими и биомеханическими характеристиками, уникальными для женщин (Смит, 2017). Это может включать в себя индивидуальные программы силовой и физической подготовки, упражнения по развитию навыков и протоколы восстановления, учитывающие особые потребности спортсменок. Принимая во внимание гендерную специфику тренировок, тренеры могут повысить эффективность и результативность долгосрочного развития спортсменок в женской вольной борьбе.

4. Психологическая устойчивость и системы поддержки:

Джонс (2020) подчеркивает психологический аспект долгосрочного развития спортсменок в женской вольной борьбе. Психическая устойчивость спортсменов имеет решающее значение в спорте, который требует не только физического мастерства, но и сильного мышления. Тренеры и вспомогательный персонал должны осознавать и решать уникальные психологические проблемы, с которыми сталкиваются женщины и девушки в сфере вольной борьбы. Внедрение индивидуальной тренировки умственных навыков и создание надежных систем поддержки способствуют целостному развитию спортсменов, повышая устойчивость, необходимую для устойчивого успеха.

В освоении научно-методических основ многолетней подготовки женщин и девушек высокой квалификации по вольной борьбе необходим целостный подход. Объединив данные из области физиологии, долгосрочного развития спортсменов, тренировок с учетом пола и психологической устойчивости, тренеры и специалисты-практики могут оптимизировать тренировочный процесс. Такое всестороннее понимание не только повышает спортивные результаты, но и способствует более широкому обсуждению вопросов повышения мастерства в женской вольной борьбе. Поскольку этот вид спорта продолжает развиваться, постоянное совершенствование методик тренировок будет способствовать раскрытию всего потенциала спортсменок в вольной борьбе.

Теоретическая основа

Подготовка спортсменов высокой квалификации осуществляется на основе теоретической базы, охватывающей различные дисциплины, в том числе биомеханику, физиологию, психологию и спортивную педагогику (Верхошанский, 1998; Иссурин, 2008). Эти дисциплины дают представление о механизмах повышения производительности и предотвращения травм, позволяя тренерам разрабатывать и реализовывать тренировочные программы, которые являются одновременно эффективными и безопасными.

Физическая подготовка

түседі, ал екіншісі өрескел манипуляциялық стратегияны қолданады. Опасыздық жағдайында «бейімделген» ерлі-зайыптылар сатқындық жағдайында не болып жатқанын түсінудің жоғары танымдық мүмкіндіктерін, жанжалды шешудің көптеген нұсқаларын, серіктестің мінез-құлық және эмоционалдық реакцияларын болжау қабілетін көрсетеді. «Бейімделмейтіндер» алаңдаушылық пен шиеленісті арттырады, жанжалдың шиеленісуі, бұл тек некелік байланыстардың бұзылуына ғана емес, сонымен қатар қарама-қарсы жыныспен одан әрі қарым-қатынаста айтарлықтай қиындықтарға әкеледі [7].

Ерлі-зайыптылар опасыздығы теориясында оған дайындық дәрежесі маңызды орын алады. А. Я. Перехов пен В. Н. Думабай сатқындыққа дайын болуды оның көрегендігі ретінде ерлі-зайыптылардың сатқындыққа қалыптасқан бейімділігі деп атайды. Дайындық құрылымы жеке дамудың жалпы заңдылықтарымен анықталады және танымдық, эмоционалды және тұлғалық компоненттерден тұрады. Авторлар бұл компоненттерді опасыздықтың себептері, жағдайлары мен салдары, сатқындық ықтималдығымен байланысты жұбайының қасиеттері, сондай-ақ сатқындық жағдайын тудыратын жұбайының сезімдері мен эмоциялары туралы білумен байланыстырады [8].

М.П. Кабакованың жүргізген зерттеулері бірлескен өмір процесінде неке қатынастарын тұрақтандыру факторлары мен тетіктерін анықтауға бағытталған, өйткені жыл сайын ажырасу санының өсуі байқалады. Автор алғаш рет отбасын, оған енгізілген адамдардың бірлескен өмірінің жиынтық субъектісі ретінде қарастырады. Ерлі-зайыптылық қатынастарды тұрақтандыру ерлі-зайыптылардың бірлескен өмірінің шарты мен нәтижесі болып табылады, оның негізіне жалпы мағыналық қор құру процесін қалыптастыру және оны әрбір отбасы мүшесінің қабылдау механизмдері жатыр [9].

Жалпы мағыналық құрудың қалыптасуы және оны әрбір серіктестің меңгеру көрсеткіші - ерлі-зайыптылардың отбасылық құндылықтарының, көзқарастарының, идеяларының, үміттерінің үйлесімділік дәрежесі ретінде анықталады. Демек, бірлескен өмір «отбасы» жүйесіндегі негізгі жүйе құраушы фактор болып табылады.

Зерттеу әдістері

Қазіргі отбасылардың опасыздық фактісіне қалай қатысы бар екендігі туралы сұрақ қойып, біз ерлер мен әйелдердің неке адалдығын бұзуға деген көзқарасын саралауға бағытталған зерттеу жүргіздік.


Зерттеуде біз ассоциативті экспериментті қолдандық, оны белсенді түрде пайдаланып, өзгерткен А.Р. Лурия және оның шәкірттері. Біздің жұмысымыздағы әдістің мақсаты – опасыздыққа қатынастың мазмұндық жағын талдап, оны қалыптастыратын когнитивтік ерекшеліктерді бөліп көрсету. Сондай-ақ, біз бейімделген «Отбасы суреті» жобалық әдістемесін қолдандық. Отбасыішілік қарым-қатынастарды диагностикалау үшін отбасылық суретті қолдану идеясы бірқатар зерттеушілерден туындады, олардың арасында В.Хьюлс, А.И. Захаров, Л.Корман және т.б. жұмыстарында кездеседі [9;10]. Әдістеменің мақсаты - отбасылық қатынастардың ерекшеліктерін және неке адалдығын бұзуға бейсаналы көзқарасты анықтау. Зерттеуге барлығы 20 ерлі-зайыптылар қатысты,

олардың отбасылық өмір сүру өтілі 1 жылдан 5 жылға дейін. Зерттеу объектісі - жас отбасы мәртебесіндегі ерлі-зайыптылар. Зерттеу пәні - неке адалдығын бұзуға деген көзқарас. Зерттеу болжамы, әйелдердің пікірінше, ер адамдар жиі өзгереді, сондай-ақ неке адалдығын бұзу идеяларында жыныстық айырмашылықтар бар деп болжадық.

Талқылау

Зерттеу екі кезеңде жүргізілді. Бірінші кезеңде біз ассоциативті эксперимент жүргіздік, онда «опасыздық» ұғымы таңдалып, әр сыналұшы ассоциативті қатарды құрастырды. Зерттеу әрбір жұбайда қауіпсіздік сезімін және жауаптардың шынайылығын қалыптастыру үшін сыналұшымен жеке жүргізілді. Ассоциативті экспериментті қолдану кезінде біз әрбір зерттелушіден «опасыздық» ұғымы үшін ассоциативті түрде бірінші кезекте еске түсетін үш сөзді таңдауды сұрадық.

Нәтижесінде бірінші кезеңде келесі эмпирикалық мәліметтер алынды.



Сурет 1. Зерттеуге қатысқан әйелдердің опасыздық түсінігіне қатысты ассоциативті тұжырымдамалар қатары


Зерттеуге қатысқан әйелдер опасыздық түсінігіне қатысты келесі ассоциативті тұжырымдамалар қатарларын көрсетті (Сурет 1): сатқындық - 90%, сатқындық - 90%, алдау - 80%, ауырсыну - 75%, көңілінің қалуы - 60%, ажырасу - 50%, қорқыныш - 50%, реніш - 40% .

Көріп отырғанымыздай, әйелдердің көпшілігі неке адалдығын сатқындық және алдаумен байланыстырады. Бұдан шығатыны, көптеген әйелдер үшін сатқындық – бұл олардың жеке басына, намысына соққы, сондай-ақ серіктеске сатқындықты өз есебіне, олардың сезімдеріне қабылдау. Бұл ассоциативті серия әйелдердің опасыздығы эмоциялар мен мінез-құлық реакцияларына байланысты теріс ұғымдармен байланысты екенін көрсетеді. Атап айтқанда, мінез-құлық реакцияларына сатқындық, алдау, ажырасу, көңілсіздік, ал эмоционалды реакцияларға ауырсыну, қорқыныш, реніш ұғымдары жатады.

Демек, әйелдер опасыздықты эмоционалды түрде қабылдайды, бұл оларда теріс реакциялардың туындауына әкеліп, оның салдары ажырасуға ұласады. Ажырасу - бұл отбасылық өмірдің күйреуі, ал болашақта - қарама-қарсы жыныспен жаңа коммуникацияларды құруға қабілетсіздік немесе қорқыныштың (үрейдің) болуы.

Ерлер үшін ең танымал ассоциациялар келесі ұғымдар болды: секс - 90%, көңіл көтеру - 70%, жаңа қарым-қатынас - 65%, сатқындық - 30%. Көріп отырғанымыздай, ерлердің көпшілігі үшін алдау серіктеспен эмоционалдық байланыстарды бұзудан гөрі физикалық сипатта болады (Сурет 2).

Зерттеуге қатысқан ер адамдардың тек үштен бір бөлігі ғана опасыздықты сатқындықпен байланыстырады. Демек, ер адамдардың көпшілігінің опасыздыққа қатынасы жеңіл сипатта болатындығын көрсетеді. Біздің ойымызша, бұл біздің социумдағы адамдардың басым бөлігі ер адамдардың опасыздығын ақтайтындығынан болуы мүмкін. Тек келесідей сұрақ туындайды: олар сатқындық фактісін тек өздеріне немесе жұбайына ғана қолдана ма? Мүмкін, сатқындық «күйеудің опасыздық жасауы» ұғымымен байланысты болар. Ал «әйелінің опасыздық жасауына» рұқсат етілмейді, бұл біздің ойымызша, менталитетпен байланысты сияқты.



Сурет 2. Зерттеуге қатысқан ерлер үшін опасыздық түсінігіне қатысты ассоциативті тұжырымдамалар қатары

Нәтижелер

Таңдалған нәтижелерді ерлер мен әйелдер тобы арасында салыстыра отырып, біз мыналарды байқаймыз:

1) әйелдер опасыздықты еркектерге қарағанда сатқындық деп санайды, олар үшін сатқындық жыныстық қатынас болып табылады;

2) әйелдер үшін опасыздық эмоционалдық салаға қатысты ұғымдармен байланысты, ал ерлер үшін бұл жаңа физикалық сезім, олардың жаңалығы;

3) сауалнамаға қатысқан әйелдердің жартысы опасыздық ажырасуға әкеледі деп есептейді, ал ер адамдар бұл ассоциацияны өз жауаптарында қолданбайды.

Зерттеудің екінші кезеңінде біз «Неке адалдығын бұзу» жобасы әдісін қолдандық («Отбасы суреті» әдісінің бейімделуі). Екінші техниканы жүргізу кезінде біз зерттелушілерден ерлі-зайыптылардың бірі екіншісін алдап жүрген отбасын бейнелеуді және оның кім екенін, күйеуі немесе әйелі екенін нақты белгілеуді сұрадық.

Әйелдердің 85%-ы бұл жағдайда алдаған еркектерді өз суреттерінде бейнелеген. Олардың суреттерінде біз бұрын анықтаған ассоциацияларды байқауға болады: жылап жатқан әйелдер, олардың көздеріндегі реніш. Әйелдердің 65%-ы жұбайын күйеуінен төменірек, тізе бүгіп немесе еңкейген күйде бейнеледі. Бұл әйелдің еркектердің опасыздық жағдайында кемсіту, қадір-қасиетін жоғалту, өзін-өзі бағалауды төмендету, қорлау туралы айтады. 90% ерлер әйелін күйеуінен бөлек суреттейді, осылайша жұптағы кеңістік алшақтығы көрсетіледі. Сыналушылардың 50%-ы күйеуінің қасында бөтен әйелді бейнелейді, яғни олар сатқындықтың себебі болған әйелді опасыздықтың факторы, үшінші жақтың ерлі-зайыптылардың қатынасына араласуы және оның қарым-қатынастың бұзылуындағы рөлін бейнелейді.

Әйелдер суреттерінің жалпы фонында теріс коннотацияға ие, кескіндер ашық түстерден және жағымды, қуанышты эмоциялардан айырылған. Бұл әйелдердің көз алдында алдау екі серіктес үшін де жағымсыз факт екенін көрсетуі мүмкін. Дегенмен, сызбалар өте егжей-тегжейлі.

Ал, ерлердің суреттері азырақ егжей-тегжейлі, тіпті түс схемасы негізінен мүлде жоқ (тек қарапайым қарындашпен элементтердің контурлары) немесе 1-2 түспен шектелген. Оларда әйелдер де, күйеулері де бірдей мөлшерде сатқын ретінде көрсетілген. Екі серіктес те 30% бейнеленген, тек серіктестердің бірі жаңа жұбымен бейнеленсе, ал алданған жартысы алыстағы үйде жасырылады. Егер алданған серіктес суретте бейнеленген болса, онда әрекетке қатысушылардың барлығы бірдей деңгейде.

Ерлер мен әйелдердің нәтижелерін салыстыра отырып, біз зерттеудің бірінші кезеңіндегі мәліметтерге ұқсас нәтижелер алдық. Әйелдер эмоцияларды бейнелейді, ал ерлер сатқындық фактісін тікелей көреді. Әйелдер ерлі-зайыптылар некесіндегі адалдықтың бұзылуы екі адамның проблемасы деп санайды, ал ер адамдар серіктестерді бір-бірінен ажыратады. Алайда, суретте өзара болған жағдайда, ерлі-зайыптылар бір кеңістіктік деңгейде болса, әйелдер алданған тараптың позициясын төмен бағалайды.

Қорытынды

Осылайша, біздің болжамдарымыз расталды. Зерттеу деректері мен онда ұсынылған психодиагностикалық әдістерді серіктестердің әрқайсысының опасыздыққа қатынасын анықтау үшін неке адалдығымен байланысты дағдарысты бастан кешіретін отбасылармен жұмыста қолдануға болады.

Неке адалдығын бұзу және одан кейінгі дағдарыс жағдайы отбасылық терапия мен кеңес берудегі ең көп кездесетін мәселелердің бірі болғанымен, отбасылық мәселелерге

арналған көптеген зерттеулердің тақырыбы неке адалдығын бұзудың немесе оның моральдық-этикалық аспектілерінің әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштері болып табылады.

Отбасылық қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал ететін факторларды талдау идеясы өздігінен жаңа болмаса да, неке адалдығын бұзу отандық психология ғылымында әлі де дәстүрлі зерттеу пәніне айналған жоқ.

Осы уақытқа дейін опасыздық жағдайына тап болған ерлі-зайыптылар мінез-құлқының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері және олардың қазіргі дағдарыстық жағдайдан шығу жолын таңдауы туралы сұрақтар аз зерттелген.

Авторлардың үлесі

Мақаладағы жұмыста әр автордың қосқан үлесі мол.

А.Р. Мандыкаева мәтінді толықтырып, оның мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарап шықты. Осы жұмыстағы экспериментті өткізу үшін сауалнама жүргізді. Жұмыстың барлық аспектілері үшін жауапты болуға келісті.

Р.Т. Алимбаева жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекітіп, қорытындысын жасады. Деректердің дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөліктерінің тұтастығына байланысты мәселелерге нақты зерттеу жүргізіп және шешті.

Жансерикова Д.А. жұмыс тұжырымдамасына немесе дизайнына елеулі үлес қосты, жұмыс нәтижелерін жинап, кестеге, суретке салып, талдау немесе түсіндіру жүргізді.

Г.Б. Капбасова жұмыстың эксперимент бөліміне қатысты сауалнама жүргізіп, нәтижесін шығаруға үлесін қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Андреева Т. Семейная психология: учеб. – Москва: Высшая школа, 2005. – 135 с.
2. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. – Москва: Азбуковник, 2000. – 940 с.
3. Крюкова Т.В., Сапоровская М.В., Куфтяк Е.В. Психология семьи: жизненные трудности и совладение с ними. – Санкт-Петербург, 2005. – 86 с.
4. Лидерс А.Г. Психологическое обследование семьи. – Москва, 2006. – 276 с.
5. Рипинская М.И. Психология измены. – Санкт-Петербург, 2001. – 215 с.
6. Васильева О.С., Хмарук И.Н. Супружеская измена как предмет социально-психологического исследования // Прикладная психология. – 1999. – № 2. – С. 59-66.
7. Хмарук И.Н. Социально-психологические корреляты выбора способа реагирования в ситуации измены супруга: дис. ... канд. психол. наук. – Ростов-на-Дону, 2000. – 178 с.
8. Перехов А.Я., Думбай В.Н. Семейно-сексуальные гармонии и дисгармонии. – Ростов-на-Дону, 2007. – 142 с.
9. Альманах психологических тестов. – Москва: КСП, 1996. – 325-330 с.
10. Захаров А.И. Происхождение детских неврозов и психотерапия. – Москва: ЭКСМО-Пресс, 2000. – 448 с.
11. Кабакова М.П. Исследование психологических особенностей распада супружеских отношений // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2004. – № 2(13). – С. 30-38.

А.Р. Мандыкаева¹, Р.Т. Алимбаева², Д.А. Жансерикова², Г.Б. Капбасова²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Исследование супружеских измен

Аннотация. Статья будет посвящена теоретическому и практическому изучению вопросов взаимоотношений супругов в браке, установления ролей и обязанностей в быту, принятия взаимных решений, планирования досуга, ведения семейного бюджета, установления системы совместных ценностей и т.д. Институт семьи занимает особое место в обществе, и для каждого человека постоянно растущая нестабильность брачных отношений в его составе является актуальной проблемой, на которую в настоящее время обращают внимание зарубежные и отечественные ученые.

Помимо радости от выхода отношений на новый уровень, брачный союз включает в себя испытания на зрелость молодоженов, которым приходится жить по новой системе. Из многих проблем в браке проблема неверности может быть самой серьезной. Даже во все времена верность считалась высшей ценностью брака. Хотя любовный брак - это идеал, к которому стремятся многие пары, во многих обществах любовь не является обязательным требованием брака. Однако любовь является важным компонентом брака, часто единственным мотивом для его создания. Поэтому предательство может привести к серьезному кризису или даже к распаду семьи.

Помимо знания о причинах, обстоятельствах и последствиях неверности, свойствах супруга, связанных с вероятностью измены, а также о чувствах и эмоциях супруга, вызывающих состояние измены, мы также организуем экспериментальное исследование с целью получения ответов на вопросы о том, как современные семьи связаны с фактом измены, с помощью психодиагностических методов, направленных на определение отношения мужчин и женщин к супружеской измене мы провели анализ, опираясь на полученные данные исследования.

Ключевые слова: брачный союз, супружеская верность, семейная ценность, менталитет, гендерная идентичность, неверность, эмоциональная связь, состояние измены, семейные установки, стабилизация супружеских отношений.

A.R. Mandykaeva¹, R.T. Alimbaeva², D.A. Zhanserikova², G.B. Kapbasova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Karaganda university named after academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan

Research on adultery

Abstract. The article will be devoted to the theoretical and practical study of the relationship between spouses in marriage, the establishment of roles and responsibilities in everyday life, mutual decision-making, leisure planning, family budget management, the establishment of a system of shared values,

etc. The institution of the family occupies a special place in society and for every person, the constantly growing instability of marital relations in its composition is an urgent problem that foreign and domestic scientists are currently paying attention to.

In addition to the joy of reaching a new level of relations, the marriage union includes tests for the maturity of newlyweds who have to live under the new system. Of the many problems in marriage, the problem of infidelity may be the most serious. Even at all times, fidelity was considered the highest value of marriage. Although a loving marriage is an ideal that many couples strive for, in many societies love is not a requirement of marriage. However, love is an important component of marriage, often the only motive for its creation. Therefore, betrayal can lead to a serious crisis or even to the disintegration of the family.

In addition to knowing about the causes, circumstances and consequences of infidelity, the properties of the spouse associated with the likelihood of infidelity, as well as the feelings and emotions of the spouse causing the state of infidelity, we also organize an experimental study to get answers to questions about how modern families are connected with the fact of infidelity, using psychodiagnostic methods aimed at determining the relationship of men and women to adultery, we conducted an analysis based on the obtained research data.

Keywords: marital union, marital fidelity, family value, mentality, gender identity, infidelity, emotional connection, state of infidelity, family attitudes, stabilization of marital relations.

References

1. Andreeva T. [Semejnaya psihologiya: ucheb.] Family psychology: studies (Moskva: Vysshaya shkola, 2005, 135 s.) [Moscow, Higher School, 2005, 135 p.]. [in Russian]
2. Ozhegov S.I. Tolkovyj slovar' russkogo yazyka [Explanatory dictionary of the Russian language] (Moskva, Azbukovnik, 2000, 940 s.) [Moscow, Azbukovnik, 2000, 940 p.]. [in Russian]
3. Kryukova T.V., Saporovskaya M.V., Kuftyak E.V. Psihologiya sem'i: zhiznennye trudnosti i sovladenie s nimi [Family psychology: life difficulties and coping with them] (Sankt-Peterburg, 2005, 86 s.) [St. Petersburg, 2005, 86 p.]. [in Russian]
4. Leaders A.G. Psihologicheskoe obsledovanie sem'i [Psychological examination of the family] (Moskva, 2006, 276 s.) [Moscow, 2006, 276 p.]. [in Russian]
5. Ripinskaya M.I. Psihologiya izmeny [Psychology of infidelity] (Sankt-Peterburg, 2001, 215 s.) [St. Petersburg, 2001, 215 p.]. [in Russian]
6. Vasilyeva O.S., Khmaruk I.N. Supruzheskaya izmena kak predmet social'no-psihologicheskogo issledovaniya, Prikladnaya psihologiya [Adultery as a subject of socio-psychological research, Applied psychology], 2, 59-66 (1999). [in Russian]
7. Khmaruk I.N. ocial'no-psihologicheskie korrelyaty vybora sposoba reagirovaniya v situacii izmeny supruga: dis. ... kand. psihol. nauk. [Socio-psychological correlates of the choice of the response method in the situation of adultery of the spouse: dis. ... cand. psychological sciences] (Rostov-na-Donu, 2000, 178 p.) [Rostov-on-Don, 2000, 178 p.]. [in Russian]
8. Perekhov A.Ya., Dumbai V.N. Semejno-seksual'nye garmonii i disgarmonii [Family-sexual harmonies and disharmonies] (Rostov-na-Donu, 2007, 142 s.) [Rostov-on-Don, 2007, 142 p.]. [in Russian]
9. Al'manah psihologicheskikh testov [Almanac of psychological tests] (Moskva, KSP, 1996, 325-330 s.) [Moscow, KSP, 1996, 325-330 p.]. [in Russian]

10. Zakharov A.I. Proiskhozhdenie detskikh nevrozov i psihoterapiya [The origin of childhood neuroses and psychotherapy] (Moskva, EKSMO-Press, 2000, 448 s.) [Moscow, EKSMO-Press, 2000, 448 p.]. [in Russian]

11. Kabakova M.P. Issledovanie psihologicheskikh osobennostej raspada supruzheskih otnoshenij, Vestnik KazNU. Seriya psihologii i sociologii [Study of psychological features of the disintegration of marital relations, Vestnik KazNU. Psychology and Sociology Series], 2(13), 30-38 (2004). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Мандыкаева А.Р. – психология ғылымдарының кандидаты, психология кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А. Янушкевич көш., 6, Астана, Қазақстан

Алимбаева Р.Т. – психология ғылымдарының кандидаты, психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Университет көш., 28, Қарағанды, Қазақстан

Жансерикова Д.А. – психология ғылымдарының кандидаты, психология кафедрасының профессор ассистенті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университет, Университет көш., 28, Қарағанды, Қазақстан

Капбасова Г.Б. – психология ғылымдарының кандидаты, психология кафедрасының профессор ассистенті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Университет көш., 28, Қарағанды, Қазақстан

Mandykaeva A.R. – Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor of the Department of Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 A. Yanushkevich Str., Astana, Kazakhstan.

Alimbaeva R.T. – Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor of the Department of Psychology, E.A. Buketov Karaganda University, 28 Universitetskaya str., Karaganda, Kazakhstan.

Zhanserikova D.A. – Candidate of Psychology, Assistant professor of the department of psychology, E.A. Buketov Karaganda University, 28 Universitetskaya, Str., Karaganda, Kazakhstan.

Kapbasova G.B. – Candidate of Psychology, Assistant professor of the department of psychology, E.A. Buketov Karaganda University, 28 Universitetskaya, Str., Karaganda, Kazakhstan.



XҒТАР 15.41.21

Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-304-314>

Әлеуметтік ғылымдардағы «бақыт» концептісін талдау

А.Ж. Кунанбаева*¹, А.И. Гарбер², Г.Ж. Менлибекова¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²«Reinhardshöhe» оңалту емханасы, Бад-Вильдунген, Германия

*Байланыс үшін автор: kunanbaevaaz@yandex.kz

Аңдатпа. Ғылыми мақалада, автор «бақыт» феномені бойынша тарихи талдау жасай отырып, психологиялық теорияларға шолу жасаған. «Бақыт» феноменінің психология ғылымында екі негізгі ғылыми тәсілдер гедонизм мен эвдемонизм бойынша ғалымдардың тұжырымдарында үнемі дискурсқа түсетіні анықталған. Сонымен қатар, қазіргі уақытта бақытқа көптеген факторлар әсер ететінін американдық әлеуметтанушы және саясаттанушы Рональд Инглехарттың әлемдік құндылықтары зерттеу жұмысындағы қорытындыларға негіздеме жасай отырып алға тартқан.

Зерттеу әдістері ретінде, кабинеттік зерттеу, ғылыми еңбектерге шолу жасау, теориялық-әдіснамалық талдау, мәліметтерді екінші реттік талдау қолданылған. Мақаланың негізгі мәліметтерін психология ғылымындағы «бақыт» феноменіне байланысты түрлі теориялар мен ғылыми тәсілдер және заманауи зерттеу жұмыстары құрайды.

Мақала қорытындысында «бақыт» және «әл-ауқат» түсініктері -психология ғылымында әлі де болса бір-бірін толықтырып отыратын түсініктер деп тұжырымдалады. Тұлғалар бақытты объективті және субъективті тұрғыда, гедонистік және эвдемонизмдік тұрғыда бағалайды деген қорытындыға келді.

Түйін сөздер: бақыт, әл-ауқат, субъективті әл-ауқат, психологиялық әл-ауқат, бақыт феномені, бақыт концептісі, эвдемонизм, гедонизм.

Кіріспе

Адам өмірлік тәжірибе алуда немесе қиындықты жеңуде, өзін-өзі дамытуда «бақыт» түсінігін қалыптастырып немесе қайта жаңғырту арқылы өмірлік мағынасын реттеп отырады. Бұл жағдай адамдардың бала кезінен бастау алатын бейімделу процесінде орын алып отыратын күрделі үдеріс. Қазіргі заманда «бақыт» түсінігін талдау тек ғана жеке тұлғалардың пікірімен шектеліп отырған жоқ, ол - ұлттық, әлемдік деңгейде кешенді зерттеулердің басты нысанына айналып отыр. «Бақыт» түсінігі әр ғылым саласында, оның ішінде әртүрлі теория шеңберінде әртүрлі сипатталады, бір сөзбен айтқанда бақыт ол «бриллиант сәулесі» сияқты әр ғылым саласында әртүрлі басымдықта сипатталады (тұжырымдалады). Сондықтан да, бақытты анықтау, түсіндіру, оны өлшеу мәселелері әлеуметтік ғылымдар үшін өте күрделі феномен. Бақыт феноменін зерттеу әлеуметтік ғылымдар саласында соңғы уақыттарда философия, экономика, әлеуметтану және психология салаларында дискурстарға түсіп, жаңаша зерттеу алаңы ретінде қалыптасуда.

Ежелгі ойшылдардың бақытқа жетудің нақты жолдарын анықтаудағы негізгі тәсілдері екі қарама-қарсы ұғымға бөлінеді, олар: аскетикалық және гедонистік. Аскетизмді жақтаушылар (ежелгі үнді философтары, ерте стоиктер, христиандар) ең жоғарғы бақыт – бұл ізгілік және оған жету үшін қажеттіліктерді шектеу, кішіпейіл болу және шектен шығудан алшақ болу деп тұжырымдайды. Гедонистер, керісінше «адам бақытқа тек өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы қол жеткізе алады» деп сенеді, осы түсінік шеңберінде бақыттың негізгі компоненттері: физикалық, материалдық және рухани құндылықтар. Бұл идеяны жақтаушылардың бірі, итальяндық философ Лоренцо Валла, оның пікірінше өмірдің ең жоғары құндылығы – «дененің тәтті толқуы мен ләззат алуынан болатын сезім», - деп түсіндіреді [1].

Бақыт феномені субъективті және объективті тұрғыда зерттелуде. Бастапқыда бақыт жеке адамның ішкі жан-дүниесімен байланысты түсіндірілсе, соңғы жылдары сыртқы факторлардың ықпалынан бақыт құрастырылады деген эксперименталды зерттеулермен дәлелденуде. Сондықтан, бақыт анықтамасы әртүрлі мағынаға ие, ол кейде адамның эгоизм немесе альтруизм қасиеттерімен байланысты түсіндірілсе, кейінгі жылдары адамның әл-ауқатының жоғары немесе төмен болуының өзі сырттай оның бақытты немесе бақытсыз екенін анықтайтындай өлшемге айналуға болады. Соңғы онжылдықтардағы әлемдік деңгейде, елдер арасында жылдар бойы жүргізіліп отырған бақыт рейтингі осы пайымдауға негіз бола алады. Осы мақала шеңберінде, біз бақыт феноменін әлеуметтік ғылымдарда қалай анықталатындығына шолу жасаймыз және бақыт теориясын талдап, қолданбалы зерттеу нәтижелеріне кабинеттік зерттеу жүргіземіз.

Негізгі бөлім

Позитивті психологияның дамуына байланысты бақыт концептісі ғылыми таным кеңістігінде айрықша назарда болып отыр. Тұжырымдамалық тұрғыдан алғанда бақыт конструкт ретінде де өз теориясымен байланысады.

Академиялық ортада «бақыт» түсінігін анықтау мен оны өлшеуде әлемдік ғылымдар жүйесіндегі әртүрлі теориялар мен зерттеу әдіснамаларының тоғысы, сонымен қатар, «бақыт» түсінігін анықтаудың жеке адамдардың көзқарастарына тәуелді болуы және уақыт өте келе ол түсініктің өзгерістерге жиі ұшырауы, бақытты феномен ретінде үнемі зерттеп отыру қажеттігін көрсетеді. «Бақыт» түсінігін адамдар күнделікті өмірде жиі қолданғанымен академиялық ортада ол ұзақ уақыт философияның шеңберінде қалып отырды. Ал, академиялық психология ұзақ жылдар бойы алдыңғы ғасырларда «ізгілік» пен «бақыт» сияқты психологиялық зерттеулер деп атауға болатын салалардан алшақта болды. Мұның себептері, бихевиоризмнің абсурдтық редукционистік парадигмасы, академиялық психологияның гуманитарлық ғылымдардан алыстап, «жаратылыстану» моделі бойынша жұмыс жасауына байланысты және психологиялық бұзылуларды зерттеуге және емдеуге ерекше назар аударған қаржыландырудың ұлттық басымдығына өзіндік септігін тигізді [2]. Осылайша, кейбір ерекше жағдайларды қоспағанда, ізгілік, мінездің күшті жақтары, бақыт және салауатты психикалық әрекетке қатысты мәселелер, өкінішке орай, назардан тыс қалды. Бұл жағдайға қарсылық бірнеше ондаған жылдар бойы жинақталса да, 1998 жылы Америка психологиялық қауымдастығының сол кездегі президенті М. Селигман мен оның әріптесі М. Чиксентмихайи адамның «оң» функциясын зерттеудің аз екендігі және бақытты зерттеуге шұғыл қажеттіліктің бар екендігіне қатысты мақала жазды. Бірақ бұл, психикалық аурудың дамуынан қорғайтын дәлелдерге белгілі - бір сипаттағы күшті және ізгі қасиеттер байланысты болған жоқ [3]. Бұл үндеудің сенімділігі академиялық психологиялық зерттеулер әлемінде үлкен резонанс тудырды және психологтар дәстүрлі түрде философтардың территориясы деп санайтын салаларда үлкен жобалар пайда болды [4]. Шынында, біздің байқауымызша, ұзақ жылдар бойы әлеуметтік ғылымдарда, әсіресе психологияда психикалық аурулар және олардың түрлері, жарақаттар және оларды емдеудің әдістері туралы ғылыми мақалалар, кешенді зерттеу жұмыстары жиі жарияланып отырды. Тек соңғы жылдары позитивті ойлану, адамның мықты тұстары, бақыт, әл-ауқат сияқты контекстерде ғылыми жариялымдар көбейді.

Ғылыми мақаланың басты мақсаты, бақыт түсінігін психология ғылымында қандай теорияларда қарастырды? Бақыт туралы соңғы жылдары қандай әлемдік зерттеулер басымдықтарға ие болып отыр? Осы ғылыми сұрақтарға жауапты ғылыми мақаланың тақырыбы шеңберінде талдап, сипаттауға ұмтыламыз.

Зерттеу әдістері

Автормен өзіндік кабинеттік зерттеуі, ғылыми еңбектерге шолу жасауы, теориялық-әдіснамалық талдау, мәліметтерді екіншіреттік талдау жүзеге асырылады. Мақаланың негізгі мәліметтері қатарында психология ғылымындағы бақыт феноменіне байланысты түрлі теориялар мен ғылыми тәсілдер және заманауи зерттеу жұмыстары орын алды.

Психология ғылымы саласында бақытты тұжырымдайтын бірнеше теориялар бар, ол әр теорияның шеңберінде әртүрлі сипатталады, солардың негізгілері: гедонистік бақыт теориясы, тілектерді орындау мен қажеттіліктерді қанағаттандыру

теориясы (Desire/preference-satisfactionism), объективтілік теориясы, объективті тізім теориялары (objective-list theories), бақыттың эвдемонистік теориялары, өркендеудің әлеуметтік-психологиялық теориясы, іс-әрекет теориясы, аутентивті (шынайы) бақыт теориясы, жиынтық мәндер теориясы (setpoint theory) және т.б. [5]. Бұл теориялардың барлығына толыққанды сипаттама жасау мақала шеңберінде мүмкін емес, сондықтан осы теориялардың ішіндегі жиі академиялық дискурстарға ұшырайтын түрлеріне ғана тоқталып, талдау жасалады.

Бақыт сипаттамасын өзара байланысқан құбылыс немесе тәуелсіз деп қарастыру өте күрделі болғандықтан, «бақыт» ұғымына берілген анықтамалардың көптігіне қарамастан, Селигман ұсынған шынайы бақыт теориясы да жетекші теориялардың қатарында саналады. Оның пайымдауы бойынша. «бақыттың үш қайнар бұлағы бар: бақыт ләззат ретінде, бақыт қатысу ретінде, бақыт мән ретінде» [6].

Бақыт тұжырымдамасы алуан түрлі мәдениеттерде шамамен бірдей әрі субъективті (ішкі) және жағдаяттық (сыртқы) аспектілерді қамтиды. Мәдени құндылықтар мен нормалар эмоцияны және мінез-құлықты ерте жастан бастап қалыптастырады, сондықтан да бақыт деңгейінің ұлтаралық айырмашылықтарына ықпал жасайды. Бақыт анықтамасы ұлттарға және мәдениетке қатысты алғанда ажыратылады, бірақ ортақ сипаттамалары да жоқ емес. Ұлтаралық зерттеулерде бақыт гетерогендік конструкция ретінде субъективті, психологиялық өлшеуді ғана емес, әлеуметтік, реляциондық немесе контекстуалды өлшеуді де қамтиды [7].

Талқылау

Әр теорияның шеңберінде бақыт әр тарапты түсіндіріледі, мысалы гедонистік бақыт теориясы бойынша, бақыт – ол, адамның бастан кешіретін қуанышы, ләззат алуы, жағымды сезімдердің субъективті тәжірибесі деп тұжырымдалады. Гедонизмнің негізін қалаушы Аристипп, адамдардағы ең жоғары игілік ләззат алу, қуаныш (рахат) деп сипаттаған. Ал, эвдемонизм (эвдемония) теориясы бойынша айтсақ, ол ежелгі грек ойшылдары Платон және Аристотельден [8] бастау алады, мағынасы бойынша - адамның өз іс-әрекеті («Дэймон») өзін-өзі бағалауымен жасайтын ізгі іс-әрекеттерді жүзеге асыруымен байланысты түсіндіріледі. Заманауи теориялардың барлығы дерлік негізінен осы екі бағыт бойынша айқындалады, соның бір мысалы, бақыт - ол, жарқын жағымды эмоция; жағымды психоэмоционалды күй; субъективті /жеке/психологиялық әл-ауқаттың аналогы (Bradburn, Diener, Veenhoven, Рифф, Lyubomirsky, Kahneman, Аргайл; Seligman, Crisp, Feldman, Джидарьян; Sheldon, Леонтьев және т.б). бақыттың келесі сипаты, бақыт - ол, субъективті әл-ауқаттың эмоционалды құрамдас бөлігі (Waterman, Kraut), ал кейбір басқа ғалымдар бақытты өмірге толық қанағаттанумен теңестіреді [9]. Дегенмен, бақыттың гедонистік те, эвдемонистік те теориялары өз тұжырымдары мен нұсқауларын адам табиғатын қандай да бір ерекше, тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Өйткені, екі бағытта да, адамдардың субъективті ойлары мен дүниетанымы, ұстанатын құндылықтарына байланысты аталмыш екі бағыттың біреуімен немесе екеуінің ұштасуымен сипатталуы мүмкін, өйткені адам тек ғана шектеулі құндылықтарды ұстанбайды.

Эвдемонистік идеал - бұл адамды, оның қажеттіліктерін барынша толық және терең қанағаттандыратын өмір. Егер гедонистік нұсқада айтар болсақ, әл-ауқат нәтиже болса, онда эвдемонистік нұсқада - адамның мүмкіндіктерін, мақсатын, шынайы табиғатын өзін-өзі жүзеге асыру процесі. Егер адам өз мақсаттарына жетуде, жеке мүмкіндіктерін жүзеге асыруда сәтті болса, онда ол осы екі жағдайды да бастан кешіреді. Эвдемония - гедонистік бақыт үшін жеткілікті шарт, бірақ қажет емес. Егер адам өзінің жеке мүмкіндіктерін ашумен байланысты емес іс-әрекеттерде жетістікке жетсе, ол онда да ләззат алады, бірақ бұл жағдай эвдемония емес. Осыған ұқсас пікірді басқа зерттеушілер де айтады (Э.Деци, Р. Райан, Л. Левит және т. б.) [8]. Гедонизм бақытқа қатысты теориялардың ішінде көп сынға ұшыраған, соның бірі Джон Стюарт Милл болды, ол «адамдардың ләззат алуының себебі оның ұзақтығынан әлдеқайда маңызды» деп мәлімдеді, өйткені сандық немесе қарапайым гедонизм «рахаттану сапасымен емес, оның санымен (ұзақтығы мен қарқындылығы сияқты параметрлерді қоса алғанда) ғана анықталады деген теорияны білдіреді [10].

Жалпы жеке адамның бақытын гедонизм теориясы сипаттаса, адам мен қоғамның бақытын немесе игілігін эвдономия теориясы сипаттайды. Біздің ойымызша, осы екі бағыт теория түсінігінен де кең, өйткені екі бағытты толықтыратын көптеген теориялар бар, сондықтан екі ғылыми тұғыр ретінде де қарастыруға болады.

Тілектерді орындау теориялары немесе қажеттіліктерді қанағаттандыру теориялары бойынша, «әл-ауқат адамның тілектерін жүзеге асыру» дегенді білдіреді. Бұл теориялар ХІХ ғасырда әл-ауқат экономикасына деген қызығушылықтың артуымен бірге пайда болды. Экономистер экономикалық субъектілердің әл-ауқатын өлшеудің объективті критерийлерін жасағысы келді. Ләззат пен азапты өлшеуге болмайтындықтан, экономистер ләззат алуды адамның қалауын қанағаттандыру тұрғысынан қарастыруды ұйғарды. Американдық ғалым Р. Крипп тілектерді орындаудың үш негізгі теориясын тұжырымдайды [11]. Тілектерді орындаудың қарапайым теориясы (немесе белгілі бір уақыт шеңберінде бар тілектерді орындау теориясы) адамның белгілі бір уақытта бар тілектері қанағаттандырылған кезде ол өзін жақсы сезінетінін көрсетеді, ал егер адамның барлық өмірлік тілектері қанағаттандырылса, онда ол өте жақсы өмір сүреді деп есептеледі. Яғни, бұл теория шеңберінде адам үнемі рационалды шешімдер қабылдаса ғана өмірінің соңына дейін бақытты бола алады. Бұл теорияның негізгі проблемасы - адам өмірінің белгілі бір кезеңінде болатын кейбір тілектері оның ұзақ мерзімді мүдделеріне қайшы келеді. Мысалы, кез-келген қылмыс жасаған жасөспірім өзінің импульсивті қысқа мерзімді тілектерін қанағаттандырады, бірақ бұл болашақта оған көп зиянын тигізеді.

Рефлексивті немесе егжей-тегжейлі, тілектерді орындау теориясы – бұл, адамның рефлексивті, мұқият ойластырылған қалауына назар аударады. Осы теорияға сәйкес егер адам ұзақ және бақытты өмір сүруді шешсе, онда қысқа мерзімді қалаудың ықпалы төмен болуы тиіс. Бұл теорияның оңтайлы емес жағы - адам әрқашан өзі үшін оңтайлы таңдау жасай бермейді. Мұнда адамдардың денсаулық мәселесін көтеруге болады, адам шын мәнінде денсаулығы мықты болса, жақсы жұмыс жасап, жоғары жалақы алу арқылы әл-ауқатын көтеріп отыруы тиіс. Дегенмен адамдар көбінде қысқа мерзімді

рахатты таңдайды (көңіл-күйді көтеру мақсатында арақ-шарап қолдану немесе құмар ойындарға әуестену).

Тілектерді орындаудың ақпараттық теориясы, адамның барлық ықтимал салдарын ескере отырып, оның барлық тілектері қанағаттандырылған кезде ең қауіпсіз өмір сүретінін білдіреді. Осылайша, бұл теорияның негізгі идеясы адам қандай да бір таңдау жасаса, оны не күтіп тұрғаны туралы дұрыс хабарлау қажет. Дұрыс ақпараттандырудың нәтижесінде адам өзінің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыратын «ақылды» тілектерді таңдайды [12]. Бұл теорияда, ақпараттық қоғамда адам шешім қабылдамай тұрып, сол жағдай туралы алдын-ала дұрыс ақпараттарды білуі қажет, біздің тұжырым бойынша ақпарат үнемі объективті бола бермейді және ақпаратты әр адам әртүрлі қабылдайды.

Бақыттың экономикалық немесе әлеуметтік жетістіктермен байланысты аспектілері эмпирикалық зерттеулерде кездеседі, бірақ «ішкі үйлесім» және «әлеуметтік үйлесім» екеуін сипаттайтын екі өлшем басқаларына қарағанда басым болуы әбден мүмкін [13].

Нәтижелер

Бақыт пен әл-ауқатқа қатысты теорияларды талдай келе, аталған қисындардың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін көруге болады, бірақ басты ұқсастығы адамдардың қалауын өтеу жолдары мен оның салдарында ләззат алу мүмкіндіктері болып отыр. Бақыт туралы теориялар идеалды адамды немесе идеалды шешім қабылдайтын адамды сипаттайды, қалаулар мен шешімдердің мерзімі мен тұрақтылығы, адамдардың өзгерістерге бейімделу мүмкіндіктері аталмыш теорияларда толыққанды көрсетілмеген.

Әртүрлі елдердегі бақыт деңгейін зерттейтін ең танымал халықаралық зерттеу жобаларының бірі – «Дүниежүзілік құндылықтарды зерттеу» (World Values Survey). Бұл жобаның жетекші маманы американдық әлеуметтанушы және саясаттанушы Рональд Инглехарт жалпы бақыт әл-ауқат күйі деп санайды. Бірақ, ол бақытты сипаттау үшін екі көрсеткішті өлшеу керек екенін түсіндіреді: «біріншісі – қанағаттану (satisfaction), ол болып жатқан жағдайдың күткенге сәйкес келетін ұтымды сезімі ретінде анықталады. Екіншісі - бақыт эмоционалды күй ретінде алынады» [14].

Иоганн Вольфганг Гете атындағы Франкфурт университетінің (Германия) қызметкері Вольфганг Глатцер Халықаралық Бақыт эмпирикалық зерттеулерінің нәтижелерін және О.Конт, Э.Дюркгейм және Г.Зиммельдегі бақытты анықтаудың классикалық тәсілдерін қарастыра отырып, 2000 жылдарға дейін қалыптасқан бақытты эмпирикалық зерттеу дәстүрін сипаттауға болатын бірнеше негізгі принциптерді тұжырымдады.

1. «Бақыт» субъективті әл-ауқат ретінде түсініледі. Тар мағынада, ол субъективті әл-ауқаттың құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастырылады, атап айтқанда жалпы өмірді бағалау. Әл-ауқат белгілі бір қанағаттанарлық жағдайлар мен ләззаттан тұрады. Субъективті әл-ауқат екіұшты, өйткені көптеген адамдар үшін бақыттың жағымды және жағымсыз аспектілері бір уақытта болуы мүмкін. Кейбір адамдар қанағаттануы мүмкін, сонымен қатар азапты да бастан кешеді.

2. Жалпы бақыт көбінесе қанағаттануға байланысты өмірдің әртүрлі салаларын қамтиды. Қанағаттану деңгейлерінің жеткілікті тұрақты иерархиясы бар, жоғарыда неке

сияқты өмірдің жеке салалары және төменгі жағында қоршаған ортаны қорғау сияқты қоғамдық салалар бар. Осы салалардағы қанағаттану дәрежесінің өзгеруі елде ненің жақсарғанын немесе нашарлағанын көрсетеді. Бақыттың маңызды құрамдас бөлігі - адамдардың болашақтағы перспективаларын көруі. Бұл перспективалар бақыттың қазіргі деңгейін өлшеуге қарағанда өте «сезімтал» және қоғамдағы өзгерістерге көбірек жауап береді.

3. Бақытты адамдардың өз-өзіне берген есептерімен сенімді түрде өлшеуге болады.

4. Бақытты зерттеудің күтпеген нәтижелерінің бірі бұл елдердегі орташа бақытуақыты өте тұрақты болды. Ондаған жылдар бойы ұлттар өздерінің бақыт көрсеткіштерімен онша ерекшеленбейді, ал драмалық оқиғалар немесе күрт әлеуметтік өзгерістер оларға аз ғана әсер етеді.

5. Жалпы бақытқа көптеген факторлар әсер етеді және іздеу бойынша детерминанттар әлі де жалғасуда. Теориялық аргументте екі түрлі ойлау сызығы бар. Бірінші жол, ол өмір сүру деңгейін негізге алады (орта есеппен, бірақ әр жағдайда емес, өмірдің жақсы деңгейі әл-ауқаттың жоғары деңгейіне сәйкес келетінін анықтауға болады). Екінші жол, әлеуметтік салыстыруларға бағытталған (адамдар өздерінің өмірлік жағдайларын бағалау үшін басқалармен салыстыратыны белгілі) [12].

Яғни, тәжірибелік зерттеу жұмыстарында бақыт тек ғана жеке тұлғалық ерекшеліктермен ғана сипатталмайды, мұнда «бақыт» субъективті әл-ауқат ретінде қарастырылып, уақыт өлшемі бойынша өзгеріп, ұлттық сипаттарымен, тағы да басқа қоғамдық факторлардың әсер етуімен ерекшеленетінін байқауымызға болады. Теориялық тұрғыда алғанда, бақыт адамдардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесімен байланысты деп тұжырымдалса, әлемдік зерттеулерде көптеген қоғамдық факторлардың әсерімен бақыт түсінігі толықтырылып отырады.

Қорытынды

Ғылыми мақала шеңберінде, қойылған зерттеу сұрақтары бойынша бақыт феномені психология ғылымында екі үлкен тәсілдер бойынша тұжырымдалатынын көруімізге болады, сондай-ақ бақыт түсінігін толықтыратын көптеген компоненттер бар (әл-ауқат, құндылықтар, қажеттіліктер, мотивациялар, мансап құру, ұлттық ерекшелік, тұлғалық ерекшелік т.б.) екенін заманауи әлемдік зерттеулерде анықтап отырғандығын ғылыми сұрақтарға жауап ретінде ұсынуға негіз болады.

Сонымен қатар, әлеуметтік ғылымдарда бақыт феноменін зерттеудің нәтижелері психология ғылымына көптеген өзгерістерді жасап, жаңаша бағыттардың қалыптастырып отырғандығын айтуымызға болады. Академиялық ортада бақыт түсінігін анықтау мен оны өлшеуді әлемдік зерттеу жұмыстары толықтырып, әл-ауқатпен байланыстырып отыр. Қорытындылай келе, «бақыт» концептісін зерттеу арқылы біз позитивті психология бағытының дамып, бақытты өлшеудің тиімді құралдарының басым болатындығына көз жеткіземіз.

«Дүниежүзілік құндылықтарды зерттеу» (World Values Survey) және тағы басқа эмпирикалық зерттеулердің қорытындыларын қазақстандық психология ғылымы

саласындағы ғалымдарға, зерттеушілерге бақыт теориясымен қатар кеңінен пайдалану қажеттілігі арта түседі.

Авторлардың үлесі

Қунанбаева А.Ж. – әдебиеттерге шолу, сыни талдау, деректерді талдау, шолу жазу идеясы, зерттеуді жазу және пысықтау

Гарбер А. – ғылыми басшылық, әдістемені әзірлеу

Менлибекова Г.Ж. – зерттеу тұжырымдамасы, зерттеудің әдіснамалық мәселелерін тұжырымдау және сипаттау.

Әдебиеттер тізімі

1. Рудзит И.А. Эгоизм как внутренний нравственно-этический фактор развития самосознания человека // Вестник ЛГУ им. А.С. Пушкина. – 2006. – №1. – С. 56-65.
2. Bremner R.H. Theories of happiness: On the origins of happiness and our contemporary conception: diss. – Universitäts-und Landesbibliothek Bonn, 2011.
3. Seligman M.E.P., Csikszentmihalyi M. Happiness, excellence, and optimal human functioning [Special issue] // American Psychologist. – 2000. – Vol. 55. – No. 1. – P. 5-183.
4. Peterson C., Seligman M.E.P. Character Strengths and Virtues: A Handbook and Classification. – New York: Oxford University Press, 2004. – 800 p.
5. Булкина Н.А. О феномене счастья: обзор зарубежных и отечественных исследований // Мир науки. Педагогика и психология. – 2020. – Т. 8. – № 5. – С. 18.
6. Seligman M.E.P. Authentic happiness: Using the new positive psychology to realize your potential for lasting fulfillment. – New York, NY: Simon and Schuster, 2002. – 363 p.
7. Uchida Y., Ogihara Y. Personal or interpersonal construal of happiness: a cultural psychological perspective // International Journal of Wellbeing. – 2012. – Vol. 2. – Is. 4. – P. 354-369. DOI: 10.5502/ijw.v2.i4.5.
8. Аристотель. Никомахова этика. – Москва: ЭКСМО-Пресс, 1997. – 73 с.
9. Деменев А.Г. Эвдемонистические и гедонистические теории в современных исследованиях счастья // Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Философия. – 2016. – № 4. – С. 15-23.
10. Mill J.S. Utilitarianism. – Kitchener: Batoche Books Limited, 2001. – 63 p.
11. Садовская А.А. Теории благополучия и их отражение в современных философских концепциях // Векторы благополучия: экономика и социум. – 2019. – № 2(33). – С. 87-95.
12. Glatzer W. Happiness: Classic theory in the light of current research // J. of happiness studies. – 2000. – Vol. 1. – No. 4. – P. 501-511.
13. Doh Y.Y., Chung J.B. What types of happiness do Korean adults pursue? – comparison of seven happiness types // International Journal Environ. Res. Public Health. – 2020. – Vol. 17. – Is. 5. – P. 1502. DOI: 10.3390/ijerph17051502.
14. Инглхарт Р., Титова А. Человек и счастье: Рональд Инглхарт: «Очень хорошее будущее вполне вероятно». [Электронды ресурс] – URL: <https://kot.sh/statya/775/chelovek-i-schaste> (жүгінген күні: 26.10.2023)

А.Ж. Кунанбаева¹, А.И. Гарбер², Г.Ж. Менлибекова¹

¹*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Реабилитационная клиника «Reinhardshöhe», Бад-Вильдунген, Германия*

Анализ концепции счастья в социальных науках

Аннотация. В научной статье авторы сделали обзор психологических теорий, проведя исторический анализ феномена «счастье». Установлено, что феномен «счастье» в психологической науке постоянно дискурируется в выводах ученых по гедонизму и эвдемонизму двумя основными научными подходами. Кроме того, многие факторы, которые в настоящее время влияют на счастье, были выдвинуты американским социологом и политологом Рональдом Инглхартом, основывая свои глобальные ценности на выводах исследовательской работы.

В качестве методов исследования использовались кабинетное исследование, обзор научных трудов, теоретико-методологический анализ, вторичный анализ данных. Основные сведения статьи составляют различные теории и научные подходы и современные исследовательские работы, связанные с феноменом «счастье» в психологической науке.

В заключении статьи утверждается, что понятия «счастье» и «благополучие» - это понятия, которые все еще дополняют друг друга в психологической науке. Пришли к выводу, что люди оценивают счастье объективно и субъективно, гедонистически и эвдемонистически.

Ключевые слова: счастье, благополучие, субъективное благополучие, психологическое благополучие, феномен счастья, концепт счастья, эвдемонизм, гедонизм.

A.Zh. Kunanbayeva¹, A.I. Garber², G.Zh. Menlibekova¹

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*Rehabilitation clinic "Reinhardshöhe", Bad Wildungen, Germany*

Analysis of the concept of happiness in social sciences

Abstract. In the scientific article, the author reviewed psychological theories by conducting a historical analysis of the phenomenon of "happiness". It is established that the phenomenon of "happiness" in psychological science is constantly discussed in the conclusions of scientists on hedonism and eudemonism by two main scientific approaches. In addition, many factors that currently affect happiness were put forward by the American sociologist and political scientist Ronald Inglehart, basing his global values on the conclusions of research work.

The research methods used were desk research, a review of scientific papers, theoretical and methodological analysis, secondary data analysis. The main information of the article consists of various theories and scientific approaches and modern research works related to the phenomenon of "happiness" in psychological science.

The conclusion of the article states that the concepts of "happiness" and "well-being" are concepts that still complement each other in psychological science. We came to the conclusion that people evaluate happiness objectively and subjectively, hedonistically and eudemonistically.

Keywords: happiness, well-being, subjective well-being, psychological well-being, the phenomenon of happiness, the concept of happiness, eudaimonism, hedonism.

References

1. Rudzit I.A. Egoizm kak vnutrennij npravstvenno-eticheskij faktor razvitiya samosoznaniya cheloveka, Vestnik LGU im. A.S. Pushkina [Egoism as an internal moral and ethical factor in the development of human self-consciousness, Bulletin of LSU named after A. S. Pushkin], 1, 56-65 (2006). [in Russian]
2. Bremner R.H. Theories of happiness: On the origins of happiness and our contemporary conception: diss. (Universitäts-und Landesbibliothek Bonn, 2011)
3. Seligman M.E.P., Csikszentmihalyi M. Happiness, excellence, and optimal human functioning [Special issue], American Psychologist, 55(1), 5-183 (2000).
4. Peterson C., Seligman M.E.P. Character Strengths and Virtues: A Handbook and Classification (New York, Oxford University Press, 2004, 800 p.).
5. Bulkina N.A. O fenomene schast'ya: obzor zarubezhnyh i otechestvennyh issledovanij, Mir nauki. Pedagogika i psihologiya [On the phenomenon of happiness: a review of foreign and domestic studies, Mir nauki. Pedagogy and psychology], 8(5), 18 (2020). [in Russian]
6. Seligman M.E.P. Authentic happiness: Using the new positive psychology to realize your potential for lasting fulfillment. (New York, NY, Simon and Schuster, 2002, 363 p.).
7. Uchida Y., Ogihara Y. Personal or interpersonal construal of happiness: a cultural psychological perspective, International Journal of Wellbeing, 2(4), 354-369 (2012). DOI: 10.5502/ijw.v2.i4.5.
8. Aristotel'. Nikomahova etika [Aristotle. Nikomakhova ethics] (Moskva, EKSMO-Press, 1997, 73 s.) [Moscow, EKSMO-Press, 1997, 73 p.]. [in Russian]
9. Demenev A.G. Evdemonisticheskie i gedonisticheskie teorii v sovremennyh issledovaniyah schast'ya, Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Filosofiya [Eudemonistic and hedonistic theories in modern studies of happiness, Bulletin of the Voronezh State University. Series: Philosophy], 4, 15-23 (2016). [in Russian]
10. Mill J.S. Utilitarianism (Kitchener, Batoche Books Limited, 2001, 63 p.).
11. Sadovskaya A.A. Teorii blagopoluchiya i ih otrazhenie v so-vremennyh filosofskih koncepciyah, Vektory blagopoluchiya: ekono-mika i socium [Eudaimonic and hedonistic theories in modern studies of happiness, Bulletin of Voronezh State University. Series: Philosophy], 2(33), 87-95 (2019). [in Russian]
12. Glatzer W. Happiness: Classic theory in the light of current research, J. of happiness studies, 1(4), 501-511 (2000).
13. Doh Y.Y., Chung J.B. What types of happiness do Korean adults pursue? – comparison of seven happiness types, International Journal Environ. Res. Public Health, 17(5), 1502 (2020). DOI: 10.3390/ijerph17051502.
14. Inglehart R., Titova A. Chelovek i schast'e: Ronal'd Inglehart: «Ochen' horoshee budushchee vpolne veroyatno» [Man and happiness: Ronald Inglehart: "A very good future is quite likely"]. [Electronic resource] – Available at: <https://kot.sh/statya/775/chelovek-i-schaste> (accessed: 26.10.2023). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Қунанбаева А.Ж. – Психология білім беру бағдарламасының 1 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі 2, Астана, Қазақстан.

Әлеуметтік қызметкердің кәсіби құндылығы ретіндегі жауапкершілік күнделікті және кәсіби өмірдің ажырамас ерекшелігі болып табылады. XVIII ғасырда өмір сүрген философ Рэйд бұл адамның айрықша белгісі деп санайды: «жауапкершілікті өзінің мінез-құлқына жауап беретін моральдық агент, моральдық мақұлдау мен айыптаудың объектісі» деп атап өткен [32]. Әлеуметтік қызметкер моральдық тұрғыда мақтау немесе айыптау үшін өз іс-әрекеттерін сипаттауға, түсіндіруге немесе ақтауға дайын болуы керек. Әлеуметтік қызметкердің маңызды кәсіби іс-әрекетінің бірі есеп беру. Есеп беру – бұл басқа адамдармен қарым-қатынас жасау, оны түсіну және жеке ерекшеліктерін анықтау тәсілдерінің маңызды сипаттамасы болып табылады. Кәсіби және қоғамдық есеп беру – бұл моральдық және әлеуметтік есеп берудің кең жүйесінің бір бөлігі.

Есеп беру дегеніміз – іс-әрекеттер туралы есеп беруге міндетті болу. Есеп сипаттамалар, түсіндірмелер немесе негіздемелерді қамтуы мүмкін. Көбінесе, есеп беру проблемалық жағдайдың пайда болуымен байланысты. Холдсворт жауапкершілікті «ашық сынау міндеті» деп анықтайды [33]. Баттни өзінің әлеуметтанулық есеп беру зерттеуінде «сипаттамаларды өзгерту және проблемалық оқиғаларды шешу үшін қолданылатын сұхбатқа» назар аударады. Баттни басқа әлеуметтанушылар сияқты, проблемалық жағдайдан туындаған әлеуметтік алшақтықты жою әрекеті ретінде сұхбатқа көбірек қызығушылық танытады. Есеп беру сынға ашық, іс-әрекеттердегі мүмкін болатын жағымсыз бағалауларға қарсы тұруға тырысумен байланысты. Баттни атап өткендей: «қателік жасау және әрекеттері үшін жауап беру кез-келген тұлғаға, маманға тән жағдай» [34].

Бұл есеп беру мен жауапкершілік арасындағы маңызды байланысты көрсетеді. Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік ұтымды таңдау жасау мен шешім қабылдай алуды білдіреді. Яғни, кез-келген адам, маман өз іс-әрекеттері үшін «жауап беруі» керек.

Кейбір зерттеушілер есеп беру мен жауапкершілікті синоним ретінде қарастырса [35], басқалары бұл терминдерді бір мағынада қолданады [36]. Фэйрбэйрн жауапкершіліктің төрт мағынасын тізімдейді, олардың біреуі ғана «жауап беру қабілетімен» бірдей мағынаны білдіреді. Біріншісі іс-әрекеттердің жай-күйіне байланысты. Мысалы, біреу «жазатайым оқиға үшін жауап береді» десек, оның апатқа себеп болғаны туралы айтылуы мүмкін. Жауапкершіліктің тағы бір мәні – біреудің алдындағы немесе бір нәрсе үшін жауапкершілік. Сондай-ақ, «жауапкершілік» сөзін адамның мінез-құлқын немесе іс-әрекетін сипаттау үшін де қолдануға болады. Мысалы, «ол өзін жауапкершілікпен ұстады», өйткені ол өзіне сенімді болды. Осы үш қолданыстың ешқайсысында «жауапкершілік» сөзінің мағынасын өзгертпестен «есеп беру» сөзімен алмастыруға болмайды. Жауапкершіліктің соңғы мәні – бұл әрекеттерді түсіндіру немесе ақтау міндеті, яғни есеп беру. Осылайша, есеп беру «жауапкершілік» ұғымы мағыналарының бірі ғана, бірақ әрқашан оның синонимі бола бермейді [37].

Әлеуметтік қызметкердің кәсіби құндылықтарының негізгілері жауапкершілік пен есеп беру, әдетте, келесі терминдермен байланысты:

– Техникалық жауапкершілік: қандай жұмыс істейтіні (дәлелге негізделген тәжірибе) және қалай жасау керектігі туралы жалпы қабылданған білім мен дағдыларға сілтеме жасау (мысалы, тәуекелді бағалау).

– Процедуралық есеп беру: қалай әрекет ету керектігі туралы ережелер немесе хаттамалар жиынтығына сілтеме жасау.

– Басшылардың жауапкершілігі: аға менеджердің бұйрықтарына немесе өтініштеріне сілтеме жасайды.

– Этикалық жауапкершілік: дұрыс немесе бұрыс нәрсеге қатысты қабылданған құндылықтарға сілтеме жасау. Олар жеке, кәсіби немесе басым қоғамдық құндылықтар болуы мүмкін.

Росситер және басқалар әлеуметтік жұмыстың саяси және этикалық контекстін сыни тұрғыдан түсінуді дамытудың маңызды бөлігі ретінде «этикалық талқылаудың» ерекшелігін атап өткен [38]. МакНами мен Герген қарым-қатынас жауапкершілігін келесідей сипаттаған: «жағымсыз оқиғалар үшін жеке адамдар жауап беретін жауапкершілік түрі, ол кейде қарым-қатынасқа кері әсер етуі мүмкін» [39]. Әлеуметтік қызметкерлердің өз арасында да, қызметкерлер мен қызмет пайдаланушылары арасында да адал және ашық диалог пен жауапкершілікті бөлудің маңыздылығы әлеуметтік жұмыстың негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Қызмет тұтынушысымен қарым-қатынаста ашықтыққа басты назар аударылады. Бұл қызметкер билігінің басым болуын мойындауды және мүмкіндігінше сол билікті бөлуді білдіреді. Ол үшін қызмет пайдаланушыларына әлеуметтік қызметкердің жұмысқа не үшін қатысатынын, оның өкілеттіктері қандай екенін және қандай жағдай орын алуы мүмкін екенін нақты түсіндіру қажет. Бұл қызмет пайдаланушыларының пікірлерін тыңдау, олардың өмірі, мәдениеті мен жеке басы туралы ақпаратты жинау, оларға түсінікті тілмен жауап беру және жағымсыз жағдайларға қарсы тұруға ұмтылуды қамтамасыз етеді. Жоғарыда айтылғандай, қызмет тұтынушыларымен қарым-қатынастың бұл тәсілі клиенттерді қолдау, олардың әл-ауқатын арттыру және әлеуметтік әділеттілік үшін қызмет жасайтын әлеуметтік жұмыстың қабылданған жалпы құндылықтарын көрсетеді.

Жауапкершілікті проблемалық жағдайлармен, сын-ескертпелермен және айыптаулармен байланыстыру қорғаныс тәжірибесіне және тәуекелге барғысы келмеуге әкелуі мүмкін. Бұл дегеніміз, кәсіби жауапкершілікке (қызмет тұтынушысына) аз көңіл бөліп, қоғамдық жауапкершілікке (жұмыс берушіге, жалпы қоғамға) көбірек назар аударуға алып келуі мүмкін. Сыни практика қызмет тұтынушысымен қарым-қатынастың маңыздылығына қайта назар аударуды, ықтимал қақтығыстар мен өкілеттіктерді мойындауды және адалдықты қабылдауды, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс агенттіктерінің ұйымдастырушылық мәдениетін жеке адамнан ұжымдық жауапкершілікке ауыстыру арқылы өзгертуге ұмтылуды қамтиды.

Нәтижелер

Кәсіби құндылықтар мамандықтың ерекше мақсаттарын білдіреді. Осылайша, әр кәсіпте қызметкерлер білуі тиіс ерекше құндылықтар жүйесі бар деп болжауға болады.

Бұл құндылықтар жиынтығы мамандыққа қатысушылардың жеке құндылықтарының барлық жиынтығын қамтымауы мүмкін. Кәсіби құндылықтар жеке құндылықтардың көбісін қамти бермейтін құндылықтардың ерекше жиынтығы болып табылады. Құндылықтардың бұл жиынтығы адами құндылықтардың барлық спектрін емес, белгілі бір мамандандырылған рөлді көрсететін нақты және қысқартылған түрі болып келеді. Кәсіби рөлге қатысты құндылықтар қоғам құндылықтары массивінде анықталады.

Сондықтан әлеуметтік жұмыс мамандарының жеке құндылықтары олардың әлеуметтік қызметкер кәсібінің құндылықтары туралы идеяларынан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Жеке құндылықтар жеке тұлғаға әсер еткен барлық әлеуметтену процестерінің көрінісі болып табылады. Ал, кәсіби құндылықтар белгілі бір рөлді орындау үшін әлеуметтенуді көрсетеді.

Әлеуметтік қызметкерлер үшін маңызды жеке және кәсіби құндылықтарға ойын ашық айту және өзін-өзі бағалау жатады. Әлеуметтік қызметкерлер өздерін қабылдаушы адамдар деп санайды. Олар өздерінің кәсіби қызметінде ойын ашық айту мен қабылдаудың маңыздылығын атап өтеді. Сондай-ақ, олар өзін-өзі позитивті тұжырымдау кәсіби және жеке тұрғыдан да маңызды деп біледі.

Кәсіби құндылықтардың қажеттілігі, оның базасындағы айырмашылықтарды қабылдауға басты назар аударуды талап етеді. Әлеуметтік жұмыс әр адамның өзіндік қадір-қасиеті мен құндылығын және әлеуметтік әділеттілік пен адам құқықтарын қорғауды қолдайды. Әлеуметтік жұмыстың құндылық базасы қызметкерлерге кәсіби әрекеттерін орындауға мүмкіндік беретін берік негіз бола отырып, оларды басқарады. Мәдени хабардарлық пен сезімталдық әлеуметтік қызметкерлер үшін мәдени және адами әртүрлілікті қамтамасыз етуде өте маңызды болып келеді. Ол үшін жан-жақты білімі бар және эмпатияға қабілетті мамандар қажет. Олар әр адамды шын жүректен тең деп қабылдауы тиіс. Кәсіби құндылықтар өте маңызды, өйткені олар әлеуметтік қызметкерлерді өздерінің алалаушылықтарынан және жеке құндылықтарды бағалау құралы ретінде пайдаланудан сақтандырады. Бұл адамның қоғамдағы қадір-қасиеті мен құндылығын болжайтын осы кәсіппен айналысудың жалғыз жолы. Әртүрлі қызмет пайдаланушыларымен жұмыс істеу кезінде жеке құндылықтарға қарсы тұру үшін әлеуметтік жұмыс бойынша оқыту өзін-өзі тануға және өзін-өзі реттеуге бағытталуы керек.

Қорытынды

Әлеуметтік қызметкерлерді жалпы халықтан ажырататын жеке құндылықтар кәсіби құндылықтар ретінде жоғары бағаланған құндылықтар арасынан табылмауы мүмкін. Керісінше, әлеуметтік қызметкерлер жалпы халықтан ерекшеленеді. Себебі, олар тұлғааралық және қызмет көрсету құндылықтарына басты назар аударады. Өзге мамандармен салыстырғанда, әлеуметтік қызметкерлер махаббат, сүйіспеншілік, көмек және шынайы достық сияқты құндылықтарды жоғары бағалайды. Әлеуметтік қызметкерлер басқа мамандармен салыстырғанда бүкіл әлемдегі бейбітшілік немесе қоршаған орта мәселелеріне көп көңіл бөледі. Бұл тұжырымдамалар әлеуметтік жұмыс

мамандығын таңдаған адамның қарым-қатынасты жоғары бағалайтынын, қызмет көрсетуге бағдарланғанын, өзін ашық және жақсы білетінін көрсетеді.

Әлеуметтік қызметкерлердің жеке құндылықтары оларды басқа адамдардан ерекшелендіреді, бірақ олар мамандық құндылықтарының көрінісі болмауы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Assembly N.D. Code of ethics of the national association of social workers. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.socialworkers.org/About/Ethics/Code-of-Ethics> (жүгінген күні: 22.08.2023)
2. Perry R. Factors influencing MSW students' interest in clinical practice //Journal of Teaching in Social Work. – 2009. – Vol. 29. – №. 1. – P. 47-70
3. Hall N. International federation of social workers (IFSW). Encyclopedia of Social Work. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.ifsw.org/> (жүгінген күні: 18.08.2023)
4. Campanini A., Lombard A. International Association of Schools of Social Work (IASSW): Promoting environmental and community sustainability //International Social Work. – 2018. – Vol. 61. – №. 4. – P. 486-489
5. Adams R. et al. Social work futures: Crossing boundaries, transforming practice // (No Title). – 2005. – Vol. 26. – P. 342
6. Kuçuradi İ. Human rights: concepts and problems. – LIT Verlag Münster, 2013. – T. 7. – P. 12-15
7. Specht H., Courtney M. E. Unfaithful angels: How social work has abandoned its mission. – Simon and Schuster, 1995. – P. 209
8. Jacobson W. B. Beyond therapy: Bringing social work back to human services reform //Social work. – 2001. – Vol. 46. – №. 1. – P. 51-61
9. Epple D. M. Inter and intra professional social work differences: Social works challenge //Clinical Social Work Journal. – 2007. – Vol. 35. – P. 267-276
10. Doelker R. Education and values: Does Social Work education acculturate future professionals // Social Perspectives. – 1977. – Vol. 4. – №. 2. – P. 1-4
11. Banks S. Ethics and values in social work. – Bloomsbury Publishing, 2020. – P. 220-221
12. Reamer F. Social work values and ethics. – Columbia University Press, 2018. – P. 78-81
13. Timms N. Social work values: An enquiry. – Routledge, 2018. – P. 64-65
14. McLeod D.L., Meyer H.J. A study of the values of social workers //Behavioral science for social workers. – 1967. – Vol. 8. – P. 401-416
15. Koeske G.F., Crouse M.A. Liberalism-conservatism in samples of social work students and professionals //Social Service Review. – 1981. – Vol. 55. – №. 2. – P. 193-205
16. Varley B.K. Are social workers dedicated to service? //Social Work. – 1966. – Vol. 11. – №. 2. – P. 84-91
17. Varley B.K. Social work values: Changes in value commitments of students from admission to MSW graduation //Journal of Education for Social Work. – 1968. – Vol. 4. – №. 2. – P. 67-76
18. Brown M. J. Social work values in a developing country //Social Work. – 1970. – Vol. 15. – №. 1. – P. 107-112
19. Judah E.H. Values: The uncertain component in social work //Journal of Education for Social Work. – 1979. – Vol. 15. – №. 2. – P. 79-86

20. Meinert R.G. Values in social work called dysfunctional myth //Journal of Social Welfare. – 1980. – Vol. 6. – №. 3. – P. 5-16
21. Putney N.M., Bengtson V.L. Socialization and the family revisited //Advances in Life Course Research. – 2002. – Vol. 7. – P. 165-194
22. Barsky A.E. Ethics and values in social work: An integrated approach for a comprehensive curriculum. – Oxford University Press, 2019. – P. 311-312
23. Rokeach M. Understanding human values. – Simon and Schuster, 2008
24. Barsky A.E. Ethics and values in social work: An integrated approach for a comprehensive curriculum. – Oxford University Press, 2019. – P. 322
25. Horner W.C., Whitbeck L.B. Personal versus professional values in social work: A methodological note //Journal of Social Service Research. – 1991. – Vol. 14. – №. 1-2. – P. 21-43
26. Kuçuradi I. The Question of ‘Universality versus Particularity?’In the Light of Epistemological Knowledge of Norms // Ontology studies. – 2010. – Vol. 11. – P. 9-20
27. Prinsloo R.C.E. Social Work Values and Principles: Students' Experiences in intervention with Children and Youths in Detention //Journal of Social Work Practice. – 2014. – Vol. 28. – №. 4. – P. 445-460
28. Caza B.B., Creary S. 13. The construction of professional identity //Perspectives on contemporary professional work: Challenges and experiences. – 2016. – T. 259. – P. 259-285
29. Thompson N. Understanding social work: Preparing for practice. – Bloomsbury Publishing, 2020. – P. 132-134
30. Ferguson I. Reclaiming social work: Challenging neo-liberalism and promoting social justice. – Sage, 2007. – P. 37-38
31. Banks S., Ferguson I., Lavalette M. Reclaiming social work ethics: Challenging the new public management //Ethics. – 2014. – Vol. 20. – №. 2. – P. 1-23
32. Reid T. Essays on the Active Powers of Man: By Thomas Reid. – John Bell, and GGJ & J. Robinson, London, 1788. – №. 2. – P. 69-76
33. Holdsworth D. Accountability: the obligation to lay oneself open to criticism // Ethics and the professions. Aldershot, Avebury. – 1994. – Vol. 16. – P. 58-87
34. Buttny R. Social Accountability in Communication, London: Sage – 1993. – P. 187.
35. Clark C.L. with Asquith S. Social Work and Social Philosophy: A Guide for Practice. – 1985. – P. 58
36. Clark C.L. Social work ethics: Politics, principles and practice. – Basingstoke: Macmillan, 2000. – P. 369
37. Fairbairns Z. Benefits. – Five Leaves, 2012
38. Rossiter A., Prilleltensky I., Walsh-Bowers R. A postmodern perspective on professional ethics in Fawcett B, Featherstone, Fook J and Rossiter A eds Practice and research in social work: postmodern feminist perspectives. – 2000. – P. 86-89
39. McNamee S., Gergen K.J. Relational responsibility: Resources for sustainable dialogue. – Sage, 1999. – P. 100-102

С.С. Нурланова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Профессиональные ценности социального работника

Аннотация. Изучение профессиональных ценностей социального работника в настоящее время является одной из актуальных проблем. В статье проведен качественный анализ зарубежной литературы XX-XXI веков для сравнительного анализа особенностей профессиональных ценностей социального работника и его отличий от личностных ценностей, характера профессиональных ценностей, ответственности и подотчетности, ценностных ориентаций социального работника. Развитие социально-эмоциональных навыков социальных работников, усвоение и укрепление необходимых этических, эстетических и эмоциональных ценностей относятся к важнейшим мероприятиям в этой области. В ходе данного исследования было выявлено следующее: особое значение придается формированию желаемых поведенческих, личностных и профессиональных ценностей в соответствии с профессиональными стандартами опыта социальной работы; на сегодня научных работ в области изучения и понимания эмоциональной составляющей и ценностей социального работника недостаточно; исследования ценностей социальных работников подразделяются на две категории: исследования, связанные с ценностями социальных работников и социализацией социальных работников с профессиональными ценностями; важные профессиональные ценности социального работника включают уважение основных прав человека, чувство социальной ответственности, уважение свободы, поддержку, стремление к самоопределению. Целью данной работы является изучение научной литературы для определения ролей и ценностей, принятыми специалистами по социальной работе. Объектом исследования является совокупность профессиональных ценностей социального работника.

Ключевые слова: социальный работник, профессиональные ценности, институциональные ценности, ответственность, этика, подотчетность.

S.S. Nurlanova

Kazakh National University named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Professional values of a social worker

Abstract. The study of professional values of a social worker is currently one of the topical problems. In the article qualitative analysis of foreign literature of XX-XXI centuries is carried out for comparative analysis of features of professional values of a social worker and its differences from personal values, nature of professional values, responsibility and accountability, value orientations of a social worker. The development of social-emotional skills of social workers, assimilation and strengthening of necessary ethical, aesthetic and emotional values are among the most important activities in this field. This study revealed the following: special importance is given to the formation of desired behavioral, personal, and professional values in accordance with professional standards of social work experience; to date,

scientific works in the field of studying and understanding the emotional component and values of a social worker are insufficient; studies of social workers' values are divided into two categories: studies related to the values of social workers and social workers' socialization with the profession of social work. The purpose of this paper is to study the scientific literature to determine the roles and values adopted by social work professionals. The object of the study is a set of professional values of a social worker.

Keywords: social worker, professional values, institutional values, responsibility, ethics, accountability.

Автор туралы мәлімет:

Нурланова С.С. – Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 1 курс докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби, 71, 050040, Алматы, Қазақстан

Nurlanova S.S. – doctoral student of the 1-nd year of specialty “Social Work” of the Department of Sociology and Social Work, Al-Farabi Kazakh National University, 71, Al-Farabi Avenue, 050040, Almaty, Kazakhstan.



XҒТАР 04.51.35
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-410-427>

Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты: мәртебесі және даму перспективалары

К.А. Мухамбетова*¹, С. Кожей², Д.О. Досмурзаева¹, И.С. Мухамбетова¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Ян Кохановский атындағы Кельц Университеті, Кельц, Польша

*Байланыс үшін автор: k.mukhambetova74@gmail.com

Андатпа. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл немесе омбудсмен адам құқықтарын қорғаудың күрделі көп деңгейлі жүйесіндегі маңызды тұлға. Әрбір мемлекет адам құқықтарын қорғауға міндеттеме алады және ол үшін тиісті заңдар мен институционалды құрылымдарды, соның ішінде ұлттық құқық қорғау мекемелерін қалыптастырады. Әдетте ұлттық құқық қорғау институттары адам құқықтарын ілгерілету және қорғау жөніндегі мемлекеттік құрылымдар ретінде анықталады. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының ұлттық құқық қорғау мекемесінің жеке моделі ретіндегі қызметі 1993 жылғы Париж қағидаттарында белгіленген нормаларға негізделген. Париж қағидаттары ұлттық құқық қорғау мекемелерінің әртүрлілігін ескере отырып, олардың жұмыс стандарттарын белгілеген құжатқа айналды.

Қазақстан Республикасы адам құқықтары мәселелерін қозғайтын көптеген халықаралық шарттарға қосылды. Осы келісімдер шеңберінде міндеттемелерді іске асыру жөніндегі маңызды қадамның бірі 2002 жылы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл немесе омбудсмен институтын құру болды. Ол өз құзыреті шегінде адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына және олардың қалпына келтірілуіне бақылау жасауға уәкілетті лауазымды тұлға. Оның қызметі адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғаудың қолданыстағы жүйесін толықтырады.

Мақалада Қазақстан Республикасы омбудсмен институтының ерекшеліктері қарастырылып, оның халықаралық стандарттарға сәйкестігі талданып, оны одан әрі дамыту бағыттары айқындалды. Авторлар зерттеудің жалпы ғылыми және әлеуметтанулық әдістерін, атап айтқанда құжаттарды талдау және эксперттік сауалнаманы қолданды. Жұмыстың мақсаты Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкілетті әлеуметтік институтын зерттеу, оның қызметінің ерекшеліктері мен перспективаларын анықтау. Зерттеу барысында ғылыми жарияланымдар, халықаралық эксперттердің ресми баяндамалары, ұлттық баяндамалар, сонымен қатар қызметі адам құқықтарын қорғауға және жүзеге асыруға бағытталған халықаралық ұйымдардың шолулары қолданылды.

Түйін сөздер: құқық қорғау мекемелері, институт, адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Париж қағидалары.

Кіріспе

Құқықтық демократиялық мемлекетте адам құқықтарын құрметтеу және қорғау принципі іргелі қағидалардың бірі болғанымен, құқық қорғау институттарының қызметі әлеуметтану ғылымының назарына жиі түсе бермейді. Қазіргі таңда адам құқықтарын қорғау саясаты халықаралық құқық қорғау ұйымдарының, ұлттық құқық қорғау мекемелерінің (ҰҚҚМ), үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың тетіктерін іске асыра отырып, халықаралық және ұлттық деңгейде іске асырылады. Ұлттық деңгейдегі барлық ҰҚҚМ арасында адам құқықтары институттарының жеке немесе тіпті дербес үлгісі болып табылатын омбудсмен немесе адам құқықтары жөніндегі уәкіл (АҚУ) институтына ерекше орын беріледі. Бұл үлгі үлкен аппараттың қатысуымен процестерді формализациялау мен жекешелендіруді болдырмау әрекеті деп санауға болады.

АҚУ мемлекет пен қоғам арасындағы делдал ретінде әрекет етеді, сонымен қатар адам құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы халықаралық ұйымдармен өзара әрекетті қамтамасыз етеді. Джонс пен Эпперсон (Johns&Epperson, 2022) айтқандай, омбудсмен болу «саяси желілердің мина алаңында алға басу» кезінде қоғамдық мүдделерді қорғауды білдіреді [1]. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының тарихы XVIII ғасырда Швециядан басталады, ал басқа елдердің мемлекеттік құрылымдарында омбудсмендердің пайда болуы тек екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана орын алды. Осылайша, жергілікті лауазымдық бірліктен әлемдік тәжірибеге дейінгі жол өте ұзақ болды.

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде түрме, университет, корпоративті, әскери омбудсмендер жұмыс істейді, сонымен қатар балалар омбудсмен институты кеңінен таралуда. 1967 жылы АҚШ алғаш рет газет омбудсменін немесе қоғамдық редакторды (Ferrucci, 2019) жалдады, ол журналист пен аудитория арасындағы алшақтықты жоюға арналған, аудиторияға жаңалықтар шығарылымына әсер етуге мүмкіндік беріп, редакторларға оқырмандардың қай журналистиканы көбірек бағалайтынын түсінуге көмектеседі [2, б. 289].

Жалпы, адам құқықтарын насихаттаумен және қорғаумен айналысатын ұлттық мекемелердің тиімділігі мәселесін түсіну салыстырмалы түрде жақында, оның ішінде ҰҚҚМ институтының жастығына байланысты басталады. Оның мәртебесі туралы көптеген жылдар бойы жүргізілген пікірталастар 1993 жылы ұлттық құқық қорғау құрылымдарының сенімділігін, тәуелсіздігін және тиімділігін талдауға арналған халықаралық стандарттар жиынтығын - Париж қағидаларын әзірлеу және қабылдаумен аяқталды. Бүгінгі күні жүзден астам елде ҰҚҚМ құрылды, олардың 85-тен астамы Париж қағидаларына толық сәйкестігін растады (Glusac, 2022). Зерттеушілердің пікірінше, соңғы 20 жылда адам құқықтарын қорғауға және көтермелеуге уәкілеттік берілген тәуелсіз ұлттық институттар адам құқықтарының жаһандық құрылысын өзгертті, олар аймақтық деңгейде де, БҰҰ деңгейінде де мемлекеттердегі адам құқықтарының жағдайын талқылауда өздерін таптырмас сұхбаттасушылар ретінде көрсетті [3, б. 286].

Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі халықаралық келісімдерді орындау жөніндегі міндеттемелердің бір бөлігі ретінде омбудсмен лауазымы 2002 жылы құрылды. Қоғамның мүдделері мен қажеттіліктері ҰҚҚМ мүмкіндіктерінен асып түсетін АҚУ-

дің адам құқықтары жөніндегі қызметінің идеалды үлгісі мен қолданыстағы тәжірибе арасында қазіргі кезеңде айырмашылықтар болады деп күтілуде. Бұл тақырыпты зерттеу омбудсмен институтының дамуына әсер ететін әлеуметтік процестердің динамикасын ескере отырып, кешенді келісімді қажет етеді. Тақырыптың өзектілігі де құқық қорғау қызметін дамыту перспективаларын анықтау және Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының тиімділігін арттыру қажеттілігімен байланысты.

Бұл жұмыстың мақсаты – Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл әлеуметтік институтын зерттеу, оның қызметінің ерекшеліктері мен перспективаларын анықтау. Ғылыми зерттеу объектісі Қазақстандағы ұлттық құқық қорғау мекемелерінің жүйесі. Зерттеудің пәні адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесінің бөлігі ретінде адам құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл институтының қалыптасуы мен дамуы.

Материалдар мен әдістер

Ұсынылған ғылыми әдістерді таңдау осы зерттеудің белгіленген мақсаты мен міндеттеріне, сондай-ақ оның объектісі мен пәніне негізделген. Жалпы ғылыми әдістерді пайдалана отырып, қалыптасқан әлеуметтік фактілер мен құбылыстар типологиялық принцип бойынша жүйеленді, Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының басқа елдердегі ұқсас құрылымдарға қатысты дамуында жалпы және айрықша белгілер орнықты, реформалар процесінің омбудсмен институтының дамуына және оның құқық қорғау тетіктерінің бөлігі ретіндегі тиімділігін арттыруға ықпалы анықталды.

Құжаттарды талдау әдісін қолдану Қазақстандағы АҚУ институтының қалыптасуы мен дамуына әсер еткен негізгі әлеуметтік фактілер мен тенденцияларды белгілеуге мүмкіндік берді. Талдау жасалған құжаттардың ішінде тәуелсіз сарапшылар, Венеция комиссиясының және Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар комитеті мамандарының есептерін бөліп көрсетеміз. Бұл әдісті қолдану ұлттық құқық қорғау институттары жүйесіндегі омбудсмен институтының қызмет ету ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, осы зерттеу аясында эксперттік сауалнама әдісі қолданылды, оған заңгерлік практика, қоғамдық қызмет, ғылыми ортаның, құқық қорғау ұйымдарының мемлекеттік қызмет саласына қатысты 20 маман қатысты. Сауалнама 2021 жылдың қаңтар-наурыз айларында онлайн ақпараттық бюллетень арқылы ұйымдастырылды. Сарапшылардың бір бөлігі сауалнамаға толық анонимділік пен құпиялылық шарттары сақталған жағдайда ғана қатысуға келісімдерін берген. Сарапшыларды таңдаудың негізгі критерийі құзыреттілік деңгейі, сонымен қатар зерттеуге қатысуға келісім беру болды.

Деректерді жинау құралы жартылай стандартталған гайд немесе 9 сұрақтан тұратын сауалнама болды. Сұрақтар ашық пікір алу, ұстанымдарды нақтылау және бағалауды негіздеу мүмкіндігіне сай құрастырылды. Сарапшылар Қазақстандағы омбудсмен институты қызметі Париж қағидаларының ережелеріне сәйкестігін бағалауы тиіс болды: қызметті заңнамалық қамтамасыз ету; институционалдық құрылым; Қазақстан Республикасындағы АҚУ құқықтық мәртебесі; омбудсмен институтының толыққанды

жұмыс істеуін қамтамасыз ету; ҰҚҚМ мәртебесін айқындайтын қолданыстағы заңнамада орын алған кемшіліктер; Қазақстанда Париж қағидаларын іске асыру үшін заңнамалық базаны жетілдіру шаралары; Париж қағидаларына сәйкес Қазақстандағы құқық қорғау қызметінің институционалдық құрылымын дамыту.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдарды зерделеу ХХ ғасырдың аяғынан бастап онжылдықта теориялық түсінуді қажет ететін жеткілікті эмпириялық материал жинақталғанын, сондай-ақ ҰҚҚМ қызметінің тиімділігі мен олардың жекелеген түрлері саласында жаңа мәселелер қойылғанын айтуға мүмкіндік береді. Зерттеулердің негізгі бөлігі адам құқықтары теориясы контексіндегі адам құқықтары қызметінің жалпы мәселелеріне де, адам құқықтарын қамтамасыз ету тәжірибесімен және ұлттық құқық қорғау институттарының қызметімен байланысты нақты проблемаларға да қатысты.

Қазақстандық ғалымдар арасында ұлттық құқық қорғау мекемелеріне адам құқықтарын қорғаудың халықаралық жүйесінің бөлігі ретінде қарастыратын Д.Отарованы (Отаров, 2021) атаймыз. Оны дамытудың басты бағыттарының бірі отандық заңнаманы жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттарына сәйкестендіру болуы тиіс. Зерттеушінің бағалауы бойынша реформаларды жүргізудегі негізгі күш әділ сот пен құқықтық стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында сот жүйесіне бағытталуы керек. Осылайша, Қазақстан алдында танылған құқықтық стандарттарды қолдау үшін адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық нормаларды одан әрі интеграциялау міндеті тұр [4].

Құқықтанушы С. Қаржаубаев (Қаржаубаев, 2022) Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын одан әрі реформалау қажеттігіне назар аударады. Ол АҚУ-дың тиімді жұмыс істеуі үшін шешуі қажет бірнеше проблемаларды анықтады: құқықтық мәртебені нығайту, заң шығару бастамасы құқығын, омбудсменнің мемлекеттік ұйымдарға ұсынымдары мен өтініштерін міндетті түрде есепке алу, баспасөзбен және азаматтық қоғаммен өзара іс-әрекетті күшейту [5].

Зерттеушілер А.Қанатов пен М.Шәкенов (Қанатов, Шәкенов, 2022) 2021 жылы заңнаманың өзгеруіне байланысты АҚУ институтының қызметіне талдау жүргізді. Олардың бағалауы бойынша, өзгерістердің бірінші кезеңі адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін сапалы дамыту процесімен байланысты. Олар заңдардағы бірқатар жаңа және ескі нормалардың сәйкес келмеуіне байланысты заңнаманы одан әрі нақтылау қажеттілігін атап өтті [6].

Адам құқықтары жөніндегі қызметтің жекелеген бағыттары зерттеушілердің еңбектерінде де омбудсменнің рөлі талданған. Осылайша, Г.Көбегенова мен Б.Ахметова (Kobegenova, Akhmetova, 2023) бұл тақырыпты Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау контексінде зерттеп, сонымен қатар осы институттың тәуелсіздігі және оған заңнамалық бастама беру қажеттілігі сияқты АҚУ мәртебесінің қазіргі проблемаларына назар аударды. Қорытындылай келе, олар әлеуметтік саясатты жақсарту қажеттілігі мемлекеттік басымдыққа айналуы керек деп белгіледі [7].

Америкалық зерттеуші Терзьян (Terzyan, 2022) жалпы Орталық Азия елдері үшін адам құқықтарын қорғаудың әртүрлі аспектілерін қарастырады. Ол, әсіресе, ұлттық және діни азшылықтардың құқықтарына, сондай-ақ COVID-19 пандемиясы жағдайында жекелеген топтардың бостандықтарына шектеулерге қатысты омбудсменнің тәуелсіздігі мен функцияларының толықтығы мәселелерін атап өтті [8]. Эксперт Дюнэй (Dunay, 2022) Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) мен Орталық Азия мемлекеттерінің өзара әрекеттесу мәселесін зерттейді. Ол Қазақстан адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының осы қатынастардағы пассивті рөлін атап өтті, алайда, заңға сәйкес омбудсменнің функциялары талданған жоқ және оларды нақты мүмкіндіктермен салыстырмады [9].

Қазақстан мен Ұлыбританияның адам құқықтарын қорғау жүйелерінің салыстырмалы зерттеулері омбудсмен қызметінің тиімділігі құқықтық тетіктерді жетілдіру мен заңнамалық нормалардың бірізділігіне байланысты екенін көрсетеді (Castellino et al., 2020). Сонымен қатар, әр елде омбудсмен институтының жұмыс істеуі құқықтық жүйенің ерекшеліктері мен дәстүрлеріне байланысты өзіндік айырмашылықтары бар [10].

Адам саудасы проблемасына арналған А.Хамзина, Э. Бөрібаев және К. Сартаеваның (Khamzina, Buribayev&Sartayeva, 2022) ғылыми жарияланымында Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі туралы қоғамда ақпараттың жоқтығына назар аударылады [11]. Сарапшылар да Қазақстанда еңбек қатынастарында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мәселесі бар екенін мойындайды (Khamzina et al., 2021), бірақ олардың пікірінше, АҚУ бұған жеткілікті көңіл бөлмейді. Ең жиі кездесетін бұзушылықтар-гендерлік кемсітушілік, жалақы теңсіздігі, кәсіби мүмкіндіктердің шектелуі [12].

Бірқатар жұмыстар Қазақстан мен халықаралық құқық қорғау ұйымдары арасындағы ынтымақтастық мәселелеріне арналған. Сонымен, О' Нейл және Приммиано (O' Neill&Primiano, 2023) бағалауларына сәйкес, Қазақстанның адам құқықтарын қорғау саласындағы ұйымдармен ынтымақтастығы халықаралық деңгейде республиканың оң имиджін қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі [13]. Осы мәселені жалғастыра отырып, сарапшы Йылдыз (Yildiz, 2022) Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы қарым-қатынастарды дамыту үшін адам құқықтарын қорғау саласындағы динамиканың оң маңыздылығын атап өтеді [14].

Радниц (Radnitz, 2022) ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы байланыстарды қалыптастыру контекстінде Грузия мен Қазақстандағы құқық қорғау қызметінің дамуына назар аударады. Оның пікірінше, омбудсмен бұл процестерде делдал рөлін атқарады [15]. АҚУ тиімділігі мен функционалдығын қамтамасыз ету сыртқы қауіптерге төзімді тұрақты құқықтық қоғам құру мүдделеріне қызмет етеді.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі Уәкіл институтын қалыптастыру адам құқықтары тұжырымдамасын ұлттық заңнамаға енгізумен байланысты. Тәуелсіздік жағдайында қазақстандық құқықтық жүйе мемлекет қол қойған міндеттемелерге

сәйкес халықаралық құқықтың ережелерін белсенді бейімдеді, сонымен қатар басқа елдердің оң тәжірибесі қайта жаңартылды. Заңнамадағы реформалардың маңызды нәтижелерінің бірі адам құқықтары мен бостандықтарына қатысты ережелерді белгілеген 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы болды. Бұл мемлекеттің табиғи құқықтарды өзінің құқықтық жүйесіне енгізгенін білдіреді. Қазақстан Республикасы Конституциясының тоқсан сегіз бабының отыздан астамы адам құқықтарын көрсетеді. Сонымен қатар, адам құқықтарын конституциялық бекіту оларды ұлттық заңнамада қолдау мен қорғауды қамтамасыз етеді.

Адам құқықтарын сақтау, қорғау және іске асыру жөніндегі міндеттерді іске асыру нақты мемлекеттің жауапкершілігі. Адам құқықтарын құрметтеу үкіметті халықаралық шарттың ережелерін қатаң сақтауға бағыттайды. Адам құқықтарын қорғау заңнамалық, сот, әкімшілік тетіктер мен құралдарды құруды және құқықтарды іске асыру жөніндегі міндеттемелер «тиімді ұлттық жүзеге асыру» терминімен белгіленген шараларды талап етеді. Мұндағы басты мәселелердің бірі - мемлекетішілік соттан тыс және нормадан тыс құқық қорғау тетіктері туралы мәселе. Идеал модельді іздеу ұлттық құқық қорғау мекемелері сияқты адам құқықтарын ілгерілету және оларды қорғау жөніндегі мемлекеттік құрылымдарда өз көрінісін тапты [16, бб. 5,13].

Ұлттық құқық қорғау мекемелері мемлекеттік жүйенің бөлігі және онда нақты белгіленген рөлге ие. Олардың қызметкерлері лауазымына тағайындалған мемлекеттік қызметшілер. Қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылады. Мемлекеттік ұйымдарға тиесілі болғанымен, ұлттық құқық қорғау мекемелері биліктің ешбір тармағына жатпайды. Құқық қорғау функциясы конституциялық немесе заң шығарушылық мандат негізінде белгіленеді. Ұлттық құқық қорғау мекемелері жұмыс істеуінің тарихи ерекшеліктері мен практикасы парламентке өз жұмысының нәтижелері туралы есеп беретіндей қалыптасты. Бір қызығы, олардың бағалау объектісі адам құқықтарының бұзылуына жол берген мемлекеттік ұйымдар болуы мүмкін.

Тәуелсіз құқық қорғау институттарының қалыптасу процестерін зерттеуде В.В. Чуксина (Чуксина, 2016) посткеңестік кеңістікте алғаш рет президенттер жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссиялар құрылып, оларды мемлекеттік-қоғамдық құрылымдарға жатқызғанын атап өткен [17, б. 29]. Мысал ретінде Қазақстан, Армения, Түркіменстан және Қырғызстан көрсетілген. Омбудсмендерге немесе адам құқықтары жөніндегі уәкілдерге келетін болсақ, бұл институттың қалыптасуы әртүрлі болды: бұл олардың қызмет шеңберін белгілейтін нормативтік-құқықтық базаның ерекшеліктеріне де, институттандыру процестерінің бағытына да қатысты. Ресейде, Әзірбайжанда, Украинада және Қырғызстанда омбудсмен мәртебесі конституциялық тұрғыдан бекітілді, Армения мен Өзбекстан оны бастапқыда заңға енгізді, содан кейін Конституцияға өзгерістер енгізілді. Қазақстанда омбудсмен мәртебесін белгілеу мен реттеуге Президенттің жарлықтары негіз болады.

Әлемдік тәжірибедегі омбудсмен институттарының қызметіне шолу жасай отырып, Ж. Айтмұқашұлы (Айтмұқашұлы, 2012) ТМД елдеріндегі омбудсмендер қызметінің заңнамалық базасы халықаралық стандарттарға сәйкес келетініне қарамастан, бұл институт функционалдық деңгейде өтпелі типтегі мемлекеттерде бірден тамыр

жайған жоқ деген қорытындыға келеді [18, б. 301]. Тарихта мұндай дәстүрдің болмауы, статистикалық саяси мәдениет пен патерналистік көзқарастардың тұрақтылығы, авторитаризмге деген міндеттеме, құқықтық сана мен өзін-өзі танудың төмен деңгейі, билікті бөлу принципін жүзеге асырудағы қиындықтар сияқты факторлар рөл атқарды.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі № 947 Жарлығымен енгізілді; 2002 жылғы 10 желтоқсанда АҚУ қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету, сондай-ақ ағартушылық қызметті қолдау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің № 992 Жарлығымен Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық құрылды.

ҚР-дағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адамның құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылау және оларды өзінің заңды құзыреті шегінде қалпына келтіру өкілеттіктері бар ресми тұлға мәртебесіне ие. Омбудсменнің қызметі құқықтарды сақтау мен қорғаудың қазіргі мемлекеттік жүйесін толықтыруға бағытталған. Ол өзінің кәсіби қызметінде басқа мемлекеттік ұйымдардың араласуынан тәуелсіз қызмет атқарады. Омбудсменнің еркіндігі оның саяси бейтараптығы, қызметтік міндеттерін атқару кезінде ешбір партияның немесе қоғамдық ұйымның жұмысына қатыспауы арқылы да жүзеге асырылады. АҚУ қызметінде болу мерзімі 5 жылды құрайды. Омбудсменнің кандидатурасы Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша ұсынылады, бірақ оны Парламент Сенаты сайлайды. Бұл лауазымға үміткерге қойылатын міндетті шарт – Қазақстан Республикасының азаматтығы, заңгерлік немесе гуманитарлық ғылымдар саласындағы жоғары білім, адам құқықтары саласында немесе заңгерлік қызметте 3 және одан да көп жыл жұмыс өтілі.

Бастапқыда Қазақстандағы АҚУ моделінде атқарушы және парламенттік омбудсмен элементтерінің үйлесімі байқалды [6, б. 156]. Үкімет немесе ел президенті тағайындайтын атқарушы омбудсмен сәйкесінше үкіметке немесе президентке есеп береді. Парламенттік омбудсмен заң шығарушы биліктің құрылымына кіреді, оны парламент сайлайды және оған есеп береді. Бұл омбудсмен парламенттік бақылау ұйымы ретінде әрекет ететін, кең өкілеттіктерге және жеткілікті автономия мен тәуелсіздікке ие болатын ең кең таралған формасы. Қазақстандық модельде АҚУ кандидатурасын парламент палаталарының белгілі комитеттерімен келісу қажет болды.

Сондай-ақ, омбудсмен институты құрылған сәттен бастап оның мәртебесі толық емес құқықтық бекітілу жағдайында жұмыс істеді, оған тиісті конституциялық норманың болмауы себеп болды. Омбудсменнің қызметін заңнамалық қамтамасыз етуді жетілдіру шеңберінде «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 10 наурызда Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Сенаттың айрықша құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен 5 жыл мерзімге қызметке сайлау және Қазақстан Республикадағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қызметінен босату туралы нормамен толықтырылды (ҚР Конституциясы, 55 бап, 1-1 тармақша). Осылайша, АҚУ-дің конституциялық мәртебесі, сондай-ақ парламенттік үлгіге ауысу үрдісі күшейе түсті.

Қазақстандық омбудсмен келесідей өкілеттіктерге ие: өз қызметінің бағыттары бойынша ақпаратты сұратады, адам құқықтарының жағдайын бақылау үшін

мекемелерге барады; маңызды жағдайларда Қазақстан Республикасының Президентіне, Парламентіне және Үкіметіне жүгінеді; республиканың түкпір-түкпірінен келген өтініштерді талдайды (сонымен қатар өзінің ресми сайты да пайдалана отырып); ұсыныстар әзірлейді және оларды мемлекеттік ұйымдарға жолдайды; азаматтық сектормен және халықаралық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істейді; өз қызметін жария түрде жүзеге асырады және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды; адам құқықтарына қатысты заң жобаларын дайындауға қатысады; жеке өтініштермен жұмыс істейді; адам құқықтарын бұзу жағдайларын тексеру бойынша бастаманы көтереді.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қадағалауынан Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттары, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Конституциялық Кеңес, Бас Прокурор, Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасының соттары босатылады. Жалпы алғанда, омбудсмен институтының функциялары мен өкілеттіктерінің жиынтығы құқық қорғау қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес келеді және негізгі міндеттерді шешуге құқылы.

Мәртебесі мен функциялары бойынша ұқсас омбудсмен институттары ұлттық деңгейде құқық қорғау институтын ұйымдастырудың ең кең тараған нысан ретінде әлемнің көптеген елдерінде бар. Роман-герман құқықтық жүйесі елдерінде адам құқықтарының сақталуын бақылау саласындағы омбудсмен институтының кейбір функциялары мен өкілеттіктері прокуратураның қадағалау қызметімен сәйкес келуі мүмкін. Англо-саксондық құқықтық жүйе елдерінде АҚУ қызметі мен өкілеттіктері арнайы заң қабылдау және бұрыннан бар ұйымдардың функцияларын айқындау арқылы белгіленді.

Сонымен, Ұлыбританияда омбудсмен институтының басқа елдердегідей біріктірілген Конституцияда бекітілген мәртебесі жоқ, бірақ оның адам құқықтарын қорғау қызметі 1215 жылғы Ұлы хартия, 1679 жылғы Хабеас корпусының актісі, 1998 жылғы Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенция сияқты конституциялық актілерге сүйенеді [10, б. 67]. Континентальды Еуропа елдерінде омбудсмен институтының мәртебесі мен функциялары негізінен конституцияларда және заңнамалық деңгейде бекітілген. Сонымен, адам құқықтары жөніндегі омбудсменнің құқықтық мәртебесі құқықтық жүйенің ерекшеліктеріне, қалыптасқан тарихи дәстүрлерге, мемлекеттік ұйымдардың жағдайына және олардың өкілеттіктерінің деңгейіне байланысты.

Париж қағидаттары ҰҚҚМ қатысты плюрализм мен тәуелсіздік кепілдіктерін сақтауды талап етеді. Плюрализм қағидаты ұлттық құқық қорғау мекемесінің өкілдерін тағайындау құрамы мен тәртібіне әсер етеді: құқық қорғау қызметіне қатысушы әр түрлі субъектілердің: ҮЕҰ, кәсіподақтар, университет топтары мен сараптамалық қоғамдастық, парламент, үкіметтік ұйымдар өкілдерінің (кеңесшілер ретінде) өкілдігіне кепілдік беретін рәсімдер іске асырылуы тиіс. Ұлттық мекеме жұмысына әйелдердің қатысуын қамтамасыз ету маңызды. Бұл талап ҰҚҚМ қызметкерлерінің штатына да қатысты, ол қоғамдағы әлеуметтік күштердің әр алуандығын да көрсетуі тиіс [19].

ҰҚҚМ құрамының плюрализмін әртүрлі тәсілдермен: уақыт өте келе (құрамы өзгеруі мүмкін), консультативтік кеңестер арқылы, кең ынтымақтастық арқылы, білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобалар арқылы қамтамасыз етуге болады. Қағидаларда

ұлттық мекеменің инфрақұрылымы жұмыстың тиімді істеуін қамтамасыз ету керек екені туралы атап көрсетілген. Бұл қаржыландыру мәселелеріне де қатысты. ҰҚҚМ өзінің кеңсесі және қызметкерлер құрамы болуы керек. Бұл оған үкіметтен дербес жұмыс істеуге және қаржылық бақылаудан босатуға мүмкіндік береді.

Тәуелсіздік заңдық дербестік (ҰҚҚМ-нің жеке құқықтық субъектісінің болуы), функционалды (күнделікті қызметтің өзіндік ережелері мен рәсімдерін әзірлеудегі тәуелсіздік) және қаржылық (мандатты толыққанды іске асыру үшін өз қаражатының болуы) дербестік арқылы қамтамасыз етіледі [16, б. 39-42].

Тәуелсіздік қағидатын іске асырудың маңызды тармағы – қызметкерлерді тағайындау және босату мүмкіндігі, ҰҚҚМ қызметкерлерін тағайындау рәсімдерінің, мерзімдері мен өлшемдерінің ашықтығы мен анықтығы. Бұл мән-жайлар құрылтай заңнамасында тіркелуге тиіс. Артықшылықтар мен қарсылық беру талабы да осы қағидаға бағынады. БҰҰ БА аккредиттеу жөніндегі кіші комитеті (ПКА) ұлттық құқық қорғау мекемесінің мүшелері өздерінің ресми сапасында жасаған іс-әрекеттеріне байланысты азаматтық және қылмыстық-құқықтық талқылаудан қарсылық беруді пайдалануы тиіс деп түсіндіреді. Мекеме мүшелері мен қызметкерлеріне қол сұғылмау керек [16, б. 43].

Мекеменің жұмыс әдістері мәселелердің еркін шешілуін және қажет болған жағдайда билік ұйымдарына, қоғамға, бұқаралық ақпарат құралдарына, тәуелсіз құқық қорғау ұйымдарына жүгіну мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Қосымша ретінде, бірақ міндетті емес, ұлттық құқық қорғау мекемесі квази-соттық өкілеттіктері бар комиссиялар құра алады, олардың шешімдері жеке тұлғалардың өтініші бойынша заңды күшке ие (Париж қағидалары, 1993). Париж қағидаттарына түсініктеме беретін әдістемелік әдебиеттерде дәстүрлі соттармен салыстырғанда квази-соттық өкілеттіктер берілген мекемелер тиімдірек және қолжетімді (формалдылықтың аздығына, төлем талаптарының болмауына байланысты) екені көрсетілген. Есептер түрінде ұсынылған тергеу нәтижелері сотқа берілуі мүмкін.

ҰҚҚМ-ның Париж қағидаттарының ережелеріне сәйкестігі негізінде БҰҰ БА аккредиттеу жөніндегі кіші комитеті осы институттарға келесі мәртебелерді береді: Париж қағидаттарына толық сәйкес келген жағдайда «А» мәртебесі; Париж қағидаттарына толық сәйкес келмеген жағдайда немесе мұндай шешім қабылдау үшін жеткілікті құжаттама ұсынбаған жағдайда «В» мәртебесі; ҰҚҚМ Париж қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда «С» мәртебесі. Мәртебе 5 жыл мерзімге беріледі, осы кезең аяқталғаннан кейін мәртебе қайта қаралады. «А» мәртебесі бар ҰҚҚМ БҰҰ Адам құқықтары бойынша Кеңестің жұмысына өз бетінше қатысуға құқылы. «В» мәртебесі бар ҰҚҚМ мұндай құқық берілмегенімен, олардың БҰҰ ұйымдарымен байланысуға және параллель баяндамалар ұсынуға мүмкіндігі бар.

ҚР-дағы АҚУ «В» мәртебесіне ие, БҰҰ экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар комитетінің есебінде көрсетілген Қазақстанның ұлттық құқық қорғау мекемесін халықаралық аккредиттеу деректері омбудсмен институтының Париж қағидаттарына толық сәйкес келмейтінін айғақтайды. Комитет институттың аталған қағидаттарға сәйкестігін және экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды қорғау саласындағы тиімді қызметті қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар

қабылдауды ұсынды. Жақсарту бойынша ұсыныстарға дербестікті қамтамасыз ету және оның штатын кеңейту мүмкіндігімен комиссар институтын жеткілікті қаржыландыру кіреді [20, б. 2].

Қазақстанның Адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерінің жай-күйі туралы есеп жүргізген бельгиялық «Acquis EU Law and Policy» фирмасының (Acquis EU Law and Policy, 2021) тәуелсіз сарапшылар тобы да уәкіл институтының Париж қағидаттарына толық сәйкес келмейтініне назар аударды [21]. Атап айтқанда, омбудсмен институтының қалыптасу кезеңінде туындаған кемшіліктер мен қайшылықтарға байланысты уәкіл жұмысының жекелеген аспектілері сынға ұшырайды. Дәл осы қалыптасу кезеңінде оның рөлі мен құрылымындағы сындарлы кемшіліктер қаланды, олар қазіргі уақытта толық көрінеді. Олардың ішінде сарапшылар құқықтық базаның жетілмегендігін, конституциялық құқық тұрғысынан уәкілдің мәртебесінің анық еместігін, адам құқықтарының бұзылуының айқын жағдайлары анықталған кезде лауазымды адамдарға әсер ету тетіктерінің жоқтығын, мемлекеттік ұйымдар мен омбудсмен арасындағы өзара іс-қимыл тәсілдерінің әзірленбегенін, қаралған өтініштер бойынша шешімдердің орындалуын бақылаудың мүмкін еместігін, заңнамалық бастаманың жоқтығын атап өтеді.
